


**Аман Жанғожин
Ермағамбет Лұқпанов**

**ҚАЗЫНАЛЫ
ҚАРАШАҢЫРАҚ**



**Аман Жанғожин
Ермағамбет Лұқпанов**

**Қазыналы
қарашаңырақ**

Қарағанды
Болашақ-Баспа, 2004

А.Жанғожин, Е.Лұқпанов. Қазыналы қарашаңырақ.
— Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004. — 146 б.

Пікір жазғандар:

Д.ШАЙМҰХАНОВ,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ә.ЖҰМАСҰЛТАНОВ,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Л.МИХЕЕВА,

облыстық мұрағаттың құжаттарды пайдалану
және жарияланым бөлімінің меңгерушісі

ISBN 9965-674-67-1

Қаланың 70 жылдық торқалы тойына арналған кітапта Қазақстан индустриясының жүрегі — Қарағанды қаласының дамуы мен көмір кенішінің игерілуі тарихи очерктер тұрғысында баяндалады. Авторлары — белгілі журналистер мерзімді баспасөз материалдары, мұрағат құжаттары негізінде, әрі оқиға ортасында жүріп, қала шежіресінің елеулі кезеңдерін әңгіме етеді.

Кітап өңірдің тарихы қызықтыратын қалың оқырманға арналған.

ISBN 9965-674-67-1

© А.Жанғожин, Е.Лұқпанов

© Қарағанды маңызды білім беретін

“Болашақ” институты

“Болашақ-Баспа” РББ

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРАШАҢҰРАҚ

Арқаның кіндігі — Қарағанды

Қарағанды өзінің мол жерасты байлығының арқасында өмірге келіп, есімі тараған қала. Ол оңтүстігінде Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, батысында — Ақтебе, Қостанай, солтүстігінде — Ақмола, солтүстік-шығысында — Павлодар, шығысында — Шығыс Қазақстан облыстарымен шектесетін Қарағанды облысының орталығы. Қарағанды өңірі — алып Сарыарқаның неғұрлым қыратты келген орталық бөлігін қамтиды. «Рельефі шоқыаралық ойпаңдармен, құрғақ өзен аңғарларымен, жыра-сайларды қуалап, жер бетіне шығып жатқан көлшік суларымен, тұйық ойыстарымен, кел қазан-шұңқырларымен күрделеніп отырады («Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы, 10 бет).

Арқа жерінің ауа-райы құбылмалы. Ол әлімсақтан белгілі жай. Сондықтан да болар бұл өңірді кезінде жаздың аптап ыстығы мен қыстың ызғары мол суығына тетеп беретін жергілікті тұрғындар ғана мекендеген. Кешегі Кеңестік кезеңде осы аймақ елге жөксұрын көрініп, билік басындағыларға жақпағандарды, немесе басбұзарлық жасағандарды жер аударып, қамауда ұстаған құрсауға айналды. Қарағандының экономикасы жағынан хабары жоқтар болса, оны қанды шеңгел Карлаг ретінде біліп жатады.

Иә, Қарағанды өңірін қатал табиғатқа төзімді, небір қиындықтан тайсалмай өткендер ғана мекен ете алады. Ал жергілікті халықтың орны бір бөлек. Олар осы табиғат аясында сан ғасырлар бойы тұрып, оның ыстығына да, суығына да көндігіп, алған. Ғылыми еңбектерде Қарағанды өңірінің ауа-райы былай баяндалады: «Климаты тым континенттік және қуаң. Шуақты

күндердің ұзақтығы жылына 2300-2400 сағат, оның ең жоғарғы мәні шілде айына келеді». Арқа жеріне Сібірдің бет қаритын аязы, оңтүстіктің шыжыған ыстығы таңсық емес. Бұл еңірде ең төменгі температура қыстың күні 45 52°C дейін жетеді екен. Жазда температураның ең жоғарғы мөлшері 40 $^{\circ}\text{C}$ болады. Міне, осы жағдайда қысқы 30 $^{\circ}\text{C}$ -тан асқанда оған қосылатын ызғырық желді қоссаңыз, күннің суықтығы Сібірдің құрғақ аязын артта қалдырып, еселей арта түседі. Міне, осындай қатаң табиғат аясында өмір сүру үшін төзімділік, табандылық, әрі жергілікті климатқа икемдеу қажет. Жаз күндері апталап емес, айлап бір тамшы жауын тамбай қоятын кездері де, болмаса бірнеше күн қатарынан толассыз ақ жауын себелеп тұратын шағы да болады.

Алайда табиғаттың осындай қаталдығын аймақтың жерасты мол байлығына деген қызығушылық жеңе білді. Аймақ далалық өңірлерге тән бай өсімдік дүниесімен де ерекшеленеді. Қарағанды өңірінде 78 тұқымдасқа жататын гүлді өсімліктің 850 түрі кездеседі. Соның ішінде астра тұқымдасына 121 түр, астық тұқымдасына 63 түр, бұршақ тұқымдасына 62 түр, алабұталар тұқымдасына 60 түр кіреді. Қазіргі Қарағанды өңірінде бұршақтар тұқымына жататын қабағы сарғылт-сұр түсті, жапырақтары кезектесіп ескен, гүлдері дара немесе шоқ-шоқ болып көлетін қараған мол болған. Сондықтан да Арқаның бел ортасындағы жас өндірісті қаланың атауы да Қарағанды деген атқа ие болған. Жалпы Қарағанды қаласының белгі, таңбасында сонау жылдары ең даланы еркін кезіп, қоныстанған суырдың, бертініректегі таңбасында жер қойнауының кен кетеретін көпірдің белгісі бейнеленіпті, біздің ойымызша Қарағанды таңбасында алдымен қараған өсімдігі болуы керек еді. Ол тек осы атаудың қала есіміне берілгенін ғана аңдатпайды, сонымен бірге баршаны өзімізді қоршаған өсімдіктер дүниесін, жалпы экологиямызды қорғауға үндар еді.

Өңірдің жануарлар дүниесі де әрқилы. Облыс аумағында сүт қоректілердің 60-қа жуық, құстардың 200-дей, бауырмен қорғалаушылардың 10, қос мекенділердің 4, балықтардың 20 түрі кездеседі екен. ¹ Өкінішке қарай, аймақ экономикасының қарыштай дамуы, жалғыз Қарағанды қаласы ғана емес, онымен серіктес Теміртау, Шахтинск, Абай, Саран тәрізді қалалардың өмірге келуінен осы Қарағанды маңындағы жасыл же-

лөк пен жануарлар дүниесінің құрып кетуіне өкеліп соқты. Қазір алыс еңір болмаса Қарағанды маңы балықтан да, түрлі жануарлардан да ада. Бұрынғы белуардан келетін көк шалғын, арнасынан асып, көктемде төңіректегі елді уркітетін асау Нұра, шағын да болса маңайын жасыл желекке бөлейтін Соқыр, Көкпекті мен Бұқла тәрізді тағы да бірнеше ірілі-ұсақ өзен-сулар тартылып, суы болған күнде де кішігірім жылғаға ұқсап қалған жағдайы бар.

Мұндайда халық «Алмақтың да салмағы бар» дейді. Арқа төсінде қалың елді шоғырландырған алып қала өмірге келгенімен, оның қоршаған ортаға, экологияға тигізген өзіндік залалының болғанын жоққа шығаруға болмайды. Солай десек те Қарағандыдан қаланың бой көтеріп, тұрғызылуы ХІХ-ХХ ғасыр ғаламатының бірі, қазақ даласының игерілуінің осындағы өркенді индустрияның дамып, өндірістің өсуінің, бұйығы тұрмыстық жаңа сипат алып, әлемдік көшке қол соза ұмтылуының керінісі деу керек.

Көмір арқылы Қарағанды өмірге келді. Сол арқылы дамыды, өсті, өркендеді. Қазақстанның индустрия орталығына айналды. Тек өндіріс қана дамып қоймай, мәдениет пен өнердің өсуіне де игі ықпал өтті. Білім беру, денсаулық салалары дамыды. Бүгінгі Қарағанды өркениетті қай өңірмен болсын төрөзесін теңестіре алатын, аса ірі орталық саналады.

Қарағанды – жас қала. Бұл күнде ортамызда жүрген аға буын екілдері алып қаланы туғызуға, оны дамытып, өркендетуге бел шеше атсалысты. Олардың естеліктері қарағандылық жастарға үлгі-енеге етуге әбден тұрарлық.

Қарағанды шежіресін аға буын ез қолымен жасаса, тарихы онымен бірге еріліп, облыстық басылымдарда күнбе күн жазылып отырды. Қала тарихын қаузаласа адам архивтерді ақтармай-ақ газет қиындыларын парақтаса Қарағандының жыл емес ай, апта санап өскенінің куегері болады. Мерзімдік басылымдармен бірге Қарағанды тарихы ғалым-тарихшыларымыздың, елке танушылардың жекелеген еңбектерінде де кең қамтылды. Одан қалды қазақ және орыс тілдерінде 90 жылдары жарық көрген «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы да қаланың шежіресі. Қарағанды туралы деректі шығармалар шоғырында А.Воейковтың «Город солнечного камня» (баспадан екі рет басылып шықты), ғалым ағаларымыз

Ө.Малыбаев, Н.Дауылбаев, Т.Мұстафиндердің Қарағанды көмір бассейнінің, профессор Д.Шаймұхановтың Қазақстан Магниткасының тарихына арнаған еңбектері, ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының жинағы, ұзақ жылдар облыста басшылық қызмет атқарған профессор С.Досмағамбетовтың Орталық Қазақстан өңіріне арналған кең ауқымды еңбегі, қланың 70 жылдығы қасаңындағы жарық көрген В.Могильницкий мен Ғ.Мұқашевтің деректі очерктер жинағы² тәрізді, тек орыс тілінде жарық көрген еңбектердің болғанын айту керек. Қолдарыңызға ұсынылып отырған тарихи очерк Қарағанды шежіресі туралы ана тілімізде жарық керіп отырған тұңғыш еңбек.

Негізі бұл кітап өлке тарихын танып білгісі келген ана тілімізде оқитын студент жастар мен мектеп оқушыларына көмекші құрал ретінде ұсынылып отыр.

250 сомға сатылған тоқымдай жер

Қарағанды тарихын өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан ғана бастап шиырлағанымызбен Сарыарқаның нақ төріндегі осы қазыналы өңірдің тарихтың терең қойнауына кететін езіндік мол шежіресі бар. Егер де жер асты кемір байлығы талай ұрпаққа жетерлік, оның қоры миллиардтаған тонна екен деп болжам жасасақ, адамзат баласының осы өңірді қоныстана бастаған сонау бір кезіне дейін, бұдан миллиондаған жылдар бұрын аймақтың қалың жынысты орман болғанын топшылар едік.

Біз қазақ жерінің тарихын кешегі Ұлы Октябрден кейін ғана басталған деп ұғынып келдік. Тіпті бала кезімізде билік большевиктерге тигенше бұл аймақта алғашқы қауымдық құрылыстағыдай жартылай жалаңаш адамдар мекендеген деп те ойлаушы едік. Оның бәрі қызыл империяның шашбауын көтеріп, бар жақсылық, игілік атаулы коммунистер арқылы келді дегенді саналарға сыналап еңгізудің нәтижесі болатын.

Пайымдай қарап, парқына үңілсек, қазан төңкерісіне дейін қазақтың сайын даласында да халық көдімгідей қал-қадірінше өмір сүрген екен. Сарыарқа төсі қайысқан қалың малмен тұнып тұрған, айнадай айдын көлдер, буырқанған өзендер, сылдыр-



С.Қалмаханов. «Аппақ Байжанов».

лай аққан бұлақтар даланың құт-берекесі еді. Бұрынғылардың айтуынша өлке өндірістендірілгенше, тың кетерілгенше даланың шөбі атты адамның белуарына дейін келген екен.

Қарағанды аймағын мекендеген қалың ел жер астынан шығып жататын тас көмірдің қасиетін ертеден білген. Кейбір жазы ыстық жылдарда жер бетіне шығып қалған қап-қара тас түйіршектері күннің қызуынан бықсып жанып жататын болған. Жергілікті тұрғындар оның қызуының күштілігін біліп, өздерінің күнделікті тұрмысында пайдаланған. Солай десек, те тарихта Қарағанды көмір кенішін алғаш ашушы ретінде Апақ Байжановтың есімі қалды. Ауыздан ауызға, кітаптан кітапқа көшіп келе жатқан дерек «қой соңындағы Апақ бала 1833 жылы Нұра өзенінің оңтүстікке қарай Қарағандыбасы деген жерінен таскөмір кесектерін тапты» дегенді жеткізеді. Сөйтіп, Қарағанды қазынасы туралы сөз қозғалса алдымен бала Апақтың есімі

ауызға алынады. Иен далада көшіп-қонып жүрген байғұстар өзгелер келгенше бауырында жатқан жанатын тасты да білмеген дегеннен де, таскөмірді тұнғыш табушы болып Қарағанды тарихқа Апақ Байжановтың есімінің енгендігіне де шүкіршілік дейміз. Бүгінгі ұрпақ тас көмірді алғаш ашушы Апақ есімін құрмет тұтады. Оның есімінің көніштегі бір шахтаға берілуі, көшенің аталуы, әрі тас мүсінінің орнатылуы бәріміз үшін зор мерей, үлкен мәртебе.

Негізі адам баласы үнемі табиғаттың мол байлығын, жер асты қазыналарын іздеумен өмірді өткізіп келген. Еуропа-лықтардың көзінде тайлы-тұяғы қалмай Колумбтың адасып жүріп тапқан Америка құрылығына үдере көшуі, шамасы жетпегендердің соған аңсары ауып, құмарта, үздіге қарап келуі пенденің байлыққа деген құмарының салдары ғой. Петр патша Ресей үшін Еуропаның есігін ашып, халқы оны мен солын таныған соң-ақ бастапқыда Уралдың иен байлығын өншіледі. Байлыққа бөлшекелерінен батқан сайын арандары ашыла түсіп, мұнайына көз аларта қарауға шамалары жеткен тұста, Туран даласына құмарта бастады. Онсыз да көз түсіп, құмары ауып отырғандарға қазақ елінің орыс патшалығының құрамына енуі зор қуаныш болды. Орыстың ендігі жерде оңтүстік-шығысқа кеулей өнуіне даңғыл жол ашылды. Бастапқыда земломерлері, одан соң кедей-көпшіктері келіп бай даланың шұрайлы жерлерін бауырларына басты. Ұлы Қытай, Орта Азия елдерімен арадағы шекараны нығайтамыз деген желеумен сулы, нулы өңірлерге бекіністер орнады. Шұбырып әскерлері жетті. Бас сұғып алған соң іздерін басып көсіпкерлері де анысым аңдып, жағдайды бажайлауға кірісті. Қазақ даласының, әсіресе, Сарыарқаның өне бойы тұнған жер асты байлығы екендігін аңғару қиындық келтірмеді. Себебі бұл кезде Еуропа ғылымы жер бетінің құбылысы мен ерекшеліктеріне орай оның астында нендей қазба байлықтың барын болжауға болатын дәрежеде еді. Ендігі қажеті сол қазынананың мөлшері, қоры қанша соны білу болды. Көзі ашық орыстың инженер-геологтары осы аймаққа арнайы саяхатқа жөнелтіле бастады. Он тоғызыншы ғасырда энергияның басты көзі ретінде таскөмір қарастырылған. Сондықтан да көмір шын мәнісінде «қара алтынмен» теңестірілді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Петропавл бекетін қоны-

станған кәсіпкер Н. Ушаков Сарыарқаның кіндік тұсына арнайы өкілдерін жібереді. Олар жергілікті жердің табиғатын, халқының салт-дәстүрін, өзен-көлдерін тексеріп, ретіне қарай қағаз бетіне түсіруді мақсат еттік дегенімен де ұзынқұлақ арқылы өздеріне жеткен шашылып жатқан таскөмір туралы сөздің қаншалықты шын, қаншалықты етірік екендігін көзбен көріп, оңтайы келіп жатса есеп-қисабын жасап кету болатын. Жергілікті тұрғындар келгендерді тосырқамай, жылы қабылдады. Жатаған тау сілемдерін қуалай жүріп, тіпті жер астын ұңғыламай-ақ маман-геологтар іннің суырынан шығып жатқан тас көмір үйінділерін керіп, бұл өзі көмір қабаты аса төреңде емес, әрі мейілінше кең аумақты алып жатқан ұлан-ғайыр байлыққа белшесінен батқан берекелі өңір екендігін бірден ұғады. Жедел осы хабар Петропавлдағы жергілікті көпес-кәсіпкерлерге, олар арқылы орталыққа, Санкт-Петербургке жетеді. Олардың ұйғарымы қайткен күнде де осы аймақты өздеріне қаратып алу болды. Жоғары орындар бірден баса көктемей, жергілікті ел билеуші, сөзі ететін адамдардың аузын алу арқылы бейбіт тұрғыда кенді өңірдің өз иелігіне еткізуге баса көңіл бөлді. Сол кезде-ақ орыстың сұңғыла саясатшылары Ресейдің оңтүстік-шығысындағы бай көмір қорының империяның болашағы үшін стратегиялық маңызының үлкен екендігін сөзді. Содан да болар, «алдымен Сарыарқаның бел ортасындағы тұтамдай жерді заңды тұрғыда сатып алу қажет, ал жергілікті халықтың оған қарсылық білдіре қоймасы анық, себебі иен жатқан боз даланың шегі мен шегіне кез жетпейді. Бұратана халықтан оны сутегінге алуға болады». Мәселе төркінін жоғарыдағылар осылайша топшылған. Расында да солардың ойындай болып шықты. Тіпті жергілікті ел орыс көпестері осы жерді қоныстанамыз, игереміз десе де, оларды кеудеден итермес еді. Сейтсе де әліптің артын бағатын, сауысқаннан сақ іскер-көпестер бәрін заң шеңберінде шешті. Соның нәтижесі деу керек, тарихта осы күнгі Қарағанды өңірі аумағынан тоқымдай жердің 250 сомға сатылғаны туралы құжат қалды...

Жат қолында

XIX ғасырдың екінші жартысында «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының далалық аймақтарын басқару жөніндегі уақытша өреже» бойынша Орталық Қазақстан жері Ақмола және Сәбіей облыстарының құрамына өнді. Бұл бұрындары шалғайдан отырып бас-көз болатын әкімшілік биліктің елдің бел ортасына сыналай енгенін көрсетеді. Өңірдің жерасты қазба байлықтарын зерттеу жаппай қолға алынды. Қарағанды басынан тас көмір табылғаннан соң, араға көп уақыт салмай орыс кәсіби С. Попов Берікқара жайлауынан (қазіргі Қарқаралы ауданы) мыс және күміс-қорғасынның мол орнын ашты. Осы және басқа да жайлар шетелдік алпауыттардың Қарағанды өңіріне деген қызығушылығын одан бетер арттырды. Сондықтан 1856 жылдың наурыз айында Петропавл көпесі аймақты жете зерттеп, байлықтың молдығына көз жеткізген соң келер күнді бағдарлай отырып, өндірісші кәсіпестер Рязанов, Зотов және басқалармен бірлесе Қарағанды басындағы көмір табылған аймақты арзан бағаға сатып алады.

Бұл өңірдің атадан балаға мирас өтіп иеленіп келе жатқан қожасы, тарихтан өсімі жақсы танымал Игілік Өтепов болатын. Советтік құрылыс тұсында Игілік байға сол кездің көзқарасы бойынша баға беріліп, оның үстем тап өкілі ретінде танылып келгені анық. Алайда өткендегі көзқарас өзгерген тұста Игілік Өтепов қазақтың іскер адамы, ел билеген тұлға ретінде оң бағасын алды.³

Қалай демеулік, жерді сату-сатып алу туралы шарттың басқа емес, осы Игілік Өтепов пен орыс кәсіпестері арасында жасалуы оның шын мәнісінде осы өңірдің қожасы, иесі, заңды іс-қағаздарға қол қоюға құқығы бар кешелі адам болғанын көрсетеді.

Бәрімізге жақсы белгілі Қарағанды көмір кенін сату туралы акт сақталып, ол бүгінгі күнге жетті. Осы келісім-шартта «...Осы жерді өз еркімен бергені үшін көпес Ушаковтан 250 сом алды және олар да, мирасқорлары да Ушаков пен компаниядан ештеңе талап етпеуге тиіс...» делінген. Жерге иеліктің ресми құжаттары хатталысымен-ақ кәсіпкерлер бірден көмір өндірісін қолға алған. Сол 1856 жылы «Қара забой» деп аталған ашық карьер пайдалануға беріліп, жыл ішінде 116,3 пұт көмір шы-

ғарды. Міне, осы жылды Қарағанды көмір бассейніндегі тұңғыш тас көмір өндіріле бастаған жыл деп есептеп жүрміз. Көмірдің басты энергия кезі болуы өндірістің басқа салаларын дамытуға жол ашты. Тиісті орындардан көпес Н. Ушаков осы төңіректен мыс қорыту зауытын ашуға рұқсат алады. Қарағанды көмір кенішінен 40 шақырым жердегі ол ашқан өндіріс орны – Спасс мыс қорыту зауыды болып тарихта қалды. Оған мыс кені Нілді қойнауындағы Өспен руднигінен жеткізілсе, тас көмір Қарағандыбасындағы ашық карьерден тасылған. Осылайша Қарағанды көмір кеніші циклды өндіріске айналады. Кен де, көмір де Сарыарқадан шығарылып, Спасск зауыды мыс қорытатын болды. Сөйтіп Қарағанды көмір кеніші өндірістің отын базасына айналады.

Сол кездің техникалық жарақтандырылуы, өндірістік қуат, әрі тұтыну қажеттілігінің төмендігінен 1856 жыл мен 1886 жыл аралығында барлығы 302,8 мың тонна ғана көмір өндіріледі.

Бастапқыда өңірді ғылыми тұрғыда зерттеу, көмірді ретімен алу деген болмады. Алпауыттар ең жатқан байлықты жапа тармағай кармап қалуға, жіліктің майлы басын иеленуге тырысты. Ұланғайыр өлкені жалпы Ресей экономикасының құрамдас бөлігіне айналдыру осы өңірдің шексіз байлықтарының жыртықшытықпен талануына әкеліп соқты.

Дегенмен жол қашықтығы, білікті мамандардың болмауы, адам күшінің жетіспеуі, енімнің әлемдік рынокқа шығарылмауы орыс кепестерінің байлыққа белшесінен батуына мүмкіндік бәрмеді. Тіпті кірген кірістен де шығыстары артып, 1886 жылы патша өкіметі Далалық аймақтардағы тау-кен кәсіпорындарын уақытша тоқтатуға шешім алды. Сөйтіп осы өңірге тұңғыш рет өндірістің лебін өкелген, жұмысшы табының алғашқы легін қалыптастыра бастаған Спасск мыс қорыту зауыды мен Өспен руднигі 12 жыл қаңтарылып тұрды.

Кейін орыс кәсіпкерлері осы көнішті жаңғыртып, өндірісті дамытуға талай рет әрекет те жасап көрді. Алайда қаражат тапшылығы, жалпы Ресейдің экономикалық дамуының төмен деңгейі олардың адамын жаздырмады. Орыстар Сарыарқа төсіндегі ең байлықты игере алмайтындықтарын сезді. Бұл жайдан Еуропа алпауыттары да хабардар болатын. Ендігі жерде орыстардың осал тұсын пайдаланып француздар байлығы мол өңірді езіне қаратып алуға ұмтылды. Осы жолда олар сан

Жаңағы.

(Мір Аманжолдан).

Бүгін дүниеге дүркіретініміз үшін
қандай ақпараттың және жұмыстың. Уақыттың
қандай құралымен өзімізден өлетіміз.
Бүгін біздің өзімізден өлетіміз, өзімізден өлетіміз.
Бүгін біздің өзімізден өлетіміз, өзімізден өлетіміз.

Мір Аманжолдан және жұмыстың Аманжолдан
өзімізден өлетіміз, өзімізден өлетіміз. Н. З.

ҚОСТАУЛАР.

Сөздік Мәжіліс Мәжілісінде қолданылатын мақалаларды
Сөздік Мәжіліс Мәжілісінде қолданылатын мақалаларды
Сөздік Мәжіліс Мәжілісінде қолданылатын мақалаларды

Президент Сөздік
Мәжіліс Мәжілісінде

Президент Сөздік
Мәжіліс Мәжілісінде

Секретарь Сөздік

11 март 1918 года
Москва

ғырлану өлеуметтік мәселені бірлесе шешуге мүмкіндік береді.
Тап осы кезде ішкі Ресейде қара табан жұмысшылардың
ереуілі, өз тұрмыстарына, алатын еңбекақылары мен жұмыс
жағдайына деген өкпе-реніші өсіп, оның өзі жаппай
ереуілдерге ұласып жатқан. Сырттан келген жұмысшы маман-
дар ішінде революциялық рухтағы көзі ашық, интернациона-
листер де аз болмады. Солардың бас болуымен алғашқы
кәсіподақтар ұйымдастырыла бастайды.

Аз шығынмен көп пайда табуға ұмтылған өндіріс иелері жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыс жағдайына немқұрайлы қараған. Мұның өзі ішкі наразылықты күшейтіп, алыс болғандығына қарамастан иен дала тесіндегі өндіріс орындарының ішкі Ресейдегі, Оралдағы, тіпті Петербургтегі оқиғалардан, саяси ахуалдан хабардар болуға деген құштарлығын арттырды, тіпті байланыс жасап тұруына да екеліп соғады. Бұл кезде қазақ даласы Ресей патшалығының иелігінде дегені болмаса, ондағы барлық өндіріс орындарын немістер, ағылшындар, француздар қарауына алып, қызығын солар керіп жатқан.

Тарихтан белгілі, Қарағанды өңіріндегі, атап айтқанда, Спасск заводы мен Қарағанды кенішіндегі жұмысшылардың тұңғыш ереуілі 1903 жылдың қараша-желтоқсанында болды. Бұл Ресейдегі пісіп-жетіліп келе жатқан революциялық қозғалыстардың Арқа жеріне жеткен жаңғырығы еді. Ол Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының қарсаңы болатын. Астыртын үйірмелер құрылып, Қарағанды өңірінде де «Шетел интервенттері арамыздан кетсін», «Қара халыққа зорлық-зомбылық керсетілмесін» деген урандар көрініс берді. 1905 жылдың 9 қаңтарындағы қайғылы оқиғалар Еуропа елдері тәрізді қазақ даласын да, оның ішінде тұңғыш жұмысшы табы қалыптаса бастаған Қарағанды өңірін де дүр сілкіндіреді. Патша өкіметіне қарсылық білдірген митингілер мен ереуілдер, бас көтерулер, толқулар көрініс берді. Ол стихиялы емес, белгілі бір түрде ұйымдасқан толқулар еді. Оның басында «Орыс-қырғыз одағы» тұрды. Осы одақ жұмысшылардың саяси белсенділігін, олардың өз құқықтары үшін күресуге деген ынта-жігерін арттыруға үлкен үлес қосады. Одақтың ұйымдастыруымен 1905 жылдың желтоқсанында Өспен руднигінде үлкен ереуіл өтеді. Оның басты ұйымдастырушылары П.Топорнин және Ә.Байшағыров тәрізді азаматтар болған. Егер бұған дейін екпе-наз, реніш, әлеуметтік жағдай төңірегінде ербіп келген болса, енді экономикалық талаптармен қоса саяси мәселелер де алға тартылады. Ереуілге шығушылар жұмысшылардың жиналыстарында бірнеше рет талқылаған петицияны рудник меңгерушісіне тапсырады. Бұл петиция 1906 жылы 5 қаңтарда «Сибирская жизнь» газетінде жарияланды.

Ресейдің далалық аймақпен жақын тұсы саналған Омбыда

РСДРП-ның комитеті жұмыс істеді. Орталық революциялық қозғалыстың бір жермен шектелмей, елді жаппай қамтуына мүдделі болды. РСДРП-ның Омбы комитеті ішкі Ресеймен тығыз байланыста еді. Қазақ даласындағы революциялық төлқулардың өрістеуіне осы комитеттің тигізген ықпалы аз болмады. Оның құрамында қазақтың озық ойлы азаматтары да болды. Олар әсіресе жұмысшы табы қалыптасып қалған Қарағанды, Спасск және Өспен өндіріс орындарындағы жұмысшылар арасындағы үгіт жұмысын жандандыра түсті.

Осы орайда өндіріс орындарының ашылып, халықтың бір жерде топтаса жұмыс істеуі арқасында қазақ пролетариаты қалыптасып, олардың арасынан кезі ашық азаматтардың да молынан шыққанын айту керек. Қарағанды өңірі қазақ халқының көзін ашты, олар күнделікті күйкі тіршілік соңында байланып қалмай, өндіріс жерде өлемдік оқиғалардың бел ортасында болу қажеттілігін ұғына бастады. Саяси жағынан жетілді. Спасск, Қарағанды өндірістері елімізге өсімдері танымал ірі қоғам қайраткерлерін қалыптастырып шығарды. Ол туралы жерлес жазушымыз Ғабиден Мұстафиннің еңбектерінде кеңінен баяндалады.

1917 жылдың көктемінде құрылған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Ақмола советі Қарағанды көнішіндегі және Спасск заводындағы жұмысшы қозғалысына жетекшілік етіп отырды. Патшаның тақтан тайғаны туралы хабарды өңір халқы қуана қарсы алды...

Халық комиссарлар кеңесі 1918 жылғы 11 мамырда Спасск мыс қорыту заводын мемлекет иелігіне алу жөнінде қаулы шығарды. Оған Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В. Ленин және Халық комиссарлар кеңесінің іс басқарушысы В. Бонч-Бруевич қол қойды.

Алайда революция жеңісінің далалық аймақтарға жетуі үшін өлі де көп уақыт қажет еді. Сондықтан да болар, ағылшындар Қарағанды өңіріне 1920 жылға дейін иелік етеді. Қарағанды аймағы тек сол жылдары ғана ақ гвардияшылар мен интервенттердің қолынан босатылған, ағылшын алпауыттары тек осыдан соң ғана Қарағандыдан кетуге мәжбүр болды. Ағылшындардан мирас болып қопарылған және суға толған шахталар мен іске алғысыз басқа да шаруашылықтар қалды. Азамат соғысы жылдарында көмір өндіру мүлдем доғарылып, көмір кеніші 1929 жылға дейін консервацияда тұрды.

Гапеев экспедициясы

Ақ пен қызылдар жан алысып, жан берісіп жатқан күндердің өзінде жаңа екімет өз ретінде ұлан-байтақ елдің жер асты байлықтарын зерттеуді ұмытқан жоқ. Уралдың бергі жағы, Қиыр Шығыс, ең жатқан далалық аймақтарға арнайы геологиялық экспедициялар шығарылды.

СССР Халық Шаруашылығы Бас кеңесінің (ВСНХ) геологиялық комитеті 1920 жылдың басында Далалық аймақтың жерасты қазба байлықтарын зерттеу, тексеру, оның қорын анықтау, әрі ғылыми бағасын беру жөнінде қазақ даласына арнайы геологиялық экспедиция шығарды. Оны басқару сол кездегі Урал тау-кен институтының профессоры, әрі директоры Александр Александрович Гапеевке (1881-1958) жүктелді. Бұл кезде ол елдің Шығыс беткейін геологиялық зерттеумен, алдымен көмір кеніштерін барлауда танымал болған.

Өмірден көргені мен түйгені мол, шебер ұйымдастырушы, өз саласының аса білгірі Александр Александровичтің өнегелі еңбек жолы кімге болсын үлгі етуге тұрарлық еді. Ол ерте жастан революциялық пиғылды бойына сіңіреді. 25 жасында партия мүшесі болып, үстем тап өкілдеріне қарсы наразылығын ашық білдіргендердің бірі болды. 1906 жылы Петербург делегациясы құрамында В. Ленин, А. Луначарский, Е. Стасовпен бірге Стокгольмде өткен РСДРП-ның IV съезіне де қатысқан. Болмысынан геологияға жақын ол жерасты қазба байлықтарын іздестіруісіне ерте араласқан. Сонау 1903 жылы Кузбастағы геологиялық барлауға да қатысады.

1910 жылы Петербургтің тау-кен институтын бітірген А. Гапеев арнайы тапсырма бойынша 1917-18 жылдары-ақ қазақ даласында, соның ішінде Сарыарқадағы Қарағанды өңірінде болады. Оның осы өңірдің мол жерасты қазба байлығы туралы ұғымы сол сапарында-ақ қалыптасады. Ал 1920 жылы оған арнайы геологиялық барлау экспедициясына жетекшілік ету тапсырылғанда ол өзін үлкен болашақ күтіп тұрғанын білді. Гапеев өзінің ғылыми, геологиялық қызметінің мәуелі жемісі Қарағандымен байланысты боларын ұқты.

Жалпы Гапеев экспедициясының мақсаты жалғыз Қарағанды аумағы ғана емес, Оңтүстік-Сібір өңірінен бастау алатын жалпы Арқа алқабын толығымен барлап шығу еді.



Шынында да Гапеевтің бұдан кейінгі бар өмірі Қарағандымен сабақтас болды. Ол сол 1920 жылы басталған геологиялық барлау қызметін өмірінің соңына дейін жалғастырды десе болады.

Егерде сонау күндер сорабына үңіліп Гапеевтің Қарағанды үшін сіңірген еңбегінің маңыздысы не десек мынаны айтуға болады. Бұған дейін Қарағанды туралы өңгіме кетерілгенімен оның тек жергілікті маңызы ғана тілге тиек етілді. Шетелдік алпауыттар болса әр жерден бір жұлып, жерасты байлықтарының мол қыртысын аршып

алуға, яғни мол көнді қармап қалуды ғана ойлады. Әрі олар өздерін осы аймақтың тұрақты қожасы болмасын да білді. Сондықтан да жүйелі жұмыс, ғылыми зерттеу болмады. Осы сөзепті де Қарағанды байлығы туралы пікір әлі де нақтыланбаған, екі ұдай еді. А. Гапеевтің алты адамнан тұратын экспедициясы (құрамында геолог В. Лугутин, әйелі М. Гапеева және үш жұмысшы болды) небары үш аптаның ішінде өңірдің шын мәнісінде мол қазына қоймасы өкөндігіне көз жеткізеді. Сол негізде бұрынғы қалыптасып қалған ұғымды бұзып ресми түрде Қарағанды көнішінің болашағы зор, байлығы мол орын өкөндігін дәлелдейді. Гапеев пен оның әріптестері көмір қыртысының Майқұдықтан Саран және Соқырға дейінгі созылған 25 шақырымдық алабы барын анықтайды, оның 9 көмір қабатынан тұратындығын ғылыми тұрғыда сипаттайды. Таскөмір қорын ғана анықтап қоймай, оның химиялық құрамына да сипаттама береді. Қарағанды көмірінің қоры қанша деген сауалға да алғаш жауап берген Гапеев болатын. Оның жасаған болжамы бойынша сол 1920 жылы-ақ Қарағандыбасы өңіріндегі көмірдің жалпы қоры 4,25 миллиард тонна деп бағаланды. Сол бойынша Гапеев бұрынғы қалыптасқан қасаң қағиданы бұзады, ол Қарағанды көмірі тек Спасск мыс қоры-

ту заводын және жергілікті басқа да мұқтаждарды ғана емес, осы өлкедегі барлық аудандарды энергия көзімен қамтуға, тіпті Оңтүстік Уралдың да шикізат көзі болуға жарайды деген ба- тыл тұжырым жасаған.

Гапеевтің бұл тұжырымдары мен зерттеу еңбегінің қоры- тындысы 1922 жылы жарық көрді.⁴ Солай болса да Орталық 1930 жылға дейін Қарағанды аймағында іздестіру-зерттеу жұмыстарын қолға алмаған. Тиісті орындардың Қарағандыға кеңіл бөлмеуі, оны ірі кен орны ретінде игеруді қолға алмауы Гапеевті қатты алаңдатады. Өзі Мәскеуде жүрген жылдарын- да назарды Қарағандыға аударту бағытында табанды жұмыс жүргізген. Оның талап өтуі және ұсынысы бойынша 1927-1929 жылдары өңірдің алғашқы топографиялық суреттері түсіріліп, картасы жасалды.

Араға кеп уақыт салмай Гапеевтің арманы жүзеге асады. Қарағанды кеніші игеріле бастайды. Кейін белгілі ғалым-гео- лог Қарағандыда сан мәрте болады. Ол Қарағандымен шектеліп қалмай Екібастұз, Ертіс алабын, сонымен қоса Са- рыадыр, Теменсор, Құсмұрын, Ақжар, Бөрілі және Майкүбі көмір кен орындарына сипаттама береді. Сөйтсе де оның аса зер салып, кеңілін бөлгені, әрі жаңына жақын тартқаны Қара- ғанды кеніші болды. 1930 жылдан 1954 жылға дейін Мәскеу геологиялық барлау институтының профессоры болған А.Га- пеев сол жылдары үкіметтің Қарағанды көмір алабын іске қосу, құрылыс салу жөніндегі кеңесшісі болды. Ол СССР көмір кен орындарының қорын бағалау, жіктеу жайындағы 100-ге тарта ғылыми еңбектің авторы десек соның басым бөлігі Қараған- ды кенішіне арналған. Соның бірі 1939 жылы жарыққа шыққан «Қарағанды тас көмір бассейні және оның қоры» атты күрделі еңбек. 1948 жылы геолог-ғалым А.Гапеев қазақстандық әріптестері Г.Кушев, Г.Медоев және алғыр геолог әйел З.Се- меновамен бірге Қарағанды кенішінде жаңа кен орындарын ашуды қамтамасыз еткені үшін СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Жылжыған жылдар Гапеев есімін ұмыттырған жоқ. Қазір қаламызда Гапеев есімімен байланысты мұралар мол. Мәсе- лен облыстық мұражайда А.Гапеевтің өміріне, ғылыми қызметіне қатысты құжаттар мен фотосуреттер біршама. Со- лардың қатарында ғалымның «Қарағанды кен орны» атты 1922

жылы шыққан, жоғарыда аталған тұңғыш еңбек, геологиялық балғасы тәрізді басқа да жөдігерлер сақталған.

Қарағанды көмір кенішінің Гапеев есімімен аталатын көмір қабаты бар. Қаламыздың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі бір кешеге атақты ғалым-геологтың есімі берілген. Күні кешеге дейін Гапеев есімін қарағандылық геологтар да аса құрметпен есте ұстап келді. Орталық Қазақстан Геологиялық өндірістік бірлестігіндегі бір геологиялық барлау экспедициясы Гапеев есімімен аталды.

Қарағанды және Қарағанды кеніші туралы еңгіме болғанда біз СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері профессор Александр Гапеев есімін ауызға алмай өте алмаймыз. Себебі Қарағанды көмір кенішіне ғылыми тұжырымдама берген өңірді зерттеушілердің көш басында Гапеев тұрды.

Көшегі көпін көркем әдебиетте

Қазыналы Қарағанды өңірінің арғы-бергі тарихынан хабары бар адам осы өңірдің революцияға дейінгі тұрмысы ғылыми зерттеулерде емес, көркем әдебиетте мейлінше көп айтылып, терең сипатталатындығын аңғарар еді. Оның да өзіндік себебі бар деп топшылауға болады. Себебі Қарағанды кеніші ашылып, жерасты мол қазба байлықтары игеріле бастағанға дейін бұл өңір көшпелі қазақтың мекен еткен шұрайлы жері болды. Сарыарқа даласын кезінде басып өткен орыс және шетелдік саяхатшылардың еңбектерінде өте сирек кездесетін деректер болмаса климаты тым континенттік және қуаң келетін өңірді түбегейлі зерттеген құнды құжаттардың болмағаны анық. Осы олқылықтың орнын қазақ жазушы қауымы толтырды десе де болады.

Жалпы қазақ әдебиетінің мол қазынасының ішінде Қарағанды өңірінің социалистік кезеңге дейінгі және одан кейінгі жылдары аса бір ыждаһаттылықпен, кең панорамада, эпикалық тұрғыда көркем тілмен өрнектелді. Осы орайда қазақ әдебиетінің тарландары қос Ғабенің еңбектері ұшан-теңіз.

Халық жазушысы, қоғам қайраткері, академик, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің өте бай шығармашылық еңбегінің бір шоғыры Қарағандының өткен еміріне қатысты. Жазушы-

ның 1953 жылы жарық көрген «Оянған елке» романын қалың оқырман жылы қарсы алды. Ол қазыналы Қарағанды өңірі туралы эпикалық шығарманың бірінші кітабы болатын. Араға 31 жыл салып оның жалғасы саналатын «Жат қолында» романы 1984 жылы жарық көрді. Автор осы екі кітабында да революцияға дейінгі Қарағанды өңіріндегі халықтың тұрмыс-салтын, еңбегін, ел билеген жуандардың әрекеттері мен елім, жерім деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген ұлтжанды азаматтардың арман-мақсаттарын қазақ жұмысшы табының қалыптасуын көркем тілмен, нанымды бейнелейді. Жазушының бұл шығармасының кейіпкерлері ойдан шығарылғандар емес, шын мәнісінде осы аймақта өмір сүріп, оның алдағы тағдырына аяды-кепті өзіндік ықпалын тигізген жандар болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қарағанды өңірінің ғаламдық өркениетпен тоғысу шағы болды. Сары даланың төсіндегі қазынаның хабары сымсыз телефон арқылы орыстарға жетіп, одан өрі Европаны жайлап кетті. Жол қашықтығына қарамастан Сарыарқа төсіне оқымыстылар, орыс және шетел инженерлері бірен-саран болса да келе бастады. Бұл жағдай жер қайыстырған малға ие болып отырған Арқаның бай-маннаптарын да шапшаң ширатты. Олардың дүниеге деген көзқарасы өзгерді. Ендігі жерде қазақ байлары да нарық заңын ұғына бастайды. Мәселен, Ғабит Мүсірепов соңғы романында Қызылжардан оралған Игілік байдың жай-күйін былайша баяндайды: «... Енді есептеп қараса мұның байлығы Ушаковтың сарапқа түскен жарнасына әрең жетеді өкен. Бес мың жылқы жиырма бес сомнан жүз жиырма бес мың болады да тұрады. Оның ар жағында жалғыз тайың қалмайды. Ушаковтың бір Қарағандыдағы жарнасы жүз жиырма бес мыңға сатылды ғой! Ушаков тағы да он-он бес жерде жарнасы бар адам! Игілік бес мың жылқыны байлық санап отыра беріпті. Мұнысы бір жұттық емес пе!».⁵

Жұмыр жердің қай пұшпағын мекен етпесін әр адам өлемдік дамудан, ондағы болып жатқан сан қилы оқиғадан бейтарап қала алмайды. Өмірде біреуді біреу есіркеу, елеу деген жоқ. Кім ақылды, кім іскер, кім қалталы, кім күшті — билік соның қолында. Саналы адамның осыны ұққаны ләзім. Міне, «Жат қолында» романында пәуескеге мінген үш адамды Қарағанды — Ақбұйрат бағытына бастап келе жатқан Кенжеғара

Балғарин қонақтармен таныса келе бұлұш адамның бірі француз президентінің баласы Клод Эрнст Карно мырзаның инженер, екіншісінің белгілі Рязанов мырзаның өкілі адвокат Людвиг Федорович фон-Штейн, үшінші жолаушының орыс инженері Николай Павлович Касаткин екенін біліп, өзінің небері семинарист екендігіне қомсынады. Әңгімелерін тыңдай келсе Клод Эрнст Карно мырза Америка, Африка, Арабияны кеп аралаған адам екен. Міне, темір жолдан, теңіз жолынан мыңдаған шақырым қашықтағы Қарағанды өңіріне оларды әкелген де байлыққа деген қызығушылық еді.

Ғабен өз шығармаларында қазақтың қарабайыр тұрмысы мен балаң ойының тың үрдіске ұмтылуына сырттан келушілердің қаншалықты ықпалы болғандығын да шынайы баяндайды. Қарағанды көніші осы өңірді мекен етушілердің дүниеге деген көзін ашты.

Қарағандының революцияға дейінгі өмірі дегенде жерлесіміз, халық жазушысы, қоғам қайраткері, ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғабиден Мұстафин өсімін ілтипатпен өске аламыз. Оның «Қарағанды» (1952), (Даяуылдан кейін» (1960) романдары мен «Кез көрген» (1963) өмірбаяндық романында көңді өңірдің көшегісі мейлінше толық баяндалады. Ғабиден Мұстафин осы өңірдің тумасы, ол Қарағанды көнішін, Спасск мыс қорыту заводын қолдан тұрғызған еңбек адамдарының ортасында өмір сүрді, олардың қуанышы мен күйінішінің куәсі болды. Өзі де солармен бірге тыныстап, аймақтағы өзгерістерді бірге түйсінді. Сондықтан да Ғабиден Мұстафин Қарағандының еткен күндері, ондағы шахтерлердің өмірі, қазақ ауылындағы социалистік өзгерістер, Спасск мыс қорыту заводы, Нілді кәсіпорындарындағы ауыр еңбек туралы еркін кесіліп, аса зор шабытпен жазады. Кез алдымызға Қарағандының көшегісін елестетеді. Өзінің «Кез көргенінде» жазғандағыдай ол барлық оқиғаның бел ортасында жүреді. Ғабиденнің кейіпкерлері де біздің өмірде болған нақты адамдар, автор олардың шахтадағы ауыр жұмысын, мыс қорыту заводындағы бейнәтін ғана бейнелеп қоймай осы қарапайым еңбек адамдарының болашаққа деген сенімін де нақты жеткізеді.

Жоғарыда айтқандай, Қарағандының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы өмірі туралы тарихи терең зерт-

төу жоқ десек те, қазақ әдебиетінің екі алыбы — қос Ғабен сол олжылықтың орнын өздерінің эпикалық шығармалары арқылы толтырып тұр. Қарағанды еңірі туралы әңгіме қозғаған қай адам болмасын осы екі жазушының бай еңбектерін айналып кете алмайды. Біз ез жерлесіміз Ғабиден Мұстафиннің туғанына 100 жыл толуын бұрнағы жылы салтанатпен атап еттік. Жазушыны есте сақтау жөніндегі көшенді шаралар жүзеге асты. Қарағандының бір кешесіне Ғабиден Мұстафин есімі беріліп, оның төріне жазушының мүсіні орнатылды.

Ал Ғабит Мүсіреповтің алдында қарағандылықтар әлі күнге дейін ұятты. Әрине, қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушыны құрметтен кенде дей алмаймыз. Ол туған Солтүстік Қазақстан облысында жазушы атымен бір аудан аталады. Оның есімімен аталатын басқа да театр, мектептер, қала көшелері аз емес, солай десек те шығармашылық өмірінің қырық жылға жуық уақытын Қарағанды тақырыбына арнап, өлемнің сан халықтарының тілдеріне аударылған екі бірдей романды жазған жазушыға Қарағандыдағы бір көшені қимауымызды қалай түсінуге болады. Қаланың 70 жылдығы қарсаңында есте болар жай ретінде осыны тағы бір құлаққағыс етуді жөн санаймыз.

Қысталаң жылдарда

Қазан революциясы жеңіске жеткенімен шеткері аймақтар әлі де үстем тап өкілдерінің қол астында болды. Жол қашықтығы, берік ұйымдасқан саяси партиялардың болмауы, жұмысшылар оанасының жоғары деңгейге кетерілмеуі еңірде Совет өкіметінің шапшаң орнығуына кедергі келтірді. Алайда, орталықтағы дүмпу Далалық аймаққа жетіп, елді қатты елеңдетті. Жаңа өкімет орнатуға Омбы облыстық және Ақмола уездік Советтері большевиктерінің атқарған істері ұланғайыр болды. Олар өз жұмысының пәрменділігін арттыруда алдымен Спасск және ағылшындар салып бітпеген Қарсақбай мыс қорыту заводтарының, Қарағанды кемір кенішінің, Өспен және Жезқазған рудниктерінің озық ойлы жұмысшылары мен интеллигенциясына арқа сүйеді.

Уезд орталығы Ақмоладан «Тіршілік» газеті шығарылып, ол аталған өндіріс орындарына таратылды. Бұл басылымда

большевиктердің жарқын болашақ үшін күресетіндігі, биліктің жұмысшы-шаруа қолына өтуі қажеттігі жазылып тұрды. Сондай-ақ, В. Лениннің сөздері мен мақалалары да үзбей жарияланып отырды. Жұмысшылардың енеркөсіп кәсіпорындарында шоғырлануы қазақ жерінің басқа аймақтарына қарағанда Совет өкіметі үшін күрестің осы өңірде мейлінше жүйелі, әрі мақсатты жүргізілуіне себептігізді.

Қарағанды өңірін дамытудың жаңа кезеңі Совет өкіметі орнаған соң басталды деуіміз керек. РСФСР Халық комиссарлары Советінің төрағасы В. Лениннің 1918 жылғы 11 мамырдағы қол қойған қаулысы жалғыз Спасск мыс қорыту заводын национализациялау туралы ғана емес, жалпы Қарағанды аймағында экономиканы социалистік тұрғыда құрудың негізін қалады.

Алайда 1918 жылғы маусымда Совет өкіметі жергілікті жердегі биліктен айрылып, национализацияланған кәсіпорындар бұрынғы иелерінің қолына қайтадан қарады. Барлық өндіріс орындарындағы құрылған завод комитеттері қудаланып, таратылды, ниеті бұзық деп танылған озық ойлы жұмысшылар жұмыстан босатылды. Колчактың баскесерлері өндіріс орындарын ғана емес, қазақтың бейбіт ауылдарын да аяусыз тонады. Қара халыққа зорлық-зомбылық көрсетті. Б. Серікбаев, Ф. Кривогуз, Н. Бекмұхамбетов тәрізді тағы да басқа көптеген большевиктер Колчак жазалаушыларының қолынан қаза тапты, С. Сейфуллин және оның совдептік серіктері Атаман Анненковтың азап вагонында жапа шекті.


Сарыарқа төсіндегі Колчактың ойраны бір жарым жылдай уақытқа созылды. Елдің келер күнге деген сенімі кеміп, ақтың ба, қызылдың ба сойылын соғарын білмей дал болды. Міне, осы кезеңде Қиыр Шығыс өңірінде ақтармен күресте тамаша табыстарға жеткен атақты қолбасшы М. Тухачевскийдің армия бөлімдері қазақ даласында билік жүргізіп отырған ақтарды небары 2-3 айдың ішінде дүркіретіп қуып шығады. Атап айтқанда, 1919 жылдың қазан айының соңында Петропавлды, қарашада Ақмоланы, ал желтоқсанның 5 жұлдызында Спасск заводын ақтардан азат етеді.

Тарихи деректер Қарағанды аумағында 1919 жылдың 13 желтоқсанынан 1920 жылдың 3 наурызына дейінгі аралықта Совет өкіметі толық қалпына келтірілгенін мәлімдейді. 1919 жылдың 10 желтоқсанында Спасск мыс қорыту заводы жұмыс-

шыларының жалпы жиналысында фабрика-завод комитеті сайланады. Жалпы елдің болашағы үшін осы өңірдегі кәсіпорындардың халық шаруашылық зор маңызы бар екендігін түсінген жұмысшылар бастама көтеріп, Азамат соғысы кезінде бүлінген шахталарды, рудниктер мен заводтарды қалпына келтіруге кірісті. Осы істің маңдай алдында коммунистер болды.

Қарағанды мекені 20-шы жылдардың басында бір бірінен алыс орналасқан, орыстар, украиндар, қазақтар мекендейтін Үлкен Михайловка, Ескі Тихоновка, Зеленая Балка деп аталған басқа да бірнеше шағын елді мекендерден тұрған. Осы елді мекендердің тұрғындары бүлінген, қираған өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру бастамасын бірауыздан қолдап, өздерінің ортақ іске үлес қосылуға әзір екендіктерін білдіріп, Спасск заводының жұмысшыларына хат жолдайды.

1920 жылдың алғашқы жартысында аймақтың барлық жерінде 1918 жылғы Совет Конституциясы негізінде Советтердің тұңғыш сайлауы өткізілген. Міне, осы сайлау барысында Өспен руднигі мен Қарағанды кенішінің жұмысшылары сайлаушылардың жалпы жиналысында совет өкіметін қырағылықпен қорғап, жау қиратқан өндіріс орындарын толық қалпына келтіретіндіктерін мәлімдеген. Солай десек те 1921 жылдың басында Қарағанды өңірінде контрреволюция-



Жүк көлігі ретінде түйелер пайдаланылды.

лық элементтердің қайта бас көтеруі қолға алынған істің өз деңгейінде жүзеге асуына біршама кедергісін тигізді. Алайда, Қызыл Армия бөлімдерінің соққысынан кейін бүлікшілер аймақтың оңтүстік-шығысына шегінеді.

Міне, Қарағанды аймағын бейбіт тұрғыда дамыту осыдан соң нақты арнасына түседі. Сол кезде-ақ, аймақтың индустриалдық даму келешегі табиғи байлықтарын терең зерттеуге байланысты екендігі білінген еді.

Қарағанды өңіріне елдің назарын аудартқан, аймақты игеруді жедел қолға алудың қажеттігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп шыққандар – барлаушы-геологтар болған еді. Негізі Қарағанды аймағы дегенде тек ондағы көмір кенішімен ғана шөктәліп қалсақ, онымыз мәселені толық ашып көрсетпегеніміз болар еді. Қарағандының мол отын базасы жалпы өңірдің индустриясын дамытудың қайнар көзі болды. Не нәрсе болмасын алдымен энергия көзінен қуат алуы қажет. Ал Қарағандының таскөмірі нағыз энергия көзінің өзі еді.

Белгілі геологтар Қ.Сәтбаев, А.Ғалеев, Н.Кассин, Н.Наковник, М.Русаков және басқалардың 20-шы жылдардағы қажырлы еңбегінің нәтижесінде Қоңыратта, Жезқазғанда, Семізбұғыда, Өспенде және басқа жерлерде түсті металдардың мол қорлары табылды. Социалистік индустрияландыру барысында қатарға қосылған бар өнеркәсіп орындары тағдырын Қарағанды көмір кенішімен сабақтастырды, себебі олардың қай қайсысының болмасын кемірсіз күні жоқ еді.

Орталық елдің шығысындағы индустрия аймағының келешегі де осы өңірдегі көмір қорының қаншалықты екендігіне байланысты екенін ұққан. Ғалым-зерттеушілер тарапынан түрлі дәлелдер, нақты цифрлар келтіріліп жатқанымен үлкен істі қолға алар тұста тағы бір кәсіп-пішіп алу қажет болатын. Себебі қиыр далаға жетудің өзі күш болған кезеңде өңірді игеру үшін мол шығын жұмсау қажет еді. Жас өкімет көзсіз төуекалге баруға батады. Ғалеевтің тұжырымдамаларын нақтылай түсу қажет болды. Ел басына ауыртпашылық түсірген қилы кезең өткен соң, Орталық Далалық аймақтың болашағы және қазба байлығының қоры қанша деген мәселеге елденеше мәрте оралып отырды. Қарағандының жер асты қазба байлығының ұшан-теңіз екендігіне жоғарыдағылардың көзін жеткізген тамаша инженер-геолог Дмитрий Назарович Бурцев еді...

Үшінші көмір ошағы

Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарындағы мол қазына байлықтары билеуші Коммунистік партия мен Совет өкіметінің назарын осы өңірді игеруге аудартты. Соған байланысты 1931 жылдың шілдесінде Алматы қаласында Солтүстік-Шығыс Қазақстанның өндірістік күштерін дамыту жөнінде бірінші конференция өтеді. Онда Қарағанды өңірін зерттеген инженер-геолог Дмитрий Бурцев белгілі ғалымдардың алдында осы өңірдің жерасты қазба байлықтары туралы баяндама жасаған. Кеніштің алдағы тағдыры осы конференцияның шешімімен байланысты еді. Шынында да Алматы конференциясы Қарағанды кенішінің өңірінде тарихи роль атқарды.

1930 жылдың мамырында келіп, Үлкен Михайловкадағы Жоғарғы көшеден үй жалдап тұрған Д.Бурцевтің тобы Гапеевтің зерттеулерін басшылыққа ала отырып, кеніштің жерасты байлығының жүйелерін анықтады. Олар Қарағанды көмірі үш бағытқа жүйеленді дегенге тоқталады. Алғашқысы Ескі Тихоновкадан болашақ №3 шахтаға дейінгі, екіншісі Майкұдық аумағын, үшіншісі Жаңа Өзең мен Үлкен Михайловканы сабақтастырған. Бурцевтің тапсырмасы бойынша барлау партиясының топографы аумақтың топографиялық суретін дайындады.

Міне, Алматы конференциясында осы және басқа да атқарылған істер ортаға салынды. Соның қорытындысында оң шешім қабылданып, ол жоғарыға жөнелтілген.

Осыдан сәл бұрын Орталық Қазақстанның индустриялық даму қарқынын жеделдетуге баса көңіл бөлініп, В.Куйбышевтің төрағалық етуімен КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы кеңесінің президиумы «Республиканың «Қазақ көмір құрылысы» тресіне қарасты көмір кәсіпорындарын салу ісін мемлекеттік басқару туралы» ережені бекіткен болатын. Трест басқарушысы болып көмір енеркәсібінің білікті ұйымдастырушысы Корней Осипович Горбачев тағайындалады. Міне, Алматы конференциясы жаңадан басталған осы істі одан әрі ширату мақсатында ұйымдастырылған болатын. 1931 жылдың қаңтарында дербес «Қарағандыкөмір» пайдалану тресі құрылады. Оған шахталар салу және іске қосу жұмысы тапсырылды.

лық элементтердің қайта бас көтеруі қолға алынған істің өз деңгейінде жүзеге асуына біршама кедергісін тигізді. Алайда, Қызыл Армия бөлімдерінің соққысынан кейін бүлікшілер аймақтың оңтүстік-шығысына шегінеді.

Міне, Қарағанды аймағын бейбіт тұрғыда дамыту осыдан соң нақты арнасына түседі. Сол кезде-ақ, аймақтың индустриалдық даму келешегі табиғи байлықтарын терең зерттеуге байланысты екендігі білінген еді.

Қарағанды өңіріне елдің назарын аудартқан, аймақты игеруді жедел қолға алудың қажеттігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп шыққандар – барлаушы-геологтар болған еді. Негізі Қарағанды аймағы дегенде тек ондағы көмір кенішімен ғана шектеліп қалсақ, онымыз мәселені толық ашып көрсетпегеніміз болар еді. Қарағандының мол отын базасы жалпы өңірдің индустриясын дамытудың қайнар көзі болды. Не нәрсе болмасын алдымен энергия көзінен қуат алуы қажет. Ал Қарағандының таскөмірі нағыз энергия көзінің езі еді.

Белгілі геологтар Қ.Сәтбаев, А.Галеев, Н.Кассин, Н.Наковник, М.Русаков және басқалардың 20-шы жылдардағы қажырлы еңбегінің нәтижесінде Қоңыратта, Жезқазғанда, Семізбұғыда, Өспенде және басқа жерлерде түсті металдардың мол қорлары табылды. Социалистік индустрияландыру барысында қатарға қосылған бар енеркөсіп орындары тағдырын Қарағанды көмір кенішімен сабақтастырды, себебі олардың қай қайсысының болмасын кемірсіз күні жоқ еді.

Орталық елдің шығысындағы индустрия аймағының келешегі де осы өңірдегі көмір қорының қаншалықты екендігіне байланысты екенін ұққан. Ғалым-зерттеушілер тарапынан түрлі дәлелдер, нақты цифрлар келтіріліп жатқанымен үлкен істі қолға алар тұста тағы бір кесіп-пішіп алу қажет болатын. Себебі қиыр далаға жетудің езі күш болған кезеңде өңірді игеру үшін мол шығын жұмсау қажет еді. Жас өкімет көзсіз төуекелге баруға батпады. Галеевтің тоқырымдамаларын нақтылай түсу қажет болды. Ел басына ауыртпашылық түсірген қилы кезең еткен соң, Орталық Далалық аймақтың болашағы және қазба байлығының қоры қанша деген мәселеге өлденеше мәрте оралып отырды. Қарағандының жер асты қазба байлығының ұшан-теңіз екендігіне жоғарыдағылардың көзін жеткізген тамаша инженер-геолог Дмитрий Назарович Бурцов еді...

Үшінші көмір ашағы

Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарындағы мол қазына байлықтары билеуші Коммунистік партия мен Совет өкіметінің назарын осы өңірді игеруге аудартты. Соған байланысты 1931 жылдың шілдесінде Алматы қаласында Солтүстік-Шығыс Қазақстанның өндірістік күштерін дамыту жөнінде бірінші конференция өтеді. Онда Қарағанды өңірін зерттеген инженер-геолог Дмитрий Бурцев белгілі ғалымдардың алдында осы өңірдің жерасты қазба байлықтары туралы баяндама жасаған. Кеніштің алдағы тағдыры осы конференцияның шешімімен байланысты еді. Шынында да Алматы конференциясы Қарағанды кенішінің өңірінде тарихи роль атқарды.

1930 жылдың мамырында келіп, Үлкен Михайловкадағы Жоғарғы көшеден үй жалдап тұрған Д.Бурцевтің тобы Гапеевтің зерттеулерін басшылыққа ала отырып, кеніштің жерасты байлығының жүйелерін анықтады. Олар Қарағанды көмірі үш бағытқа жүйеленді дегенге тоқталады. Алғашқысы Ескі Тихоновкадан болашақ №3 шахтаға дейінгі, екіншісі Майкұдық аумағын, үшіншісі Жаңа Өзен мен Үлкен Михайловканы сабақтастырған. Бурцевтің тапсырмасы бойынша барлау партиясының топографы аумақтың топографиялық суретін дайындады.

Міне, Алматы конференциясында осы және басқа да атқарылған істер ортаға салынды. Соның қорытындысында оң шешім қабылданып, ол жоғарыға жөнелтілген.

Осыдан сәл бұрын Орталық Қазақстанның индустриялық даму қарқынын жеделдетуге баса көңіл белініп, В.Куйбышевтің төрағалық етуімен КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы кеңесінің президиумы «Республиканың «Қазақ көмір құрылысы» тресіне қарасты көмір кәсіпорындарын салу ісін мемлекеттік басқару туралы» ережені бекіткен болатын. Трест басқарушысы болып көмір өнеркәсібінің білікті ұйымдастырушысы Корней Осипович Горбачев тағайындалады. Міне, Алматы конференциясы жаңадан басталған осы істі одан әрі ширату мақсатында ұйымдастырылған болатын. 1931 жылдың қаңтарында дербес «Қарағандыкөмір» пайдалану тресі құрылады. Оған шахталар салу және іске қосу жұмысы тапсырылды.

1931 жылғы 21 қаңтарда Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Еңбек және қорғаныс кеңесі «Қарағанды кенішін дамыту жоспары туралы» арнайы қаулы қабылдады, онда КСРО Жоғарғы Халық шаруашылығы кеңесінің 1931 жылғы Қарағанды ауданында 16 шахта салу жөніндегі шешіміне келісім беріледі.

Кеніштің шапшаң дамуына оның орталықтан, сыртқа шығатын жолдардан қашықтығы үлкен кедергі болады. Үлкен міндеттерді шешу үшін алдымен жол байланысы мәселесін айқындап, шешіп алу қажет еді. Көп күш-қайрат жұмсап, істі ұтымды ұйымдастыру нәтижесінде Петропавл-Ақмола темір жолы Қарағандыға дейін тартылып, Қарағандыға тұңғыш поезд 1931 жылдың 1 ақпанында келді. Осыдан соң-ақ жаңа өндіріс орнына ағылып шахта жабдықтары, құрылыс материалдары, азық-түлік тиелген вагондар келе бастады.

Осы 1931 жылдың 20 наурызында бассейн құрылысы аумағында пайда болған елді мекеннің маңызын ескеріп, оның болашағын болжай келе, сонымен қоса Қарағанды аумағына бірегей шаруашылық бағытын беру мақсатында Қазақ Орталық атқару комитетінің секретариаты Қарағандыны аудан құрамынан бөліп, жеке бюджеті бар, әрі Орталық атқару комитетіне тікелей бағынатын Қарағанды поселкелік кеңесін құру туралы мәселені қарайды. Жаңадан құрылған поселкелік кеңестің орталығы Үлкен Михайловка селосы болып белгіленді.

Қарағанды өңірінің дамуы мен оның болашағы үшін БК /б/ П Орталық комитетінің 1931 жылғы 15 тамыздағы қабылдаған «Көмір және кокс ресурстарын молайту туралы» Қаулысының маңызы үлкен болды. Сол қаулыда «Қарағанды бассейнінің географиялық жағдайы, көмірдің орасан мол қорының болуы, оның кокстелетіндігі, көмір қабаттарының қолайлы орналасуы Қарағанды көмір кеніші негізінде КСРОның қуатты үшінші көмір базасын жасауды талап етеді» деп атап өтілген. Осы тарихи шешім Қарағанды бассейнінің елдің отын базасын дамытудағы халық шаруашылығы маңызын белгіледі, әрі Бүкілодақтық үшінші көмір ошағының қауырт өркендеуінің бастауы болды.

Иә, сол отызыншы жылдардың басында Арқа төсіндегі жаңа шаһардың іргетасы қалана бастады. Атап өту керек, қала құрылысы мен шахталарды іске қосу зор қиыншылықтармен



Корней Горбачев.

жүргізілді, техника мен жабдықтар кешеуілдеп жетті. Материалдық жабдықтау нашар болды. Қала салушылардың тұрғын мекен жайлары да сын көтермеді. Өндіріс орындарының, шахталардың құрылысы бірінші кезекке шығып, тұрғын үй салу мәселесі ысырылып қала берді. Жұмыеты екі бағытта жүргізуге күш-қуат жетпеді.

Қала құрылысы мен шахта салу ісі өндіріс ошақтарын ашу өңірді геологиялық барлау ісімен сабақтастырыла жүріп жатты. Көмірдің мол қоры шоғырланған аймақ екендігі дәлелденгенімен, оның нақты мелшері қанша деген сауалға жауап әлі берілмеген. 1933 жылы Д.Бурцев бірқатар маңызды геологиялық зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды. Ол Г.Каскин және Г.Медоевпен бірлесе отырып бассейнің геологиялық картасын жасау жұмысын аяқтайды. Тұңғыш рет Қарағанды кенішіндегі көмір қорының мелшері қанша деген сауалға жауап берілді. Бурцевтің тобы дайындаған есепте ол 50 миллиард тонна деп белгіленеді. Ал Орталық комитет бірқатар тұзетулерді, ескертпелер мен тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, Қарағанды аймағының тас көмір байлығы 32 миллиард тонна деген шешім шығарады. Бұл сан ұрпаққа жетер ұлан-ғайыр байлық еді. Ендігі жерде осы өңірді игеріп, жер астының мол байлығын жүйелеп алып, игілікке жарату міндеті тұрды. Қарағанды поселкесі жыл емес, ай сайын өсті. Одақтағы үшінші көмір ошағының іргетасы қалана бастады.

Донбастан түсіен дисант

Қарағандының 30-шы жылдардың басындағы келбетін көз алдымызға келтіру қиын емес. Жат қолында болып, жырақта тұрған, жұпыны екі- үш шахтасы мен жеркепе үйлері ғана бар кеніштің тірлігі мез емес еді. «Новый мир» журналы өзінің 1932 жылғы №1 санында атап өткеніндей, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер баспана тосып, жер кепелерде, киіз үйлерде сығылысып тұрып жатты. Бірақ жұмыс бір сәт тоқтамады. 1931 жылдың орта тұсында 16 көлбеу шахта іске қосылып, жылдың екінші жартысында тағы 12 шахтаның негізі қаланды. Кен инженері Н.Финкельштейн мен профессор А.Гапеевтің Қарағандының жер асты байлығы қанша деген тақырыптағы «За индустриализацию» газеті беттеріндегі (28.12.30 ж. және 5.01.31 ж.) пікірталасына үн қосқан «Қазақ көмір құрылысы» тресінің басқарушысы К.Горбачев осы газет бетінде Қарағанды кенішін дамытудағы өз ой-пікірін білдіреді. Оның мақаласы «Ірі немесе ұсақ шахта» деп аталады. Білікті басшы шахта салу ісінде өзінің Донбастағы Кадиевкада істеген жылдары кеңіліне тоқыған тың шешімді ұсынады. Ол бойынша жер бетінен көмір қабатының құлама бойымен көлбеу оқпан тартылады, сөйтіп, забойлар ашылады да, ұсақ шахталар бір-бірімен қосылып, ортақ тік оқпан төменнен жоғары қарай қазылады. Мұндай әдіспен әдеттегі 5 жылдың орнына шағын шахта жарты жылдан кейін-ақ іске қосылып, көмір бере бастайды. Қарағандының жағдайында және Орталық партия комитетін 1931 жылғы 15 тамыздағы қаулысында қойылған қауырт мерзімді орындау үшін бұл аса тиімді шешім еді. Және Арқаның суық та ұзаққа созылатын қысына қарсы тұратын қолайлы шара болды. Өйткені жұмыс негізінен жер астында жүргізіледі.

Дегенмен жаңа көмір ошағының аяқтанып кетуі орасан зор қиындықтарға тап болды. Өндірістік және тұрғын үй базасы жоқ болатын. Темір жолмен әлі жалғасқан жоқ. Сусыз шөлейт далада адамдардың тұрмысы ауыр болды. Сонымен қатар басты проблеманың бірі көмір бассейнін білікті шахтер кадрларымен қамтамасыз ету еді. Міне, осы бір аса қиын сәтте Қарағандыға көмірлі Донбасс қол үшін берді. Өздерінің съезінде олар Қарағанды бассейнін қамқорлыққа алды. Ал Қарағанды кеншілері болса,

К.О.Горбачевтің басшылығымен донбастықтарға мынадай хат жолдады:

«Донбасс шахтерлері! Кеншілердің Бүкілукраиндық съезінде көмір үшін күресте революциялық тәжірибесі бар, пролетариаттың озық отряды – Сіздер бізді қамқорлыққа алдыңыздар, сондықтан да, біз, Қарағанды шахтерлері, Сіздерге мыналарды айтамыз. Сіздер бізге барлық бағытта – партия, кәсіподақ, өкімшілік – техникалық мәселелер жөнінде көмектесіңіздер. Бізге іскер большевиктер – ұйымдастырушылар жіберіңіздер, ондаған маңдайалды инженерлер мен техниктер беріңіздер. Бізге маманданған жұмысшылардың ерікті отрядымен көмектесіңіздер. Бізге кен мастерлері, кен монтерлері, забойшылар, тіреушілер, жол және шахта слесарьлары, шахта электриктері керек. Бізге жүздеген маман шахтерлер жіберіңіздер.


Біз өз тарапымыздан сіздерге 100 қазақ жігітін жібереміз. Сіздер оларды мамандандырыңыздар, шахтерлік бақылауларыңызға алып, үйретіңіздер.

Сіздердің тәжірибеңізді, Сіздердің біліміңізді, Сіздердің екі революцияда шыңдалған пролетарлық өнегенізді қазақтың жас пролетариаты – біздерге, Қарағанды шахтерлеріне үйретіңіздер».

Бұл үндеу ең алғаш рет орталық «Правда» және «Экономическая жизнь» газеттерінің көшпелі редакциясы Қарағандыда ұйымдастырған «За уголь Караганды» газетінің 1931 жылғы 16 шілдедегі 5-санында жарияланды. Кейін «Правда» газетінде 7 тамызда адамдардың қолдарымен бірге жарық көрді (суретте).

Осы орайда республикалық газеттер «Экономическая жизнь» мен Донбастағы барлық әріптестерін Қарағандыға көмек жөніндегі екі онкүндікке қатысуға шақырды. Бұл көмектің барысы туралы материалдар үзбей жарияланып тұрды. Сөйтіп, Қарағандыға баруға тілек білдірген мамандармен қатар зәру жабдықтар да жасақтала бастады.

Донбастықтар уәделерінде тұра білді. Соның айғағы – «Экономическая жизнь» газетінде 11 қараша күні жарияланған «Бүкілодақтық кочегарканың көмегін қарсы алыңдар» деген хабар. Онда: **«7 қарашада Никитовка станциясынан Дон-**



баста ұйымдастырылған Қарағандыға көмек эшелоны аттанды. Эшелонның құрамына жиналған шахта жабдықтарынан басқа Қарағанды шахталары үшін өртүрлі мамаидықтағы 400 жұмысшы, өкімшілік-шаруашылық және мәдениет қызметкерлері кіреді. Эшелонды жөнелтуге арналған салтанатты митингінде аттанушыларға Совет одағының үшінші көмір базасын құруда өкпінді қарқынға қосылуға қатты аманат тапсырылды» делінген.

Бұл аманат абыроймен орындалды дей аламыз. Қарағандыға келген донбастық шахтерлер өкпінді еңбек үлгілерін, Изотовтың озық тәжірибесін жергілікті қазақ жұмысшыларына үйрете білді. Сөйтіп, Қарағандыда қара алтын тасқыны үдей түсті. Егер 1930 жылы

нөбәрі 12800 тонна отын өндірілсе, 1931 жылы оның мөлшері 288 мың тоннаға, ал 1932 жылы 722 мың тоннаға жетті.

Украин шахтерлері өздерін «Донбастан түскен десантпыз» деп атайтын. Қарағандының қалыптасуына зор үлес қосқан осы алғашқы қарлығаштардың есімін жылдар сілемінде зор ілтипатпен еске аламыз. Олардың қай-қайсысы болсын туған өлкеміздің еркендеуі үшін зор еңбек сіңірді.

«Донбастың бір топ таңдаулы кеншілері Стаценко, Долгих, Попов, Балышев, Бондарев, Рябокляч, Ходунович жеке әдіспен 175 забойшыны, 157 вагоншыны, 75 бекітушіні үйретті. Барлығы 1931-1932 жылдары 3856 адам оқыды, оның 2818-і қазақтар» делінген сол кездегі бір тарихи деректе.

Алғашқы «Қызыл эшелонмен» келгендер арасында шахтерлер әулеті де пайда болды. Егер кенші Ғалиолла Хайруллин 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болса, оның ұлы Алмас забойдағы орнын басты. Рябоклячтың баласы геология экспедициясында, Балышевтың немересі Саранда шахта

электр слесары болып істеді. Белгілі өндіріс командирі Василий Митрофаненко мен Иван Гавриштің Виктор атты ұлдары да әке жолын қуып кенші мамандығын игерді.

Қарағандының облыстық тарихи өлкетану музейінде бассейнің өркендеу тарихына арналған арнайы экспонаттар бар. Солардың арасында мына бір құжат көзге ыстық көрінеді:

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

Донбасс – Караганда

Вагон № 6

тов.Кривоносов, ударник Красного Вседонецкого эшелона, в день 14-й годовщины Октября направляется на боевой участок борьбы за уголь в 3-ю угольную базу – «Караганду».

7 ноября 1931 года

№ 43

ст.Никитовка Штаб.

Бұл Донбастың жоғарыда айтылған 385 таңдаулы кеншісіне Қарағандыға аттанарда берілген аманат – мандаттың бірі.

Қарағанды кеншілерінің үндеуінде айтылғандай, Донбасқа қазақ кеншілері де аттанып, мамандықтың қыр-сырына сол кездегі «пролетарлық бірінші көмір ошағынан» қанықты. Газеттерде сол жылы Донецк бассейніне 117 қазақ шахтері жіберілгендігі жазылған. Олардың қатарында Әбілхайыр Кенжебаев, Қарар Нұрмағамбетов (Социалистік Еңбек Ері Бәшір Нұрмағамбетовтың ағасы), Бейсен Дүйсенбаев, атақты кенші Мағауия Рақышев және т.б. бар.⁶

Украин жерінде еңбек мектебінен өткен қазақ кеншілерінің көпшілігі кейін стахановшы болды, екпінді еңбектерімен көзге түсті. Сейтіп, Қарағандының даңқын асыруға лайықты үлес қосты.

Арқада туды жас қала

Бұл 1934 жылдың ақпаны болатын. Кешегі жұмысшы поселкесі Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен қала мәртебесіне ие болды. Ақпанның 10-ы күні қол қойылған қаулыда «Қарағанды облысының Тельман ауданындағы таскөмір бассейнін пайдалану жөніндегі мемлекеттік трест құрылысының аумағында пайда болған елді мекенге

«Қарағанды» атауы берліп, қала болып өзгертілсін» делінген. Осылайша өркімнің аузында өртүрлі аталып, бір кездегі «Қарағандыбасы» деген сөз ұмытылып, оның орнына жеке жеке орналасқан поселкелер Үлкен Михайловка, Ескі Тихоновка, Зелёная Балка, Көпай город болып жалғасып кете баратын атаулар ортақ қала құрамына өніп, ендігі жерде солардың бәрінің басы қосылып Қарағанды деп аталатын болды. Бұл қаулы Арқа төсіндегі өлді мекенге қала мәртебесін беруімен құнды, әрі ол «Қарағанды» атауын ресми түрде нақтылап бекітіп берді.

Егер осыдан сәл бұрын орталығы Үлкен Михайловка болып, 1931 жылы жұмысшы поселкесі құрылса, енді міне, араға небәрі үш жылды салып ол қала мәртебесіне ие болды. Бұл сәл кездің өлшемі үшін зор жетістік болатын. Егер бүгінгі күннің биігінен сол үш жылдың ішінде атқарылғандарға шолу жасақ, ауыз толтыра айтар ғаламат істердің жүзеге асқанын аңғарар едік.

Өткенде айтып кеткеніміздей темір жол торабының келуі өңірдің шапшаң дамуына мүмкіндік берді. Темір жол Қарағандының бойына қан жүгіртті, барлық сала жедел ілгеріледі. Қадау-қадау істер шоғырының ең басталары ретінде мыналарды тізуге болады. Айталық, 1931 жылы қуаты 260 квт. Қарағанды электр станциясы іске қосылып, су құбырының құрылысы басталады. Ендігі жерде мамандарды тек сырттан күтпей-ақ жергілікті жерде даярлауға да кеңіл бөлінеді. Көмір өндірісі саласының мамандарын даярлайтын тау-көп техникумы ашылады.

Тұрғындардың сауатын ашу, оларды саяси жағынан шыңдау бағытында да кең көлемді істер қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Сол 1931 жылы Қарағанды аймағында тұңғыш баспа өнімдері, жергілікті басылымдар өмірге келеді. Мәселен, Қарағанды аудандық партия комитетінің, поселкелік кеңестің және аудандық кәсіподақ кеңесінің органы болып табылған «Большевицкая кочегарка» газеті 11 қыркүйекте жарық көрсе, араға айға толар толмас уақыт ішінде, атап айтқанда 4 қазанда қазақ тіліндегі «Қарағанды пролетариаты» газеті шығады. Бұл басылымдар көйін облыстық газеттерге айналған қазіргі «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттерінің негізі болды. Сондай-ақ осы 1931 жылдың 7 қарашасынан ефирге тұңғыш рет Қарағанды ра-

диосы шықты. Ол қазақ даласына Мәскеу мен Алматы үшін жеткізді.

Міне, Қарағанды қала мәртебесін алу қарсаңында осылармен бірге құрылыс, көмір өндірісі саласында да қыруар істер қолға алынып, жүзеге асырылып жатты. Қазақстан Үкіметі жұмысшы поселкесіне қала мәртебесін беру мәселесін ерте, сол 1931 жылы ақ кетеріп, Орталыққа ұсыныс жасаған. Соның бір мысалы ретінде VIII шақырылған ҚазОАК секретариатының 1931 жылдың 27 желтоқсанда еткен мәжілістің шешімін айтуға болады. Осы мәжілісте Арқа төсіндегі өндіріс ошағына айналып қалған елді мекенге қала мәртебесін беруге әбден болады деген тұжырым жасалған. Атап айтсақ, мәжіліс шешімінде «Қарағандыдағы қазіргі поселкелік кеңестің орнына ҚазОАК-не бағынатын дербес қалалық кеңес ұйымдастырылсын» деген жолдар бар. Осы қаулыны Мәскеу тек 1934 жылдың ақпанында ғана бекіткен.

Солай болғанымен Қарағанды оол 1934 жылға дейін де Қазақстан Үкіметінің шешімі негізінде қала ретіндегі дербес қызметін атқара берді. Оған дәлел ретінде 1932 жылдың шілдесінде еткен Қарағанды қалалық кеңесінің бірінші мәжілісін айтуға болады. Онда «Ағымдағы жағдай және қалалық кеңестің Кеңестер Одағының үшінші көмір базасының құрылысындағы міндеттер туралы» мәселе қаралған. БК/б/П Қазақ елкілік комитетінің 1932 жылғы 13 қаңтардағы кеңейтілген пленумында «Қарағандыны бүкіл Қазақстан, барша Кеңес Одағы болып саламыз!» деген ұран көтерілді. Осының алдында, 1931 жылғы 26 желтоқсанда компартияның орталық органы «Правда» газетінде «Қарағанды Қазақстанда орналасқан» деген баспасызге шолу материалы жарияланып, қаланың өлеуметтік-тұрмыс мәселесі қатты сыналған болатын. Соған орай пленумда Қарағандыдағы тұрғын үй құрылысындағы қалыптасқан күрделі жағдай жан-жақты сөз етіліп, оны шешудің нақты жолдары қарастырылды. Осы негізде КСРО ХКК Ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариатына Қарағанды аумағының құрылысын осы комиссариаттың ерекше назарында болатын құрылыстар тізіміне енгізу туралы ұсыныс жасады. Сол негізде осы комиссариат Қарағандыдағы тұрғын үй-коммуналдық құрылысқа 8 миллион сом бөлді.

Қарағандының қалыптасу кезеңінде еш қиындық

ұласып, олар соғысты Праганың оңтүстік маңында аяқтаған.

Қарағанды топырағынан майданға аттанған тағы бір әскери құрама 378-ші Перекоп атқыштар дивизиясы. Бұл дивизия 1941 жылы жасақталып, 61-ші Армия құрамында сан ұрысқа қатысады. Дивизия Севастопольді, Бухаресті жаудан босату үшін болған шайқастарда ерліктің тамаша үлгісін көрсетті.

Ұлы Отан соғысының тарихында өзінің атын мәңгіге қалдырған Ленин орденді Қызыл Тулы 310-шы Новгород атқыштар дивизиясы да Орталық Қазақстанда жасақталды.

Бүгінгі күні тарихи деректер Қарағанды аймағынан 1941-1945 жылдары Отан қорғауға 45 мыңға жуық азаматтың аттанғанын дәлелдеп отыр. Олардың арасынан 18 мыңдай боздақ туған топырағына оралмай, майдан даласында, елден жырақта өшпес ерліктің үлгісін танытып, қаза тапты.

Иә, майдан даласында қарағандылық жауынгерлер ерлікпен шайқасты. Соның дәлелі ретінде 18 қарағандылық жауынгер – Совет Одағының Батыры жоғары атағын алды. Қазыналы Қарағанды өз ерлерін ешқашан ұмытқан емес. Оларды әрқашан мақтан етіп, құрмет тұтады.

Қарағандыдағы әуе клубында ұшқыш мамандығын алып, кейін Орынбор авиация училищесінде оқыған Нұркен Әбдіров есімін қарағандылықтар мақтан етеді. Барлығы 17 әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасын, оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқыдады, бес зенит қоныдырғысының, бірнеше жабық атыс ұясының көзін құртты. Жаудың сан жүздеген жауынгерлерін жер жастандырды.

Ұшқыш жерлесіміз 1942 жылғы 19 желтоқсанда өзінің серігі, атқыш, әрі байланысшы Александр Комиссаров екеуі кезекті жауынгерлік тапсырмамен аспанға кетерілді. Тек осы сапарында ғана олар Боков-Пономарев станциясының маңындағы жаудың алты танкісін, бірнеше атыс ұясын және зенит артиллериясының екі қондырғысын жояды. Алайда аспаннан жауына жасындай тиген Нұркеннің самолетіне жау оғы да тиеді. Қырандай жауына шүйліккен ұшқыш сын сағатта да абдырап, абыржымады, өздеріне оқ тиіп, еліммен бетпе-бет келген тұста да от жалмаған самолетін жаудың әскери қару-жарақтары шоғырланған тұсқа бұрып, оларға аспаннан от болып шүйілді. Есіл ер осылайша соңғы күші қалғанша жаумен



Штурвалда курсант Н.Әбдіров.

арпалысып, сан жүздеген жаудың көзін құртып, жастықтарын ала кетті.

Бұл күнде қаламыздың төрінде Совет Одағының Батыры, қаһарман ұлымыздың ескерткіші тұр. Әрі үлкен даңғыл Нұркен есімімен аталады. Қарағандылықтар Нұркеннің ерлігіне бас иіп қана қоймай, оның жауынгер сәрігі А.Комиссаров есімін де ерекше құрмет тұтады.

Нұркен даңғылымен үзеңгілес көше қазір Комиссаров есімімен аталады. Ерлікті құрметтеу, оны жас ұрпақ жадында мәңгілік қалдырудың үлгісі осы-ақ болар.

Қарағандылықтар есінде хас батырлар Мартбек Мамыраев, Федор Яковлевич Иванишко, Арсентий Игнатьевич Мороз, Семен Андрианович Лебедев, Амантай Дәулетбеков, Қазыбек Нұржанов, сондай-ақ Жауынгерлік «Даңқ» орденінің толық иегерлері Ботай Байзақов, Иван Андреевич Карabanов, Мүтәш Сүлейменов, Жақсынбек Үншібаев, Николай Изотович Покатилов және басқаларының есімдері мәңгілік жаңғырып тұратынына еш күмән жоқ.

Орайы келгенде айта кету қажет Даңқ орденінің үш дәрежесімен толық марапатталған, атақты жерлесіміз Мүтәш Сүлейменов Ұлы Жеңістің 50 жылдығына байланысты 1995 жылы Мәскеу қаласындағы Қызыл аланда өткен салтанатты

шеруге қатысу мәртебесіне ие болды.

Жалпы фашизмге қарсы күресте көрсеткен батырлығы мен ерен ерліктері үшін 6587 жерлесіміз Совет Одағының жауынгерлік ордендерімен және медальдарымен наградталған. Бұл да қазыналы қарашаңырақ – Қарағанды өңірінің ұл-қыздарының жаумен шайқаста бабалар дәстүріне лайық ерлік пен табандылықты, қайсарлық пен қажырлылықты таныта білгенін аңдатса керек.

Ұлы Отан соғысына қатысушыларды ардақтап, құрмет тұту азаматтық игі дәстүрімізге айналды. Соның көрінісі деу қажет, жыл сайынғы Ұлы Жеңіс мерекесі күндері арамыздағы ардагерлерге қал-қадірінше сый-сияпат жасалып, жас буын олардың өз аузынан сонау алыста қалған қаһарлы күндерден естеліктер тыңдайды.

Рас, қан майданға аттанған 45 мыңға жуық қарағандылықтардың үштен бірі туған топырақтан шалғайда, Отан қорғау жолында қаза болды. Оларды ұмытуға қақымыз жоқ, майдан даласында жан қиған арыстар алдында бүгінгі ұрпағы өрқашан бас июі қажет. 1987 жылғы 17 қаңтарда СОКП Орталық Комитеті арнайы қаулы шығарып, онда соғыс даласында мерт болған ерлер есімін мәңгілік есте қалдыру мәселесі кетерілген. Осы қаулыға сәйкес Қарағанды облысынан аттанып, майдан даласынан оралмаған боздақтар туралы 3 томдық «Зерде» кітабы жарық көрді. Бұл олардың аруағына көрсетілген құрмет, боздақтар есімін мәңгілік жадымызда қалдырудың жарқын көрінісі.

Сарыарқадан майданға сәлемдеме

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске барша совет халқы үлес қосты. 1942 жылдың ақпан айында орталық баспасөз беттерінде Совет Одағы телеграф агенттігінің «Эшелондар мерекелік сыйлықпен майданға кетіп барады» деген хабары жарияланды. Онда «... Қазақстанның барлық 14 облысы бір-бір эшелоннан сыйлық жөнелтті. Майданға қазірдің өзінде 100-ден астам вагон кетті...» деп жазды. Даңқты Қызыл Армияның 24 жылдығы құрметіне майдандағы жауынгерлерге арнап сыйлық жөнелту жөніндегі бастаманы кенді өңірдің барша тұрғыны қуана қабылдады. Ол айтпаса да түсінікті еді. Батыстағы

қанды соғыс ішінде біреудің баласы, біреудің жары, біреудің **әкесі** жүр, соларға арнап қал-қадірінше сыйлық әзірлеп жөнелтуге басқалар тәрізді қарағандылықтар да белсене кірісті.

Қарағанды қаласында майданға сәлемдеме жөнелтуге арналған салтанатты митингі сол 1942 жылдың 19 ақпан күні өтті. Оған халық көп жиналды. Сарыарқаның төрі Қарағанды майданға аз уақыт ішінде 28 вагон азық-түлік, киім-кешек басқа да керек-жарақ жинаған еді.

Өткен күндердің куәгері – сарғайған газет беттеріндегі осы оқиғаға байланысты жарияланған мына хабарды назарға алмай кету мүмкін емес. 1942 жылғы 20 ақпанда жергілікті басылымдар:

-Қарағанды шахтерлері, Балқаш пен Қарсақбай металлургері, Қоңырат, Жезқазған кеншілері, теміржолшылар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, біздің облысымыздың барлық еңбекшілері екі аптада даңқты Қызыл Армияның жауынгерлеріне, командирлері мен саяси қызметкерлеріне сыйлық дайындады. Біздің кең байтақ облысымыздың әр түпкірінен май, ет, шұжық өнімдері, печенье, қант, шарап және басқа да тамақ салынған мыңдаған посылка әзірленді. Мәселен, Шет ауданының еңбекшілері Қызыл әскерлер үшін 1800 кг. ет, 7 центнер ұн, қант, шұжық, май жинады.

Кеше, ертеңгілік сыйлық тиген эшелон Солтүстік-Батыс майданына жүріп кетті...» деп жазды.

Солтүстік-Батыс майданға Қарағанды облысының сәлемдемесін алты адамнан құралған делегация алып баратын болды. Олардың негізі қарағандылықтар болатын. Делегацияға жетекшілік ету сол кездегі Қарағанды қалалық партия комитетінің секретары Ғабдырахман Әбдіхалықұлы Төлепбергеновке жүктелді (Делегация жетекшісі Ғ. Төлепбергеновпен әңгіме сұхбаты «Орталық Қазақстан» газетінің 1985 жылғы 15 ақпандағы санында «Сарыарқадан әкелдік сәлемдеме» деген тақырыппен жарияланған).

Делегация құрамында Қарағанды облыстық комсомол комитетінің секретары Нина Васильевна Дроздецкая, Қарағандыдағы №18 шахтаның навалоотбойшігі Тілеубек Сыздықов, Қарағанды Киров атындағы №1 мектептің мұғалімі Свирякова, Балқаш қалалық партия комитетінің секретары Ысқақов және облыстық астық өнімдерін дайындау конторының

қызметкері Исаков болды.

Осы құрамдағы делегацияны аса жауапты сапарға шығарып саларда облыстық партия комитетінің бірінші секретары Х.Пазиков қабылдап, оларға оң сапар тіледі, сонымен бірге облыс еңбекшілері атынан Солтүстік-Батыс майдандағы Қызыл Армияның жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлеріне арналған хатты тапсырды. Хатта:

«Құрметті жолдастар, біздің қарапайым сыйымыз – 28 вагон азық-түлік өнімдерін қабыл алыңыздар, Бұл – майдан мен совет тылының қандас бірлігінің символы.

Ол, осы сылықтар, сіздерді Социалистік Отанды қорғаудағы, біздің балаларымыздың, әйелдер мен қарттардың қауіпсіздігін сақтаудағы жаңа жауынгерлік ерліктерге жігерлендірсін», – деген жолдар бар.

Сәлемдеме тиелген 28 вагон тұратын эшелонды барша қарағандылық шығарып салды. Вагон қабырғасына «Қызыл Армия жауынгерлері! Қарағанды еңбекшілерінің мерекелік сәлемін қабыл алыңдар!» деген сөздер айшықты етіп жазылған болатын.

Жолда бөгет болмады. Майдан даласына елдің ыстық сәлемі мен сағынышын, әрі сәлемдемесін тиген эшелонды ер станция еш кедергісіз шығарып салды.

Қарағандылықтарды Солтүстік-Батыс майданның екілдері салтанатпен қарсы алды. Осы жерде шағын митингі ұйымдастырылып, онда делегация жетекшісі, Қарағанды қалалық партия комитетінің секретары Ғ.Телепбергенов сөйлеп, майдангерлерге Қазақстанның, соның ішінде қазыналы Қарағанды еңірі тыл еңбеккерлерінің ыстық сәлемін жеткізді. Бұдан соң майдан екілі, комиссар Горбачев сөз алып, майдандағы жауынгерлердің ерлігін ортаға салды. Әскери комиссар ез сезін: « Біздің елден басқа қай жерде жұмысшы екілдері солдаттар мен офицерлерге өзінің досы, әрі бауыры деп санайды. Айтыңдаршы, мұндай бауырластық еш жерде жоқ», – деп аяқтаған еді.

Қарағандылық делегацияның мүшелері әскери бөлімшелерде болып, жауынгерлердің тұрмыстарымен және әскери командирлерімен жете танысады. Әскери госпитальде болып, жаралы жауынгерлермен жолығады. Совет Одағының Батырларымен кездеседі. Бұл жөнінде делегация



Солтүстік-Батыс майдан, наурыз 1942 ж.

мүшелері Н. Дроздецкая мен А. Сибирякова өздерінің естеліктерінде жазып, оны сол 1942 жылдың көктемінде елге оралған соң жергілікті баспасөзде жарияланған.

Солтүстік-Батыс майданының басшылары мен жауынгерлері қарағандылықтардың сый-сияпатына ризашылығын білдірді. Оның куәсіндей майдан әскерлерінің қолбасшысы, генерал-лейтенант П. Курочкин мен майданы әскери советінің мүшесі, дивизион комиссары А. Пронин қол қойған хат осы күнге дейін сақталған. Онда жауынгерлердің серті: «...Қызыл Армия барлық совет халқының қолдауы арқылы фашист басқыншыларының тас-талқанын шығарады және өзінің жауынгерлік борышын абыроймен орындап шығады...» деген сөздермен жеткізілген.

Осылайша қарағандылықтар майданға сәлемдемө жеткізіп, тыл мен майданның бірлігін одан әрі нығайта түсті.

Қарағанды өңірінің майданға жөнелткен бұдан да басқа кәмегі ұшан-теңіз. Қазақстан тарихында көмірлі өңірдің бұл игісі былайша баяндалады: «Қарағандылықтар еліміздің қорғаныс қорын жасау жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа белсене қатысты. Олар 100 млн. сомнан астам соғыс заемы облигацияларын сатып алды. «Қарағанды шахтері», «Қарағанды теміржолшысы» танк колонналары, «Қарағанды әйелдері» атты санитарлық авиация звеносын құруға көп қаражат жина-

ды. Қарағанды еңбекшілері фашистік басқыншылардан азат етілген Украина шаруашылықтырына зор көмек беріп, оларға 22 мың пұттан астам астық, 55 трактор, 40 тркактор соқасын, 11 мың ірі қара, 40 мыңдай қой-ешкі, 2 млн. сомдай ақша жіберді. Қарағанды әйелдері Донбасс балары үшін бақшалар мен яслилер салып жабдықтауға 3 млн. 307 мың сом ақша жинап, жөнелтті». Бұдан да басқа көмек-жәрдемдер көрсетті. Осының бәрі майдан мен тылдың біртұтастығын көрсетеді. Сарыарқаның сәлемдемесі, ақшадай көмегі, басқа да жәрдемдері Ұлы Жеңісті жақындата түсуге және соғыстан кейін қираған аймақтарды қалпына келтіру ісіне қарағандылықтардың тарапынан қосылған үлес еді.

Тылдағы ерлік еңбек

Қарағандының көмір базасы ретіндегі рөлі өте жоғары болды. Сол жылдары қазыналы өңірдің даңқы кең тарады. Оның өзіндік себебі де бар еді. Батыстағы ірі кен орындары, өндіріс ошақтары жау қолында қалып, барлық салмақ елдің шығысындағы енді ғана аяғын қаз басып келе жатқан өндіріс саласына түсті. Соғыс Қарағанды аймағының шаруашылық және мәдени құрылыстың үшінші бесжылдық жоспарын орындауына кедергі келтірді. Отанға қауіп төнген сәттен-ақ барлық өндіріс ошақтары соғыс жағдайына қарай қайта құрылды.

Уақыт талабына орай облыс еңбекшілері «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Қарағандының еліміздің басты көмір базаларының біріне айналуы да осы ел басына күн туған қаһарлы кундерде еді.

Жау басып алған мекендердегі кәсіпорындар елдің шығыс аумағына жаппай көшіріле бастаған сол жылдарда Қарағандыға да бірқатар кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу институттары және басқа да мекемелер жеткізілген. Солардың ішінде ең негізгісі деп Пархоменко атындағы Луганск көмір машиналарын жасау заводын айтуымызға болады. Ол соғыстың алғашқы айларында-ақ Қарағандыға көшірілген. Соғыс кезеңінде Совет Одағының қолдағы барлық соғыс және өндірістік арсеналарды ұтымды шоғырландырып, жаңа жағдайға шапшаң қалыптастырғанын айту қажет.

Тез арада қатарға қосылып, өнім шығара бастаған

Пархоменко атындағы заводтың жасаған кен жабдықтары **Қарағандының**, Сібір мен Қиыр Шығыстың көмір кеніштеріне **жөнелтілді**. Қарағандыға кен жабдықтарын жасау заводының **құрылуы**, әрі білікті маман-инженерлердің келуі Қарағандыда **көмір қазу машиналарын жасау ісін дамытуға кең жол ашты**. **1942 жылы Жаңа Қарағанды кен-шахта және машина жасау заводтарын құру ісі қолға алынды**.

Тек 1942-44 жылдар аралығында Қарағандыға еліміздің Батысынан 50 мыңнан астам адам көшіріліп әкелінді. Олар **шахталарда, өндіріс орындарында, сондай-ақ халық шаруашылығының түрлі саласында еңбек етті**.

Қарағандының соғыс жылдарындағы еңбек қарқынын еселей арттыруына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылдың 13 қыркүйегіндегі қабылданған «Қарағанды көмір бассейнінде көмір шығаруды ұлғайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» және БК/б/П Орталық Комитетінің осы жылдың 24 қыркүйегінде қабылданған «Көмір шығаруды ұлғайту мәселелерінің қойылуына байланысты Қарағанды көмір бассейнінде партиялық жұмысты жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулылардың маңызы зор болды. Себебі 1942 жылдың күзінен бастап кеніште көмір өндіру көлемі күрт өсті. Жаңа шахталар қауырт ашыла бастады. Егер 1941 жылы өндірістік қуаттылығы жылына 550 мың тонна жаңадан үш шахта ашылса, **ал 1942 жылы қуаттылығы анағұрлым жоғары 12 шахта және екі көмір разрезі пайдалануға берілді**. Егер сол жылдардың көмір шығару көрсеткіштеріне үңілсеңіз мына жайды анық байқауға болады. Қарағандыға соғыстың ең қиын кезеңдерінде көмір өндіру мөлшері үздіксіз өсіп отырған. 1941 жылы Қарағанды кеніші жыл ішінде 7,2 млн. тонна көмір шығарды. Ер азаматтардың майданға кетуі, білікті мамандар қатарының сирексіп қалуы, жер асты ауыр жұмысына әйелдердің, жасөспірімдердің тартылуы көмір өндірудің көрсеткішіне әсерін тигізбей қалған жоқ. Оны 1942 жылы бассейнің бұған дейінгі жылдан сәл аз, 7 млн. тонна көмір өндірілгенінен-ақ анық аңғаруға болады. Алайда бұдан соң жағдай күрт өзгерді. 1943 жылы 9,7 млн. тонна, 1944 жылы 10,9 млн. тонна, ал 1945 жылы 11,3 млн. тонна көмір өндірілген. Сол жылдардың деректері тағы да мына жайларды мәлімдейді. Соғыс жылдары Қарағандыда кокстелген көмір



Қарағандыдағы митингі, 22 маусым 1941 ж.

шығару 2,3 есеге артқан. егер лавалар мен забойларда соғыс жылдарында 43 мың адам еңбек етсе, олардың 35 мыңы жаңадан қабылданғандар еді. Шахтада еңбек ететіндердің біршамасы әйелдер мен қарттар болды. Кеніштің ауыр жұмысына 12 мыңнан астам әйелдер (соның ішінде 2450-і тікелей жерасты забойына) тартылды. Солардың араларынан ерен еңбегімен көзге түскен Ж.Мұқанова, К.Құлжанова, А.Жданова, М.Каримова, Л.Лукина, З.Раева, М.Смағұлова, Б.Ташкеева, М.Тұрлыбаевалардың есімдерін атап өтуге болады.

Жетпіс жасар қарт шахтер Бекбосын Сиқымбаевтың патриоттық өнегесі талайларды жеңіс жолындағы өнімді еңбекке жігерлендірді. Ол 1939 жылы зейнеткерлікке шыққан еді, бірақ ел басына қатер төнгенде қолына қайласын алып шахтаға қайта түсті. Халық ақыны Ілияс Манкин оның ерлігін өзінің «Бекбосын» атты дастанына арқау етті.

Соғыс жылдарындағы көмір өндіру ісінің күрт жоғарлауына Қарағанды көмір кеншінде ғылым мен техниканың үздік жетістіктерінің кеңінен қолданыла бастауының тигізген ықпалы мол болды. Соғыс жылдары №31 шахтаның механигі Семен

Семенович Макаров көмір шығару, қопару, қазу жұмыстарындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру мақсатында өзі жасаған кен комбайнын өндіріске енгізуді ұсынды. Алғашқы сынақтар жаңа техниканың еңбек енімділігі шын мәнісінде жоғарылататынын, жұмыс күшін, яғни еңбек ететін адамдар санын азайтып, көп көмір шығаруға болатындығын дәлелдеді.

Сәмен Макаров Қарағандыдағы еңбек қадамын 1942 жылы №31 шахтада (кейінгі К.Горбачев атындағы шахтада) бастайды. Осы шахтаның бас механигі болып жүргенде өзінің көптен бері кекейінде жүрген ойын жүзеге асырып, кен машинасын жасап шығарады. Көйін осы жұмысын жетілдіру мақсатында ол 1945 жылы Қарағандыдағы кен техникасын жасау және жетілдіру жөніндегі арнаулы конструкторлық бюроның жетекшісі болды. Кейін екінші оайланған КСРО ЖсҒары Кеңесіне депутат болып сайланды.

Міне, соғыстың қызған кезінде іске қосылған Макаров кен комбайны Қарағанды кенішінде еңбек енімділігі күрт көтеруге зор септігін тигізді. Бассейнде социалистік жарыс кең еріс алды. Мәселен, 1943 жылы кеніштегі комсомол-жастар бригадалары жыл ішінде жоспардан тыс және негізгі жұмыс уақытынан тысқары мерзімде 130 эшелон көмір өндірді. Қазыналы Қарағанды барша еліміз тәрізді, Қазақстанның да әр облысының назарында, қамқорлығында болды. Айталық, іргелес Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері Қарағандының №1,2 және 18-ші шахталарын қамқорлыққа алды. Колхоздар мен МТС-терден Қарағандыға 500 жұмысшы жіберілді. Кеншілерді азық-түлікпен, басқа да қажетті жарақтармен жабдықтауға ерекше кеңіл бөлінді.

Соғыс жылдары Қарағандыға Киевтің Леся Украинка атындағы орыс драма театры мен Мәскеудің камералық театры көшіп келген. Олар жергілікті өнер ұжымдарымен, әсіресе радио комитетінің жанындағы Қазақ хорымен қоян-қолтық араласа жұмыс істеді.

Майдан даласында жауынгерлер ұлы жеңіске жетуге ұмтылса, тылда да әр жүрек сол үмітті күнді асыға күтті. Содан да болар, еңбек қарқыны күн санап өсіп, Қарағандының өндірістік қуаты артты, соның мысалы ретінде соғыстың соңғы жылында Қарағанды кеніштері көмір шығаруды соғыс

қарсаңындағы кезеңмен салыстырғанда екі есеге жуық өсіргенін айтуға болады. Ұлы Отан соғысы жылдарына Қарағанды кеншілері Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Қызыл Туын алты мәрте жеңіп алды.

Отты жылдарда оққа айналған жырлар

Отан шебіне тұтқиылдан шабуыл жасап, ажал оғын сепкен неміс фашистерінің темір тағанды әскеріне кеңес халқы жұмылған, жұдырықтай қарсы тұрды. Осы тұста қызыл жауынгерлердің тыл еңбеккерлерінің жігерін жанып, рухын асқақтату алдыңғы қатарға қойылды. Соғыс басталғанына екі апта өтпей-ақ Гурьев, Қызылорда, Семей қалаларында халық ақындарының кеңесі болып өтті. 1941 жылдың 24-25 маусым күндері Қарағандының кеншілер сарайында Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының айтулы жыр дулдүлдері бас қосты. «Асқар таудай еліме, байтақ жатқан жеріме, шапты фашист дегенде, ашуменен аралас жыр да келді көмейге» деп Жамбыл қарт жырлағандай осы бас қосуға келген Шашубай Қошқарбаев, Илияс Манкин, Омар Шипин, Маясар Жапақов, Нұрхан Ахметбеков, Игібай Әлібаев, Сәби Әзденбаев тәрізді ақпа-төкпе ақындардың кекірегінен ерілген жыр жолдары елдің патриоттық сезімін асқақтатып, жасанған жаудың жолын бөгеуге мәмілелесті. Алайда ел басына күн туған ауыр шақтың алғашқы жылдарында кең көлемде додалы сайыстар ұйымдастыруға мүмкіндік болмайды. Республиканың әр өңірінде шашыраңқы айтыстар өткізіліп, халық ақындарының отаншылдық сезімдегі елең-жырлары жергілікті басылымдарда жарық кереді. Жаудың болат құрсанған қалың әскері Мәскеу, Сталинград түбінде ойсырай жеңілгеннен кейін жігері тасып, сезімі селдеген жыр перендері халықтың патриоттық сезімін одан өрі шыңдау бағытында алқалы айтыстар өткізу шағының туғанын айқын аңғарып, билік органдарына өтініш-тілектерін білдіре бастайды. Кеміршілер астанасынан арна тартқан айтыс осыдан алпыс бір жыл бұрын республикалық додаға ұласады. Бұл жөнінде қазақтың классик жазушысы, әдебиет зерттеушісі Мұхтар Әуезов «Совет ақындарының айтысы» мақаласында қазақтың өң алғашқы күрделі, көркем

терең мазмұнды айтысы 1939 жылы Алматы қаласында Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде етті... Сол айтыстан кейін республикалық үлкен айтысты 1943 жылы партия мен екімет басшылығының нұсқауы көмегімен жазушылар ұйымы бастап, бүкіл Қазақстан көлемінде еткізді. Бұл жылғы айтыстың басы ең әуелі, көмір кені, мыс телегейі бар Қарағанды облысында басталды. Сол жылы аз уақыт ішінде айтыс барлық облыстарға жайылды. Қарағандыға үн қосып Қазақстанның көп облыстары совет ақындарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі жаңа мазмұнды айтыстарын жүргізе бастады» деп жазды.

Қарағандыда алғашқы айтыстарды ұйымдастыруға мұрындық болған облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясы болды. Сол бір күндер туралы газеттің соғыс жылдарындағы редакторы Ә.Қарағұлов былай еске алады:

«... Қарағандыда Доскей Әлімбаев дейтін көпті көрген көне, белгілі халық ақыны бар-ды. Редакцияға жиі келіп тұратын. Бірде ол майдандағы армияның ерлігіне арналған елеңін өкеліп, езінің жас кезінде бір ақынмен айтысқаны жөнінде әңгіме айтты. Жұртшылық делебесін қоздыратын, кәріні де, жасты да тебірентетін осы айтыс өнерінің соңғы жылдары ұмыт қалып бара жатқанына қынжылатындығын сездірді. Бұл біздің журналистерге ой салды.

Жергілікті ақын-жазушыларды редакцияға жинап, пікір алыстық. Әуелі екі шахтаның атынан екі халық ақынын айтыстырып көрмек болып ұйғарылды. Екі апта бойы дайындық жұмысы жүргізілді. Осыдан кейін Қарағанды қалалық партия комитеті мен «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясы 1943 жылы 13 шілдеде бассейнде ақын-жазушылар мен кеншілердің кездесуін өткізді.

Кездесу «Ұлы Отан соғысы және Қарағанды кеншілерінің міндеттері» деген тақырыппен етті. Көмір қаласының тарихында болған бұл тұңғыш айрықша бас қосуды облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі секретары, қазіргі профессор Әмір Қанапин ашты. Кеншілердің емірі мен күресін жазу үшін Қарағандыға келіп жатқан белгілі жазушы, қазіргі академик, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов сез сөйлөді. Бұдан соң №18 шахта мен №20 шахтаның жұмыстары туралы ақындар Қайып Айнабеков мен Ілияс Манкин айтысқа шықты...

Ақындардың айтыс өлеңі мен Ғабит Мүсіреповтің сөзі газеттің 16 маусымында 125-номерінде толығымен жарияланды.

Обком бюросы еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстың пәрменділігі күшейту құралы ретінде өзін толық ақтаған жарыстың дәстүрлі халықтық формасы болып табылатын ақындар айтысына үлкен саяси маңыз бере келіп, 14 тамызда Қарағанды мен Балқаш қалалары халық ақындарының айтысын өткізу жөнінде редакцияның қалалық партия комитетімен бірлесіп жасаған ұсынысын мақұлдады».¹⁰

Сөйтіп Қарағандыдағы алғашқы аймақтық айтыс 1943 жылдың 14 тамызы күні Қазақ драма театрында балқаштық Шашубай Қошқарбаев пен қарағандылық Кешен Елеуов арасында өтеді. 1941 жылы Қазақстанға еңбек сіңірген енер қайраткері атағын алған Шашубай сол кезде 78 жаста болса да кәрі қырандай жыр томағасын сыпырып, айшықты өлең жолдарын тау суындай сапыра төгеді.

Байлықтың биік қузын ұялаған,
Қыранмын асқар көрсем қиялаған.
Балқашқа тең келетін шың болмаса,
Шоқыға анау-мынау ұяламан.
Алтайдай биігімсің Қарағанды,
Сен ғана тең келесің мына маған.
Досеке, Кешен қайда, Қайып қайда?
Кемшілік ұқсамайды айыққанға.
Осында барды бар деп, жоқты жоқ деп,
Өзара сынға салсақ, айып бар ма?
«Жатпасын қисық ағаш тез алдында»,
Ақындар соны түгел сезе алдың ба?
Не жайда Қарағанды осы кезде,

Елестет бірің шық та көз алдыма, - деп елдің еңсесін көтерер самалдай торғын жырын ағытады. Ал жыр дүлдүлі Кешен өз кезегінде:

Майданға қару-жарақ, азық-түлік,
Таситын темір жолдың - қаны көмір!
Мүз бұзып, толқын тілген, теңіздерде,
Керемет кемелердің жаны - кемір!
Бүгінгі техникалық тіршілікте.
Кемірсіз, айта алмаймын, бар деп емір.

Сарқылмас сол кемірдің дариясы,
Қаптаған қара алтынның қазынасы.
Шар ұрып, о, Шашеке, шарықтадың,
Аз сезбен айтарыңды анықтадың.
Жаңылып қалмағайсыз, шолып өттім,
Қайратын Қарағанды танытқанын, - деп

аз сезге кеп мағына сидыра отырып, кеншілердің майдан жылдарындағы жанкешті еңбегін мақтан тұта елеңмен ереді.

Айтыстың мәтіні газеттің 18 тамыздағы номерінде жарияланды, ал Қоңыраттағы айтыс тіпті орыс тіліне аударылып, жергілікті газеттерге шықты, үзінділері Л.Пинегинаның «Медный гигант» кітабына енгізілді.¹¹ Сол жылдың күзінде ақындар айтысы кеңінен қанат жайып, қала, аудан, совхоз, колхоз және кәсіпорындар арасындағы жыр бәйгелеріне ұласады. Облыстық партия комитетінің сол кездегі хатшысы Ә.Қанапин 1943 жылдың 5 желтоқсанында «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Сила айтыса» атты мақаласында колхозаралық 10, қалааралық 1, ауданаралық 3, кәсіпорындараралық 2 айтыс еткенін жазады.

1943 жылдың 15 қарашасы күні Қарағанды қаласында 600 адам қатысқан малшылардың облыстық слеті өтеді. Осы келелі кеңесте Маясар мен Шашубай, Болман мен Кешен, Кеншімбаи мен Қайып, Ілияс пен Бұралқы ақындар ез аудандары атынан жыр сайысына түсіп, ауыл еңбеккерлерінің отты жылдардағы ерен еңбегін жырға қосып, кемшіліктерді сын тезіне алады.

Соғыс жылдарында «Оянған өлке» романына материалдар жинау мақсатымен кеміршілер қаласына ат басын тіреген белгілі сез зергері Ғабит Мүсірепов Арқа ақындарының айтысына куә болып, «Советтік Қарағанды» газетінің сол жылғы тамыз айында жарық көрген мақаласында: «Ақындар айтысының бүгінгі іске қандай әсер беретінін кезімен көріп отырған Қарағанды ақындары Қызылорда мен Семей облысының ақындарын айтысқа шақырып қойды», деп жазды. Облыстың белгілі халық ақындары Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков және басқалары Семей облысынан Нурлыбек Баймұратов, Қызылорда облысынан Нартай Бекежановты айтысқа шақырды. Кеп ұзамай Нурлыбек кеміршілер қаласына келді. Қарағанды ақындары Семейге барды. Бұл екі облыс арасында еткен айтыстардың ықшамдалған мәтіндері 23 желтоқсанда облыстық газетте «Асыл сез, тасқынды жыр

жеңіс үшін» деген тақырыппен жарияланып, кейіннен жинаққа енді.

1943 жылдың 29 тамызы күні республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде «Қайдасың Нұрлыбек пен Нартай ақын» деген тақырыппен бір топ қарағандылық жыр сүлейлерінің өлең-арнауы жарияланады. Оған Доскей, Шашубай, Қайып, Сәби, Көшен ақындар қол қояды. Ондағы:

Майданда күн туатын марқаятын,
Құлшынып ұрандамас қандай ақын.
Белінен Сарыарқаның дабыл қақтық,
Қайдасың Нұрлыбек пен Нартай ақын?
... Белсеніп шық айтысқа балуаның,
Сезіміз жайы болсын шаруаның.
Жиналып кеңесейік- бас қосайық,
Халықтың көтеруге аруағын! - деген

жыр жолдары жер-жердегі тарлан ақындардың талайының қолына қайырадан үкілі домбырасын алдырып, облыстық жыр додаларын өткізуге мұрындық болды. Сол жылдың күзінде-ақ Қызылорда, Гурьев, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Семей облыстарында халық ақындарының айтысы болып өтті. Жыр додалары өтпес бұрын айтыс ақындары өндіріс орындарын, ауыл-селоларды аралап, кеншілердің, малшылар мен егіншілердің жұмыс жайымен танысты. Әлеуметтік салалардың жағдайына да баса назар аударды. Кейбір облыстарда Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері болып, айтыс алдында әдістемелік жәрдем көрсетті. Осындай жан-жақты әзірліктен кейін республикалық айтыс өткізуге ұйғарым жасалды.

Жалынды жырларын ел басына күн туған шақта жауды жеңуге арнаған республикалық ақындар айтысы 1943 жылдың 4 желтоқсан күні кешке сағат 8-де Алматыдағы академиялық опера және балет театрында басталды. Сол күнгі «Социалистік Қазақстан» газетінде «Асыл ой, ағынды жыр жеңіс мүддесіне арналсын» деген тақырыппен бас мақала беріледі. Ақындар айтысының тұсауын жүз жасқа табан тіреген Жамбыл Жаббаев толғау өлеңімен кеседі.

Айтыстың екінші күнінде Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда ақындары айтысқа түседі. Мұнда Орынбай, Әлібек, Қазанғап, Нартай мен Ұржамал ақындар бақ сынайды. Жыр додасының екінші күні Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Алматы об-

лыстарының жыр дүлдүлдері айтысқа түседі. Театрға жиналған қалың қауымды Жамбыл, Нартай, Қуат, Молдахмет тәрізді айтыс өнерінің ақиықтары кестелі сөз, көрікті ойларымен тәнті етеді. Айтыстың соңғы үшінші күнінде Маясар Жапақов пен (Қарағанды) Нұрлыбек Баймұратов (Семей), Жолдыкей Нұрмағамбетовпен (Қарағанды) Төңірберген Әміренов (Семей) және басқа жыр саңлақтары сайысқа түсіп, отты жылдардағы ел тынысын, майдан жайын майы тамған шуақты жырларына қосады. 8 желтоқсан күні республикалық айтыстың қорытынды мәжілісі болады. Айтыстың сараптама қорытындысын қазылар алқасының ұйғарымы бойынша Ғабит Мүсірепов хабарлайды. Бас бәйге жыр алыбы Жамбылдың еншісіне тиігі, атан түйе мен оқалы шапанға ие болады.

Бірінші төрт жүлденің біреуін Шет ауданының жампоз ақыны Маясар Жапақов алып, ат мініп, шапан жамылады. Үшінші орындағы сегіз жүлденің біреуін Жолдыкей Нұрмағамбетов иеленіп, шапан киіп, ескерткіш сағат тағады. Ынталандыру сыйлығына қарағандылықтар Болман Қожабаев, Кешен Елеуов, Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев тәрізді айтыстың ақиық тарландары иеленді. Халық ақындарының республикалық айтысына қатысушылардың атынан Жоғары Бас Қолбасшыға құттықтау хат қабылданды. Өлеңмен өрілген осы хаттың мәтіні 1943 жылдың 19 желтоқсанында «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарық көреді. Сол айда Н.Титовтың тәржімалауымен Маясар мен Жолдыкейдің айтысы «Казахстанская правда» газетінде жарияланады. Республикалық айтыютың құрметті тералқасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылары Ж.Шаяхметов, А.Қойшығұлов, І.Омаров, Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасынов, Кеңес Одағының маршалы С.Буденный, КСРО Жазушылар одағының хатшысы В.Вишневскийдің болуы жыр додасының мән-маңызын арттыра түседі. Бұл женінде белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуші Көбей Сейдеханов «Қаһарлы сөз қамал бұзады» атты танымдық кітабында қызғылықты деректер келтіреді. Халық ақындарының соғыс жылдарындағы айтыстарының таңдаулы үлгілері 1942 жылы «Айтыс», 1943 жылы «Қарағанды ақындарының айтысы» жинақтарына енеді. Олардың біразы сол жылдары облыстық газеттерде жарияланып, кейіннен Қазақстан Ғылым академиясы мен М.Әуезов атындағы әде-

биет және өнер институтының қорына алынады. Сонымен қатар 1966 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген үш томдық кітапқа қарағандылық Шашубай, Көшен, Маясар, Қайып, Ілияс, Болман, Нияз ақындардың 1943-1945 жылдар аралығындағы 5 айтысы кірсе, 1946-1957 жылдардағы Ғабдіман мен Жолдыкейдің, Иманжан мен Әбілқасеннің айтыстары жарияланған.

Бірталай үлгілер жоғарыда аталған К. Сейдеханов құрастырған кітапқа енгізілген.¹² Сайып келгенде Ұлы Отан соғысы кезіндегі айтыстар халықты еселі еңбекке жумылдыруды, кенес сарбаздарын отаншылдық рухта тәрбиелеп, жеңіс сағатын жақындатуды мұрат тұтты. Сонымен қатар сол жылдардағы айтыстардың бәрінде жұмыстағы, тұрмыстағы кемшіліктер батыл сыналып, оны жою бағытында шұғыл міндеттер қойылды.

Жалпы алғанда Қарағанды облысы елімізге ең көп айтыс ақындарын берген өлке. Қазыналы өлкеден шыққан талай марқасқа таланттар ақпа-төкпе ақындығымен көпке танылып, сондарына мол әдеби мұра қалдырды. Әйтседе облыстық, аудандық, ауылішілік айтыстардың әлі күнге дейін сарғайған газет тігінділерінде, жеке адамдардың архивінде ғана қалып отырғандығы көңілге кірбің түсіреді. Арқадағы айтыс дәстүрі ондаған жылдар хатпен қайымдасуға немесе жазып айтысуға апарғанын да қалың көпшілік біледі. Әйтсе де суырып салма ақындық жоралғыны қайыра жаңғыртуға кейінде жерлесіміз Жүрсін Ерманов тәрізді ұлтжанды азамат, өзі де тамаша ақын қайыра жаңғыртып бүгінде барша республика көлемінде үлкен насихатшылық жұмыс атқаруда. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтқанда Қарағанды облысынан шыққан халық ақындарының көкірегінен өрілген айтыстың озық үлгілері аз емес. Ендігі таңда солардың тірнектеп жинап, бірнеше томдық айтыс жинақтарын шығарса өлкенің мәдени еміріндегі елеулі руханият құбылысы болары даусыз. Бұл игілікті жұмыс қазыналы Қарағандының 70 жылдық мүшелтойына баға жетпес тарту болар еді. Әрі мәдени мұраларды ел игілігіне жарату жөніндегі укіметтік бағдарламаның аймақта жүзеге асуының шынайы көрінісіне айналары даусыз.

(Осы материалды жазуға Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ғаббас Смағұлов қатысты).

Жарқырады Ерлердің жұлдыздары

Күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, репрессия, қанқұйлы соғыс сияқты ауыр кезеңдерді бастан кешкен халық Ұлы Отан соғысынан кейін «ух» деп бір дем алып, бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне құлшына кірісіп кетті. Сталиндік тоталитарлық режим де халыққа бір ауық тыныштық беріп, бар игіліктің иесі – жұмысшы табының беделін кетеру шараларын ойластырды. Соған орай моральдық-материалдық ынталандыру шаралары қарастырылды. Тіпті бір жолғы жоғары көрсеткіші үшін орден, медальдармен, аса үздік нәтиже үшін Социалистік Еңбек Ері сияқты құрметті атақпен наградтау осы жылдары белен алды.

Республика халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың төртінші бес жылдыққа арналған жоспарында экономикалық және мәдени орталық ретінде Қарағандыға ерекше орын берілді. 1946-1950 жылдары облыстың барлық шаруашылық салаларын, алдымен көмір өнеркәсібін интенсивті дамыту көзделді. Жалпы қуаты 6,5 млн. тонналық 17 шахта салу, Саран және Шерубай-Нұра көмір кеніштерін игеру жоспарланды.

Өндірістің барлық салаларында социалистік жарыс кенінен ерістеді. Мұнда да алдыңғы қатарда шахтерлер болды. Мәселен №33/34 шахтасының проходкашылар бригадирі Петр Акулов кен қазбаларын дайындауда жоғарғы қарқынға жету жөнінде бастама кетерді. 1946 жылғы 24 қазанда оның бригадасы 17 тәуліктік норманы орындап, одақтық рекорд керсетті. Бұл бастаманы көмір комбайнының машинисі Бәшір Нұрмағамбетов, навалоотбойшылар бригадирі Сәкен Шоманов, проходкашы Ғалиолла Хайрулин және басқалары қолдады.

Көмір өнеркәсібінде жоғары нәтижеге жетуде Қарағанды конструкторы Семен Макаровтың ойлап шығарған кен комбайнының маңызы зор болды. Ол жасаған ГММ-1 (Макаров кен комбайны) шахталарда кеңінен қолданыла бастады. 1947 жылдың өзінде осындай 24 құрылғы жұмыс істеді, соның нәтижесінде бассейнде ең жоғары еңбек өнімділігіне қол жетті. Яғни айына 15822 тонна, жылына 417 мың тонна көмір өндірілді. Бұдан кейін өндіріс жаңашылы



Т.Күзембаев пен С.Макаров.

ГМК–2, КМ–6М, КМ–4М көмір комбайндарын, УДП–2 көмір қопарып тиейтін машина құрастырды. Ол басқарған шағын топ Қарағандыдағы кен техникасын жасау және жетілдіру жөніндегі арнаулы конструкторлық бюро құруға ұласты. 1948 жылғы 9 маусымдағы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен «Көмірді бірден шауып құлатып, оны ұзын забойлардағы транспортерлерге тиеу үшін Макаров системасындағы жоғары өнімді комбайнның конструкциясын жасап, оны өндірісте қолданғаны үшін» конструкторлар С.Макаров, П.Денисов, №31 шахтаның бастығы Л.Егоров КСРО мемлекеттік сыйлығын алды. Сол қаулымен Қарағанды көмір бассейнінде кокстелетін көмірдің жаңа учаскелерін ашуды қамтамасыз еткен геологиялық зерттеу жұмыстары үшін ғалым-геологтар А.Гапеев, Г.Кушев, Г.Медоев және «Қазақ көмір барлау» тресінің геологы З.Семенова да одақтық мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Шахтерлердің социалистік жарысты өрістетудегі ролі ескеріліп 1947 жылдың 10 қыркүйегінде КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен кәсіби мереке – Шахтер күні тағайындалып, жыл сайын тамыздың соңғы жексенбісінде атап

ету белгіленді. Мұның өзі 1935 жылы көмір өнеркәсібінде басталған стахановшылар қозғалысына көрсетілген құрмет еді. Осыған орай Қарағандыда алғашқы Шахтер күні 1948 жылғы 27 тамызда кең көлемде атап өтілді. Бассөйін шахталарында салтанатты жиналыстар болып, онда соғыстан кейінгі бесжылдық ішінде атқарылған істер қорытындыланды. Алғашқы мерекені қарағандылықтар зор өрлеу үстінде қарсы алды. Өйткені КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Одақта 150 шахтерге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Солардың ішінен 10 адам қарағандылық болып шықты. Олар: озат кеншілер, №33/34 шахтасының проходкашылар бригадирі Пётр Акулов, Костенко атындағы шахтаның кеншісі Жансейіт Абдрахманов, №8/9 шахтасының навалоотбойшылар бригадирі Мұстафа Айтқұлов №44/45 шахтасының комбайн-машинисі Бәшір Нұрмағамбетов, №64 шахтаның проходкашысы Ғалиолла Хайруллин, №18/5 шахтасының навалоотбойшылар бригадирі Сәкен Шоманов және өндіріс командирлері, Киров көмір тресінің басқарушысы А.Воронков, №44/45 шахтасының бастығы Түсіп Күзембаев, №20 шахтасының бастығы Д.Обухов, Қарағанды көмір комбинатының бастығы В.Шибаяев еді.

Сол жылдары ауыл шаруашылығы еңбеккерлері де екпінді еңбектерімен керіне білді. «Алтын жұлдызға» алдымен облыс диқандарының өкілдері ие болды. Облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің 1948 жылғы 30 сәуір күнгі номерінде мынадай хабар жарияланды: «Кеше ҚК(б)П облыстық комитетінде КСР Одағы Жоғары Советі Президиумының Жарлығы бойынша Социалистік Еңбек Ері атағы берілген облысымыздың озат адамдарына ордендер мен медальдар тапсыруға арналған салтанатты мәжіліс болды. КСР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы атынан ҚК(б)П облыстық комитетінің секретары Абабков жолдас Социалистік Еңбек Ерлеріне – Тельман ауданына қарайтын Доскей атындағы колхсздың звено бастығы Дәкей Асылбекова, Нұра ауданындағы Киевка МТС-інің трактор бригадасының бригадирі Ибрагим Смағұлов, Киевка МТС-інің директоры Даниил Ильич Скоромный жолдастарға Ленин орденін және «Орақ пен Балға» алтын медалін тапсырды... Киевка МТС-індегі трактор бригадасының бригадирі Смағұлов жолдас



Социалистік Еңбек Ері С.Шомановтың
(алдыңғы қатарда) бригадасы.

сөйлеп: – Биыл Осакаров ауданындағы Ударный МТС-інің трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Герасимов жолдасты жарысқа шақырамын, – деді».

Енді газеттің 28 шілде күнгі «Социалистік Еңбек Ерлерінің даңқы арта берсін» деген мақалаға назар аударайық. Онда былай делінген: «КСР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының осы жылғы 23 шілдедегі жарлығы бойынша Социалистік Еңбек Ері атанғандардың ішінде Қарағанды облысының 17 озат малшысы бар. Олар: Қарқаралы ауданындағы «Жөншілік» колхозының сиыршысы Дүйсен Байғұлин, «Томар» колхозының шопаны Жақсылық Басымбеков, «Үштөбе» колхозының шопаны Жақыпбек Бейсембаев, Шет ауданындағы «Шет жарық» колхозының шопаны Әбду Қайқыбасов, Қоңырат ауданындағы «Қуаныш» колхозының шопаны Сәтибек Ыбыраев, Жезқазған ауданындағы «Бірлестік» колхозының шопаны Абайділда Жұмыртқинов, тағы басқа жолдастар».

Келесі 1949 жыл да облыс малшылары үшін табысты болды. Тағы да 23 адам Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауларына «Алтын жұлдыз» қадады. Осы екі жыл облыс еңбекшілері үшін

шын мәнінде «жұлдыз жауған жыл» болды.

-Облыстың қоғамдық-саяси өмірінде де үлкен оқиғалар болып жатты. 1946 жылы КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауы болып өтіп, облыс аумағынан балқаштық металлург А.Әлімжанов, атақты геолог Қ.Сәтбаев және конструктор С.Макаров пен сауыншы А.Миденко депутат болып сайланды. Қаныш Сәтбаев 1950 жылы үшінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің депутаты болу құрметіне де ие болды.

Қаныш Имантайұлы 1926 жылдан бері Қарсақбай, Жезқазған өңірінің кен байлығын зерттеп, Жезқазған мыс кенішінің қоры орасан зор екендігін дәлелдеді. Оған ғылыми атақ беріліп, жаңадан ашылған Қазақ КСР Ғылым академиясын басқару міндеті тапсырылды. Қазақстандық геологтар Орталық Қазақстан аймағының кен қойнауын барлап, өлкеде Менделеев кестесіндегі барлық дерлік элементтер бар екендігін анықтады. 1949 жылы Қарағандыда Ғылым академиясының Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту мәселелері жөніндегі көшпелі сессиясы болып өтті. Онда Қ.Сәтбаев бастаған ғұлама ғалымдар баяндамалар жасап, Орталық Қазақстанның байлығын барша әлемге мәлім етті. Сөйтіп, Қарағанды өңірі дамудың даңғыл жолына түсті.

Іргелі ғылым орталығы

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң Қарағанды өңірін игеруді ғылыми негізде жүргізу қолға алынды. Егер бұған дейін кен алу, өндіру жұмыстары алға қойылған тапсырма мен міндеттерді орындау мақсатында ғана еш ғылыми негізге сүйенбей, тек Отан игілігі үшін мол көмір шығару қажет деген жалпы ұран аясында жүргізіліп келсе, өндіріс жерде жер асты мол байлығын жән-жосықсыз, жүйесіз қопарып ала берудің реті жоғы белгілі болды. Соған орай Қарағанды өңірінде көмір саласының арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашу қажеттігі туындаған. Бұл жалғыз көмір өндіру саласына ғана қатысты болып қойған жоқ. Халық шаруашылығының басқа да саласын ғылыми негізге үйлестіру қажет болды. Соған қоса өндірістің жаңа құрылымдарының өмірге келуіне орай, Қарағандыда жергілікті маман кадрларды, оның ішінде көмір өндірісі,



Академик Е.Бөкетов.

техника саласының орта буын кадрларын даярлау қажеттігі туындаған.

Міне, осындай игі іске түбегейлі бетбұрыс жасауға Ұлы Отан соғысы Жеңіспен аяқталған соң ғана мүмкіндік туған еді. Бұл жөнінде Қазақстан қалаларының тарихына арналған «Қарағанды» (1989) кітабында былай делінген: «Қазақстан мен Орта Азия көмір өнеркәсібінің дамуы Орталық Қазақстанда жоғары өнімді жаңа технологиялық жүйелер белгілеу, газы көп, жарылыс әрі ерт қаупі күшті көмір қабаттарын игеру жағдайында кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін және бұл жұмыстарға қажетті құралдар жасау мәселелерін шешетін өзіндік ғылыми-зерттеу базасын ұйымдастыруды қажет етті». Иә, мәселенің соншалықты маңыздылығына байланысты 1945 жылдың соңында-ақ Қарағандыда Макеевка ғылыми-зерттеу институтының (МакНИИ) ғылыми-техникалық станциясы ашылған болатын. Ал осы негізде 1946 жылы жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі Шығыс ғылыми-зерттеу институтының (ВостНИИ) Қарағанды бөлімшесі құрылады. Ал, 1947 жылы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының Қарағанды бөлімшесі өмірге келді. Міне, көріп отырғанымыздай, ендігі жерде барлық жұмысты ғылыми негізге сүйене жүзеге асыру,

еңбек қауіпсіздігін сақтау мәселесіне баса көңіл бөліне бастады.

Елуінші жылдар Қарағандының шын мәнісінде ғылым мен білім орталығына айналуының негізі қаланған жылдар болды. Соның ішінде шоқтығы биіктерге қысқаша тоқталсақ, Қарағанды шежіресіндегі мына жайларды айналып өтуге болмайды. 1952 жылы Бүкілодақтық көмір ғылыми-зерттеу институты мен Шығыс ғылыми-зерттеу институты жергілікті бөлімшелері негізінде Қарағанды көмір ғылыми-зерттеу институты (КНИУИ) өмірге келді. Оның басшысы болып болашақ академик Ә. Сағынов тағайындалды. Келесі жылы оның құрамына С.Макаровтың арнаулы конструкторлық-тәжірибелік бюросы қосылды. Институт ғалымдарының өндіріспен біте қайнаса еңбектенуі нәтижесіз болмады. Сөйтіп лавалардан алынатын өнімдерді арттыра түсуге мүмкіндік ашылды. Ал, 1958 жылы Көмір және кен машиналарын жобалау институты құрылды. Олар шығарған Қарағанды – 7/15 проходка комбайны екі мәрте дүниежүзілік рекордтың Қарағанды топырағында дүниеге келуіне себепші болса, комбайнды жасаушы топ (Г.Қосжанов, Б.Бреннер, А.Шманов, Н.Юдин) 1967 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығын иеленген. Кейін ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары өндіріске талай жаңалық пен өнімді техникаларды енгізді. Сол арқылы Қарағанды кенішінде еңбек өнімділігі еселей артқан болатын.

Қарағанды еңіріндегі жұмысты ғылыми негізге бұруда ҚазКСР Ғылым Академиясының қосқан үлесінің мол болғанын ұмытуға болмайды. Жоғарыда аталған игі істер 1949 жылғы маусымда Орталық Қазақстанды дамытудың мәселелерін арқау еткен республика Ғылым Академиясының Қарағандыда өткен кешпелі сессиясынан соң жедеғабыл қолға алынған шаралар еді.

Ендігі жерде Қарағандыға тек көмірдің орталығы ретінде ғана қарамай осы өңірде химия және металлургия саласын дамыту қажеттігі де күн тәртібіне қойылды. Шапшаң дамып келе жатқан осы саланың жұмысын ғылыми үйлестіру мақсатында 1958 жылы ҚазКСР ҒА-ның Химия-металлургия институты құрылды. Оның алғашқы директоры И.Әзербәев, ал 1960 жылдан белгілі ғалым Е.Бөкетов болды. Жаңа институттың ғылыми зерттеулерінің басты бағыты – Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс балқытуды оттегін

қолдана отырып күрт арттыру және шикізатты кешенді пайдалану, Қазақстанның темір кендері мен ферроқорытпа шикізаттарын кешенді пайдалану, соның ішінде қоңыр темір мен марганец рудаларын металлургиялық жолмен айыру технологиясының негіздерін физикалық-химиялық жағынан зерттеу болды. Алғашқы еңбек 1969 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығымен аталып өтілді. Институтты 1972 жылдан ҒА корреспондент-мүшесі Ж.Әбішев басқарды, қазір осы мекеме сол ғалымның атымен аталады.

Аймақтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты Қарағандыға медицина саласының қауырт дамуы да осы елуінші жылдар еді. Жер асты шахталарында еңбек ету, өндірістің түрлі саласының дамуы кәсіптік ауруларды туындатты. Соған орай 1958 жылы Қарағандыға Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар институты құрылды.

Қарағанды өңірін ғылыми негізде дамыту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Мәселен 1958 жылдың қарашасында тағы да академик Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі және Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ғылыми-техникалық комитеті бірлесіп шақырған ҚазССР ҒА бірлескен сессиясы өтіп, оның жұмысына Мәскеу, Ленинград, Свердловск, Алматы және басқа қалалардың ғалымдары қатысты. Сессияда көмір өнеркәсібін, түсті және қара металлургияны, химия өнеркәсібін дамыту, аймақты сумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланған еді.

Осылайша Қарағанды көмір, қара металлургия және химия саласы ғалымдарының басын біріктірген іргелі ғылыми орталық ретінде сол елуінші жылдары таныла бастады. Қаланың жыл сайын қарқынды өсуі, түрлі салаларда мамандарға деген сұранымның артуы білім саласын да жаңа деңгейге көтеруді талап етті.

Төртінші бесжылдықта барша Қазақстан тәрізді Қарағандыға да жалпыға ортақ 7 жылдық білім беруді енгізу ісі аяқталды. Тек 1952 жылы Қарағандыда 24 мектеп салынып, пайдалануға беріледі. Онда 5000-нан астам оқушы оқыды.

Барша еліміздегідей Қарағандыда да 1957-58 оқу жылдарынан білім берудің жаңа кезеңі басталады. Осы оқу жылында қаладағы 82 күндізгі және 2 кешкі мектептерде



Қарағанды техникалық университетінің
профессор-оқытушылары.

барлығы 47880 оқушы оқыған. Мұғалім кадрларды даярлауда Қарағанды мұғалімдер институтының атқарған өңбегі зор. Ол 1938 жылы ашылған еді, 1952 жылы Қарағанды педагогика институты болып қайта құрылды. 1958 жылы институтта 107 оқытушы қызмет етсе, соның 22-сінің ғылыми дәрежесі болды. Ал, соғыс қарсаңында мұғалімдер институтында 2-ақ ғылым кандидаты болған.

Қарағанды медицина институты да 1950 жылдың қыркүйегінде ашылған. Оның алғашқы оқытушылары қатарында кейін Орталық Қазақстандағы денсаулық сақтау саласының ірі мамандары атанған П.Поспелов, Х.Мақажанов, Ф.Курганская, А.Тимофеевич, Л.Богацкая, Г.Галиакбарова және басқалар болған. 1955 жылдың жазында Қарағанды мединститутының тұңғыш түлектері дәрігер мамандығын алып шықты. Үлкен өмірге жолдама алған 94 жас дәрігердің 15-і қазақ еді.

Бүгінде Қарағанды техникалық университеті деген атпен белгілі Қарағанды кен институты да 1953 жылдың 12 маусымында ашылған. Оқу орнының тұңғыш ректоры Д.Нұрмұхамедов болды. 1958 жылы осы оқу орнын 158 адам бітірген, алғаш инженер мамандығын алған осы жастардың 41-і қазақ.

Отызыншы жылдары ашылған Қарағанды кен техникумы

мен Қарағанды медицина училищесі шоғырына, 1950 жылы индустриалды техникум, педагогикалық училище, 1952 жылы музыка училищесі қосылды. Соғыстан кейінгі кезеңде, елуінші жылдары кешегі шахтерлер қалаоы Қарағанды ооылайша ғылым мен білімнің қарашаңырағына айналған болатын.

Таңғажайып нәтижелер

Қарағанды кеніші дегенде ең алдымен шахтер қауымының ерен еңбегі, олардың сыртқа шығарған тау-тау көмірінің көз алдыңызға келері анық. Қарағандының іргетасы қалана бастаған сонау 30-жылдардың басынан-ақ осы бір өндірісті өлкеге тән өнегелі дәстүр екпінді еңбек болған еді. Қай сала болмасын өз алдына міндет қойып, оны үнемі уақытынан бұрын, шапшаң орындап шығуға ұмтылып жатты. Олай етпейінше тыңнан жол салып жас шаһарды экономикалық жағынан өркендету де мүмкін емес еді.

Өткен күндер сорабына үңілер болсақ, Қарағанды өңіріндегі алғашқы табыстар мен рекордтардың тамыры тереңде жатқандығын аңдауымызға болады. Иә, Қарағанды топырағында әлденеше мәрте дүниежүзілік, одақтық рекордтар өмірге келді. Оны жүзеге асырып, өздерінің де, кеніштің де даңқын айдай әлемге танытқандар қарапайым еңбек адамы – шахтерлер болатын.

Стаханов қозғалысы Одақ келемінде қауырт дамып, баршадан қолдау тапқан 30-жылдары «рекорд» деген ұғым Қарағанды жұртына ұғынықты бола бастады. Ол бұған дейін ешкім де жетпеген межеге қол жеткізу, басқадан жақсы нәтижеге жету деген түсінік болатын. Кейінде тек спорттық төрмин ретінде қабылданып жүрген рекордты кезінде Қарағанды кеншілері таңоық көрген жоқ. Солардың арна басында есімі Қарағанды жұртына жақсы танымал ардақты азаматымыз, атағы барша Одаққа тарап тұрды. Түсекеңнің бригадасы отызыншы жылдардың екінші жартысында тамаша еңбек табыстарына қол жеткізе білді. Сол ерен еңбегінің нәтижесінде Қарағанды кенішінде алғашқылардың бірі болып Ленин орденін, одан кейін Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын омырауына тақты.

Осы жерде рекордтар не үшін жасалады деген жалпы

сауалға қысқаша жауап бере кеткен жөн. Қай өндіріс саласы болмасын үнемі өсіп, дамып, жетіліп отырады. Өндірістегі бүгінгі жоғары көрсеткішті ертеңгі нормаға айналдыру үшін үнемі ізденіс қалыптасады. Сол үшін жұмыстың неғұрлым тиімді едістерін игеру, жаңа техникалар мен технологияларды өндіріске тұрақты енгізіп отыру тәрізді жұмыстар қалыпты жүзеге асырылады.

Осындай ілгеріге ұмтылушылық Ұлы Отан соғысы қарсаңында кеніште жаппай көрініс тапқан. Мұның өзі аз мерзім ішінде Қарағандының еліміздің үшінші кемір ошағы атануына да септігін тигізген. Өндіріліп жатқан мол кемір осы өңірде өндірістің басқа да салаларын дамытуға жол ашты. Қарағандының болашағына баршаның сенімін ұялатты. Әсіресе, ел басына күн туған қаһарлы соғыс жылдары шахтерлер еңбегі тың қарқынға ие болды. Оған басты себеп Отанға энергияның негізгі көзі саналатын көмірдің көп қажеттілігі болатын. Батыстағы іргелі кеніш жау қолында қалған тұста бар ауыртпашылық Кузбасс пен Қарағандыға түсті. Оны кеншілер жақсы түсінді. Ер азаматтар майданға аттанып, олардың орнын әйелдер мен жеткіншектер басқан сол бір қилы кезеңде де Қарағанды кеніші көмір шығаруды бір сәт төмендеткен емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір көрсеткіштерді тағы бір қайталаудың еш артықтығы жоқ деп білеміз. Қарағанды кеніші 1942 жылы 7 млн. тонна, 1943 жылы 9,7 млн. тонна, 1944 жылы 10,9 млн. тонна, ал 1945 жылы 11,3 млн. тонна көмір өндірген. Мұны да езіндік рекордтар деп қабылдаған абзал.

Қарағанды кеніштерінде ауыр қол еңбегін алмастыратын өнімді машиналар ойлап табуға деген ізденіс Ұлы Отан соғысы жылдарында қолға алынған. 1945 жылы № 31 шахтаның механигі С.Макаров өнеркәсіптік жағдайда кең алымды комбайн ойлап тауып, сынақтан өткізді, соның негізінде өнімділігі жоғары бірсыпыра машиналар шығарылды. Нәтижесінде жаңа рекордтар өмірге келді. Мәселен, 1957 жылдың қаңтарында №31 шахтадағы Е.Таушкин, В.Ким, И.Сова басқаратын бригадалар Бүкілодақтық рекорд жасады. Олар «Донбасс» кен комбайнымен бір ай ішінде 28025 тонна көмір өндірді.

1957 жылдың наурыз айы Қарағанды кенішінің тарихына

тағы бір даңқты бет қосты. Осы айда №37 шахтада 31 жұмыс күнінде кең алымды «Донбасс» комбайнымен 31500 тонна көмір шығарылып, дүниежүзілік рекорд жасалды. Осы айтулы істі жүзеге асырғандар В. Мершавканың учаскесіндегі И. Попков, А. Мирошниченко, И. Дудовалов жетекшілік ететін бригадалардың аптал азаматтары болатын. Рекордты №31 және №37 шахтаның кеншілері қатарынан төрт жыл бойы 5 мәрте жаңартып (соңғы рет 1965 жылы наурыз айында 58200 тонна көрсеткішке қол жетті), өндірілген көмір мөлшерін үнемі молайтып отырды. Олардың көмір өндіру саласындағы қол жеткізген тамаша табыстары дүниежүзілік рекордтар ретінде әлемдік көмір өндірісінің тарихына алтын әріппен жазылып қалды.

Ал 60-шы жылдардың басында Қарағанды шахталарына Макаров комбайнының негізінде құрастырылған тар алымды техника келді. К-52М, 2К-52, К-58М, КШ-1 КГ және тағы басқа комбайндар тазарту забойларында кеңінен қолданыла бастады. Лаваларда механикаландырылған жылжымалы тіреулері бар комплекстерді енгізу еңбектің қауіпсіздігін арттыруға, қол еңбегін азайтуға, шахтерлердің еңбек өнімділігін еселей түсуге мүмкіндік берді.

Қарағандылықтар көн орындарындағы 60-70 жылдардағы өмірге келген республикалық, бүкілодақтық рекордтарды әлі ұмыта қойған жоқ. Ол еңбек табысының тамаша үлгісі, шахтер ісінің зор мүмкіндігі ретінде зерделерге сақталды.

Қарағанды кеніші сол жылдары жасампаз еңбектің талай жемісін көрді. №33/34 шахтаның А.Қан (1968 жылы мамыр айында 2К-52 комбайнымен 75344 тонна және 1970 жылғы наурыз, сәуір айларында 31 жұмыс күні ішінде 113 400 тонна көмір өндірілді), А.Романюта (1971 жылы наурыз айында 80050 тонна), «Михайловка» шахтасының О.Ишхнели басқаратын учаскенің қол жеткізген нәтижесі қарағандылықтардың жадында. Михайловкалықтардың 31 жұмыс күні ішінде 177023 тонна көмір шығарған Бүкілодақтық үздік нәтижесін күні кешеге дейін бассейнде ешкім жаңарта алған жоқ.

Рекордтар – қажырлы еңбек, сонымен қоса сала инженер-техниктері мен ғалымдарының ақыл-ой ізденісінің нәтижесі. Соның арқасында тек көмір өндіру саласында ғана емес проходка қазуда да қарағандылықтар алдыңғы лектен көрініп

отырды. 1965 жылғы наурыз айында Л.Дандзбергтің комплексті бригадасы «Қарағанды тау-кен машиналарын жобалау» институты жасап шығарған «Қарағанды – 7/15 проходка комбайнының көмегімен 31 жұмыс күннің ішінде 1803 кума метр кенорнын жүріп өтті. Бұл дүниежүзілік рекорд еді. 1966-1967 жылдары осы бригада аталмыш комбайнмен рекордтық нәтижені 2280 және 2523 метр деңгейіне жеткізді.¹³

Қарағанды кеніші өзінің даму, қалыптасу, өркендеу кезеңінде шын мәнісінде еңбек рекордтарының мекені болды. Сол дәстүр еліміз егемендік алған жылдарда да жанды жалғасын тауып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Қарағанды кеншілері өзінің даңқты еңбек дәстүрін Тәуелсіздік туы астында тың серпінмен жаңа қырынан түлетті. 2002 жылдың тамыз айында Костенко және Күзембаев атындағы шахталардың С.Мустивко және М.Бесперстов басқаратын учаскелері 31 жұмыс күні ішінде тиісінше 280415 және 250442 тонна көмір өндіріп, жаңа заманның жаңаша рекордын жасады. Ал сол жылғы қазан айында «Тентек» шахтасының В.Егоров басқаратын учаскесі рекордтың деңгейін 412030 тоннаға дейін көтерді! Қажырлы еңбек, ілгеріге ұмтылыс, мол өнім шығаруға ұмтылыс жолындағы қарағандылық кеншілердің қалыпты еңбек дәстүрінің осылайша келер күнмен сабақтасып отырғаны көңілдерге жылылық ұялатады.

Республикадағы екінші

Жетпісінші-сексенінші жылдар Қарағандының экономикалық өркендеуі тәрізді әлеуметтік-мәдени өміріне, сондай-ақ ғылым мен білім саласына келелі табыстар әкелген айтулы кезең болды. Егер бұл күнде астана мен облыс орталықтары түгілі аудан орталығының өзінде университет пен академия деп аталатын түп-тегі шикі оқу орындары көптеп саналғанымен, сол 70-ші жылдың басында Қазақстанда білімнің іргелі қарашаңырағы, баршаның мақтанышы Алматыдағы жалғыз ғана Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті болатын.

Ел экономикасының дамуы, республикамыздың орталық және солтүстік өңірлеріне білікті маман кадрлар даярлау мақ-

сатында Қарағандыда 1972 жылы университет ашу туралы шешім қабылданды. Бұл республика көлеміндегі аса маңызды оқиға еді. Болашақ университеттің іргетасы сол 1972 жылы қаланың жаңа дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс бөлігінде қаланды. Жаңа университеттің болашақ ғимаратының алғашқы тасын қалауға арналған үлкен салтанат өтіп, оған академик-жазушы Сәбит Мұқанов арнайы келді. Университеттің тұңғыш ректоры болып, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, техника ғылымдарының докторы, профессор, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Жазушылар одағының мүшесі Евней Арыстанұлы Бөкетов тағайындалды.

Алғашқы оқу жылында университеттің биология, тарих, математика, химия, физика, филология, экономика, заң факультеттерінде 4820 студент оқыды. Оларға 38 кафедрада 280 ұстаз-оқытушы дәріс берді. Бұлардың ішінде 4 ғылым докторы, 82 ғылым кандидаты болды.

Қарағандыдағы политехникалық, медициналық институттардың да материалдық-техникалық базасы осы жылдары нығайды. Егер салыстырмалы түрде қарасақ, 1958 жылы политехникалық институттың I курсына күндізгі бөлімге 425 студент қабылданса, 1983 жылы 3075 студент оқуға түсіп, 1807 инженер даярланып шықты. Осы жылдары институтта бір мезгілде 19 мыңнан аса студент білім алды. Оларға 919 оқытушы дәріс берсе, оның 40 пайызынан астамының ғылыми атақтары болды. Атап айтсақ, сексенінші жылдардың басында Қарағанды политехникалық институтында 20 профессор, ғылым докторлары, Қазақ ССР Ғылым Академиясының екі мүше-корреспонденті еңбек етті.

Институттың өркендеп, оның оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жолға қойылуына, материалдық-техникалық базасын нығайтып, мамандардың жоғары біліктілігін қамтамасыз етуде институт ректоры, Еңбек Ері, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбілқас Сағыновтың еңбегі зор болғандығын ерекше атап етуге болады. Өзінің 45 жылға созылған инженерлік және ғылыми-педагогикалық қызметінде ол техникалық прогресті игеру мен көмір өнеркәсібін дамытуға және инженер-техник кадрларын даярлауға елеулі үлес қосты.



Профессор С.Досмағамбетов.

Негізі 50-жылдарда қаланған медициналық институт та 70-80-ші жылдары өсіп-өркендеді. Осы оқу орнының аяғынан қаз басып тұруына, оның білікті маман-дәрігерлер даярлауда жоғары табысқа жетуіне институттың алғашқы ректоры Петр Поспеловтың сіңірген еңбегі үлкен. Орталық Қазақстандағы осы оқу орнын басқарған ширек ғасырға жуық мерзім ішінде ол Қарағанды медицина институтын республикамыздағы алдыңғы қатарлы медицина мамандарын даярлайтын іргелі оқу орнына айналдыра білді. Институт мамандары тек білікті дәрігерлер даярлап қана қоймай, Қырым мен Кавказдың шипалы курорттарына пара-пар жергілікті іргелі емдеу-сауықтыру орындарын да ашуға ықпал ете білді. Жер асты пайдалы минералды сулары мен емдік қасиеті бар саздарды тиімді пайдалана отырып облыс аумағында Жосалы, Шалқия тәрізді шипажайлардың өмірге келуіне мұрындық болды. Қарағанды медицина институтының түлектері республика түгілі, бұрынғы Одақ бойынша жоғары бағаланды. Себебі, мединститут өзі алғаш ашылған кезден бастап адам жанының арашашыларына терең білім мен жақсы тәжірибе беруді

қамтамасыз етті. Сондықтан да болар, бұл күнде алыс және жақын шетелдерде жемісті қызмет атқарып жүрген Қарағанды мединститутының түлектері аз емес.

Қарағандының жоғары білім жүйесі бір орында тоқырап қалған жоқ. Жоғары мектептер қатары уақыт озған сайын толығып отырды. Мұның езі Қарағандының ел өміріндегі алатын орнына байланысты болды. Республиканың орталық және солтүстік еңірі үшін Қарағанды қалаоы шын мәнісінде іргелі білім орталығы ретінде танылды. Барлық таланттар, әсіресе, техникалық білім саласы бойынша талапкерлер Қарағандыға тоғысты. Әрі Қарағанды қаласында республикамыздағы ең кеп ғылыми-зерттеу институттары шоғыры қалыптасты. Олар Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институттарының бөлімшелері әрі құрамдас бір бөлігі ретінде жұмыс атқарды.

1966 жылы республикамыздағы тұңғыш сауда-кооператив институты да Қарағандыда ашылды (қазіргі Қарағанды экономикалық университеті). Ал 1970 жылдың тамызында дене тәрбиесі педагогикалық институты құрылды. Сол жылы СССР ІІМ Қарағанды жоғары милиция мектебі (қазіргі Б.Бейсенов атындағы ҚР ІІМ заң институты) өмірге келді. Ол жалғыз Қазақстан үшін ғана емес, керші Қырғызстан үшін де мамандар даярлаған оқу орны болғандығын айта кету керек. Тағы бір жетістік – жетпісінші жылдың басында Қарағандыда Алматы халық шаруашылығы институтының филиалы өз есігін айқара ашты.

Ғылым мен білім саласындағы 70-ші жылдардағы келелі ілгерілеушілік сексенінші жылдары одан әрі жалғасты. 1983 жылы Қарағандыда Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің құрылуы облыс қана емес, жалпы республикамыздағы елеулі оқиға болатын. Республика Ғылым Академиясы бөлімшесінің Қарағандыда ашылуы аймақтың еліміздің өміріндегі алатын орнының үлкен екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Қарағанды Алматыдан кейінгі ғылыми потенциалы жағынан екінші қала екендігін тағы айғақтады. Ал индустриялық дамуы жағынан республикада көш басында тұрды.

Республика Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің алғашқы құрамына ҚазССР академиктері

А.Абдуллин, Т.Әшімбаев, Б.Боровский, Е.Бөкетов, С.Қожахметов, Ә.Сағынов, Б.Суворов, ҚазССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелері Д.Әбішев, И.Байтуллин, Ш.Балғожин, М.Ермеков, З.Молдахметов, И.Попов енді. Бөлімшенің академик-секретары болып Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі З.Молдахметов бекітілді.

Қарағандының ғылыми әлеуеті дамыған және жоғары мектебі өскен 70-80-ші жылдарды еш ұмытуға болмайды. Сол мектептен сан жүздеген білікті мамандар, ғалымдар өсіп жетілді.

... Көз алдымызға сонау 1972 жылғы қаланың жартылай құлазып жатқан Оңтүстік-Шығыс аумағындағы республикамыздағы екінші университеттің іргетасы қаланған сәт келеді. Осы салтанат туралы газетімізге журналист әріптесіміз Матай Айнабеков оқиға ізімен көлемді репортаж жариялаған. Бұл күнде Оңтүстік-Шығыс аумағы өсті. Осыдан 32 жыл бұрын университеттің алғашқы кірпіші қаланса, бүгінде ол студенттер қалашығына айналды. Университеттің жатақханаларынан бастау алып жоғары өрлеп, жаңа корпусстар орналасқан үлкен даңғылдың халқымыздың ардақты ұлы Сәбит Мұқанов есімімен аталуының өзінде де бір мән бар-ау. Кезінде ақжол тілеп, туңғыш тасын қалаған академик-жазушы есімімен осы көшені атаймыз деп арнайы талпынбасақ та жаратқанның өзі Сәбит аруағын Қарағанды университетімен сабақтастырғанына риза боласың.

Миллиард тойы

1978 жылдың 18 қаңтары Қарағанды көмір бассейнінің тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Өйткені статистика мамандарының есептеуі бойынша дәл сол күні кеніш пайдалануға берілген күннен бастап өндірілген көмір 1 миллиард тоннаға жеткен еді. Қарағандылықтар бұл күнді үлкен салтанатпен атап өтті...

Ол кезде көмірден тау тұрғызып жатқан Қарағанды шахтерлерінің атағы жер жарып тұрған. Әсіресе тоғызыншы (1971-1975ж.) және оныншы (1976-1980ж.) бесжылдық жылдары табысты болды. 1975 жылы «Қарағанды көмір»

бірлестігінде 46,3 миллион тонна көмір өндірілді. Сонымен қатар бассейн бұрынғы одақ бойынша көмір өнеркәсібі саласында ең жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізді. Соған орай 1976 жылы Октябрь революциясы орденімен наградталды.

Тоғызыншы бесжылдық жылдарында шахталарда механикаландырылған комплекстерді енгізу белгілі бір мақсатқа бағындырылды. 70-ші жылдардың ортасында жылжымалы гидравликалық тіреулермен жабдықталған комплекстер бассейнің 24 шахтасында қолданылды. Қыр үстіндегі негізгі және қосалқы процестерді механикаландырып, автоматтандыру еңбек шығындарын азайтуға көмектесті.

Шахталарда еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған жұмыстар кеңінен жүргізілді. Соған орай бассейн шахталарында тын бастамалар туындап, Қарағанды кенішінің тасы өрге домалады. Мәселен, Ленин атындағы шахта ұжымы 1971 жылы әр жұмысшының айлық еңбек өнімділігін 100 тоннаға жеткізу жөнінде бастама көтерсе, сол жылы костенколықтар әр лавадан тәулік сайын 1000 тонна көмір өндіру жөніндегі игі жорыққа мұрындық болды. Атақты «мыңшылар» қозғалысы осылай өрістеген еді. 1973 жылы ол әр лавадан жыл сайын 500 мың тонна көмір өндіру жөніндегі жарысқа ұласты. Оны Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахтаның №2, «Қазақстан» шахтасының №1, Ленин атындағы шахтаның №5 учаскелері бастады. 1976 жылы жылына жарты миллион тонна отын өндіруші учаскелерінің қатары 15-ке жетті. Әсіресе О.Ишхнели, А.Кан, Г.Презент, Л.Повалев, В.Тонкошкур, Қ.Көрпебаев, О.Руфф және т.б. басқаратын ұжымдар жоғары өндірістік көрсеткіштерге ие болды.

Кеншілердің ерлік еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланып отырды. Костенко атындағы шахта сегізінші бесжылдықтың жоспарын орындауда қол жеткен табыстары үшін Ленин орденімен наградталды. Ал Ленин атындағы шахтаға Еңбек Қызыл Ту ордені берілді.

Сегізінші бесжылдықтағы тамаша табыстары үшін кеншілер И.Сусяков, А.Серіков, Я.Мұсағалиев, шахта директоры А.Фомичев, проходкашылар бригадирлері Р.Литман, В.Зименко, А.Кубайчук, учаске бастығы Қ.Көрпебаев Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. «Қазір Қарағандының кеншілер армиясы қатарында 22 Социалистік Еңбек Ері, 22 СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көптеген орденді және медальды кенші



Миллиард вахтасы.

бар. Олар іс тәжірибелерін жас шахтерлерге жалықпай үйретіп, ездерінің лайықты ізбасарларын тәрбиелеп, өсіруде», деп жазды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті 1980 жылғы 20 тамыз күнгі санында.

Оныншы бесжылдық жылдары бірлестікте 238 миллион тонна көмір өндірілді, мұның өзі тоғызыншы бесжылдыққа қарағанда, 20,7 млн. тоннаға артық. Қарағанды көмір бірлестігінің шахтерлері салада ең жоғары еңбек өнімділігіне жетуін сол кездегі билеуші коммунистік партияның Орталық комитеті 1976 жылғы Октябрь пленумында ерекше атап өтті...

Миллиард тонна көмір өндіру салтанатын бассейндегі байырғы «Северная» шахтасында өткізу белгіленді. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Александр Кузьмич Романюта басқаратын бірінші учаскеде арнайы Достық вахтасы ұйымдастырылды. Лаваға бассейннің таңдаулы, атақты кеншілер түсті. Олар осы шахтаның бригадирі В.Богданов, Социалистік Еңбек Ерлері Қ.Әбдірәсілов, Я.Мұсағалиев, С.Тоқымтаев, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Жанайдаров және тағы басқалары.

«Екпінді вахтаға қатысушылар «Отанымызға – Қарағанды

миллиарды!» деген жазуы бар көмір кесегін қыр үстіне алып шықты. Көмір өндіруші бригадирлер Я.Мұсағалиев пен В.Богданов миллиард тонна көмірдің үлгі кесегін Қазақстан коммунистік партиясы облыстық комитетінің бірінші секретарі В.Акулинцев жолдасқа табыс етті», деп жазды «Орталық Қазақстан» газеті ертеңіне шыққан номерде. Бұдан кейін шахтада салтанатты митингі болып, облыс, бірлестік басшылары, шахта директоры Б.Әбдірахманов атақты кеншілер құттықтау сөз сөйледі.

Қарағандылықтарды үздік табысымен Орталық комитетінің бас хатшысы Л.Брежнев құттықтады. Онда былай дәлінген: «Сіздерді айтулы оқиғамен – миллиард тонна көмір шығарылуымен қызу құттықтаймын. Вул отынның тең жартысы соңғы он жылдың ішінде шығарылғаны ерекше мәнді. Көмір шығаруды арттырудың жоғарғы қарқыны сан мың адамдық шахтерлер коллективінің, бірлеуіктің барлық еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегінің, партия, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының белсенді саяси және ұйымдастырушылық жұмысының нәтижесі болып табылады».¹⁴ Осы оқиғаға орай Кеншілердің мәдениет сарайында салтанатты жиналыс болды. Сейтіп қарағандылықтар кеңес өкіметі жылдары миллиард тонна көмір өндірілуін үлкен саяси оқиға ретінде атап өтті.

Қарағанды бассейнінің кеншілері осылай екінші миллиардқа нық қадам жасады. Он бірінші бесжылдықта Қарағанды кенші 245 миллион тоннаға жуық көмір берді, мұның езі оныншы бесжылдықтағыдан 17,1 миллион тоннаға кеп. Соның ішінде 208,1 миллион тоннасы жер асты тәсілімен өндірілді. Ал 1988 жылы бассейн ез тарихындағы бұрын-соңды болмаған рекордтың нәтижеге жетті, яғни осы жылы 52,4 миллион тонна көмір қырға шығарылды. Бұл кеніштің жұлдызды сәті еді.

Мәдениет пен өнер көгінде

Қарағанды аса ірі индустрия орталығы, ғылым мен білім ошағы ғана емес республикамыздың мәдениет ордасы да болды. Егер Қарағанды қаласындағы мәдени ошақтар тізімін тізер болсақ, алдымен қазақ, орыс және неміс драма театрлары,

музыкалық комедия театры ауызға оралады. Қарағанды мәдениетінің шырқау кезеңі деп жетпісінші жылдардың соңы мен сексенінші жылдарды айтуға болады.

Осы уақытта театрлар жылына көрермендерге 100-ден аса спектакльдер ұсынып отырды, оны жарты миллион адам қызықтайтын. Қарағанды өнерінің қарашаңырағы деп біз алдымен қазақ драма театрын атаймыз. Үшінші кемір ошағымен бірге өмірге келген өнер ұжымы езінің ғасырлық мерекесіне дейін сахнаға қазақ, орыс және батыс классиктерінің екі мыңға тарта туындысын шығарып, көрермен назарына ұсынған. Театрға 1964 жылы халқымыздың аяулы ұлы, жерлесіміз, қоғам қайраткері, ақын-жазушы Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді. Ресми деректер облыстық қазақ драма театрын 1932 жылы драма үйірмесінен бастау алды дейді. 1936 жылы өнерпаз ұжымға профессионал театр атағы берілген болатын.

Қарағандыдағы бұл күнде бір шатырдың астындағы С. Сейфуллин атындағы қазақ және К. Станиславский атындағы орыс драма театрының қоса қабат өрілген тарихы бар. Екі театр да Қарағанды кенішінің ірге тасы қаланған жылдары іркес-тіркес өмірге келсе, екеуі де осы сексенінші жылдары өзінің жарты ғасырлық мерекелерін атап етті. Екі театрдың да ұзақ жылғы шығармашылық табысты еңбегі орынды бағаланды. Драмтеатрлар Халықтар достығы орденімен наградталды.

Қарағанды театрларының негізі қаланған кезде оған халық арасынан шыққан көптеген тума таланттар тартылды. Қарағанды топырағында театр өнерін дамытуға Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артистері З. Көшкімбаев, ағайынды Н. және Т. Жабаяевтар, Ә. Шәймерденов, Т. Зимин, В. Портнов тәрізді басқа да көптеген өнер саңылақтарының қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Қарағандыдағы қазақ драма театрының шығармашылық жолы туралы белгілі артист, театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Сламбек Жұмағали өнер отауының 70-жылдығы қарсаңында театрдың арғы-бергі тарихынан сыр шертетін зерттеу еңбегін шығарды. Осы кітапта театрдың қазыналы өңірмен біте қайнасқан мол шежіресі, ондағы өнер адамдары туралы толық баяндалады. Мәселен 30-жылдардың екінші жартысында театр ұжымы жаңа лекпен толыққан. Солардың қатарында Б. Бекте-

нов, Р.Жұматаев, Ә.Мүсабекова (Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі), Ж.Шашкина, М.Суртібаев (Қазақ ССР-нің халық артистері), Ш.Жандарбекова (СССР-дің халық артисі) және басқалар болды.

Қарағандыда театр өнері жыл санап дамыды. Егер 1973 жылы музыкалық комедия театры ашылса, республикамыздағы, тіпті Орталық Азия өңіріндегі жалғыз неміс театры 1980 жылы құрылып, Теміртау қаласында ез көрермендеріне өнер көрсете бастады. Бұл театр облысымызда 1989 жылға дейін жұмыс істеді.

Осы 80 жылдары қазақдрама театры тағы бір табысқа жетті. Жазушы Сәкен Жүнісовтың «Өліара» пьесасы бойынша қойылған спектакль үшін театрдың шығармашылық ұжымы (бас режиссер Ғ.Тәпенов, бас суретші М.Мақсұтов, артистер Қ.Жұмабеков, С.Қажымұратов) Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Қарағанды музыка өнерінің де орталығы болды. 30-жылдарда ашылған радио комитетінің қазақ хорынан кейінгі музыка өнерінің дамуы 70-80 жылдардың үлесіне тиеді. Мәселен, 1988 жылы республикамыздағы екінші ұлт аспаптар оркестрі өмірге келді. Оркестрге халық таланттарының аса ірі өкілдерінің бірі жерлесіміз Тәттімбет Қазанғапұлының есімінің берілуі де жарасымды болды. Осы мерзім ішінде музыка өнерін өзара байытып, насихаттау жөніндегі музыкалық-қоғамдық шаралар еткізетін аса ірі орталықтың біріне айналды. Тек 80-жылдары ғана Қарағандыда «Қазақстан композиторларының қазіргі музыкасы» (1981ж.), «Совет композиторларының шығармаларындағы азаматтық және патриоттық әуендер» (1984ж.) тәрізді басқа да ірілі-ұсақты түрлі фестивальдар еткізілді. Егер сол 80-жылдары облыста көптеген концерт залдары, филармонияның симфониялық және қазақ халық аспаптары оркестрлері, 37 музыка училищесі, 12 үрлемелі аспаптар оркестрі жұмыс істесе, бұлардың басым көпшілігі Қарағанды қаласында еді.

Бөйнелеу және қолданбалы сән өнері де жаңа биікке көтерілді. Олар ендігі жерде суретшілер мен мүсіншілер жеке шығармашылық шеберханаларында жатып қалатын туындыларды ғана емес жалпы халықтық талғамға ұсынылған мазмұны бай, мәні үлкен, ойы терең, көркемдігі жоғары шығарма-

ларды өмірге әкелді. Қарағанды сурет өнерінің негізін қалаушылар қатарында болған П.Антоненко, П.Андриюк, Р.Есіркөев, П.Речинский, Ю.Гуммельдің қатарын А.Бидық, В.Крылов, С.Саносян және басқалар толықтырды. Қарағандыдағы кескіндеме сызба сурет, мүсін, монументті-бейнелеу өнерінің дамуы 60-жылдардан бастау алды десек, 80-жылдары ол жоғары деңгейге жетті. Басқаны айтпағанда қаланың орталық кешелеріне үлкен ескерткіштер, монументтер қойыла бастады. Суретшілердің қыл қаламынан туындаған кен панорамалы суреттер көрме залдарының төрінен лайықты орын алды.

Қарағанды қаласында 1956 жылдан бастап жұмыс істейтін Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшесі де 70-80 жылдары жаңа лекпен толықты. Оқырмандар қолына М.Зуев-Ордынецтің «Вторая весна», Еркеш Ибраһимнің «Жалын», М.Балыкинның «Марианна», Н.Пичугиннің «Зори над городом», Ә.Әзиевтің «Жез таулар», А.Жұмаділдиннің «Жұмысшы әулеті», Ө.Ахметовтың «Заңғар» шығармалары тиді. Олардың бәрі өз шығармаларына өндірісті өлкедегі еңбек адамының қажыр-қайратқа толы еңбегін арқау етті. Бұл жас ақын жазушылардың үлкен шығармашылық өнерге құлшына ұмтылған кезеңі болды. Астанадан алыста тұрып кітап шығару қиямет болса да жас ақындар мен прозашылардың бірлестіктері өмірге келді. Солардың ішінде Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы құрылған «Горизонт», «Балауса», «Гренада» әдебиетшілер бірлестіктерінің де келелі істерді атқарып, талантты жастардың басын біріктіргенін айтуға болады.

Осы жылдары қарағандылық бірнеше жас таланттардың тырнақалды еңбектері республикалық баспалардан жеке кітап болып шықты. Солардың қатарында Т.Бейсембековтың, Қ.Жойқынбековтың, Л.Лунинаның, Р.Сүлейменовтың, С.Ақсұңқарұлының, Ф.Игнатовтың, Т.Григориадидің және басқалардың туындылары бар. Қарағанды өңірі туралы академик-жазушы, Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романының жалғасы «Жат қолында» кітабының 80-жылдардың екінші жартысында оқырмандар қолына тиіуі де республика әдебиет өміріндегі аса ірі оқиға болды.

Бір кезде негізін қазіргі қадірменді ақсақалымыз Қали Аманбаев қалаған облыстық радио және телевизия комитеті

де жаңа деңгейге көтерілді. Облыстық телерадиокомитетінің қырық жылдық тарихы туралы Сәбит Байдалының «Өлке өмірі – өз көзімізбен» деп аталатын зерттеу кітабында ол жан-жақты баяндалды.

Облыс өмірінің айнасы атанған, Қарағандымен қатар өмірге келген облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттері 1981 жылы өздерінің тұңғыш санының шыққанына жарты ғасыр толу мерекесін атап өтті. Осы жылы облыстық қос газет туына Еңбек Қызыл Ту ордені тағылды. («Орталық Қазақстан» газетінің шежірелі жолы «Ақпарат айдынында» кітабында толық баяндалады).¹⁵

Иә, Қарағанды тарихында әдебиет пен өнердің еркендеп дамуына 70-80 жылдардың қосқан үлесі мен қалдырған езіндік ізі барын ұмытпауымыз керек.

Қала туында келісті орден

Сексенінші жылдардың ортасына қарай Қарағанды облысы мен оның орталығы өзінің экономикалық және әлеуметтік даму тарихында шырқау биікке шықты дей аламыз. 1983 жылғы желтоқсан айында болып өткен XXIII облыстық партия конференциясында жасалған есепті баяндамада бесжылдықтың басынан бері облыста өнеркәсіп өнімінің көлемі 10,7 процент, еңбек өнімділігі 3,9 процент артқандығы айтылды. Бассейнде 138 миллион тонна көмір өндірілді, оның 1 миллион тоннасы жоспардан тыс. Күн тәртібіндегі көкейтесті ғылыми-техникалық проблемаларды шешуде Қазақстан Ғылым академиясының жаңадан құрылған Орталық Қазақстан бөлімшесіне үлкен үміт артылады. Шұбаркел кен орнының ашылуы арзан, ашық әдіспен көмір өндіруді едәуір арттыруға мүмкіндік бермек. «Орталық» әуежайда ұшу-қону алаңы іске қосылып, басқа да объектілер салынғандықтан алып ұшақтарды қабылдай алатын болдық. Сол жылдары Ертіс-Қарағанды каналынан Жартастас су қоймасына қарай су құбыры тартылды. Мұның езі облыс орталығы мен серіктес қалаларды суармалы алқаптың көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуге жағдай тудырды. Әлеуметтік-мәдени өмірде де елеулі өзгерістер болып жатты. Бікі мың көрермендік Цирк ғимараты іске қосылып, симфони-

ялық оркестр құрылды. Сөйтіп Қарағанды шын мәнінде республиканың Алматыдан кейінгі екінші ғылым-білім орталығына айналды. 1983 жылдың ақпанында халқының саны 600 мың адамға жетіп, халық саны жөнінен де республикада екінші орынға бекем орнықты.

Қарағандылықтардың сонау отызыншы жылдардан басталған қажырлы еңбегі, Ұлы Отан соғысы кезінде неміс-фашист басқыншыларын талқандауға қосқан үлесі сол кездегі одақтық үкімет тарапынан лайықты бағаланды. 1984 жылғы 6 сәуірде қала Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Бұл кезде еңбекшіл Қарағанды өзінің қала мәртебесін алуының 50 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алып, үлкен салтанатпен атап өткелі жатқан.

Отанның жоғары наградасын тапсыруға СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, халқымыздың ардақты ұлы Д. Қонаевтың өзі келді. 22 мамырда Кеншілердің Мәдениет сарайында осы оқиғаларға байланысты салтанатты жиналыс болып өтті. Дінмұхамед Ахметұлы қарағандылықтарды жоғары наградасымен жылы құттықтап, жарқын сөз сөйледі.

Ол Қарағандының кеңестік дәуірде, өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қалыптасу тарихына шолу жасады. Әр жылдары Қарағандының үшінші көмір ошағы, сән-салтанатты қала болып қалыптасуына үлес қосқан азаматтардың аттарын атады. Соғыс жылдары жау Донбассты уақытша жаулап алғанда көмірлі Қарағандының маңызы еселеп артты. «Біреуіміз үшеудің орнына жұмыс істейік! Көмір — бұл да қару. Еңбекте де ұрыстағыдай алғы шепте болайық!» — шахтерлер қаласының ұраны осы болды, деді Дінмұхамед Ахметұлы. Осы патриоттық қозғалыстың көш басында Бәшір Нұрмағанбетов, Әбуғали Тұраров, Иван Сигарев, шахтер еңбегінің басқадай көптеген екпінділері тұрды. Соғыс жылдары шахталардың бірін Алексей Стаханов басқарды. Еңбек вахтасына тұрып тылдың гвардияшылары бір жеңістен соң бір жеңіске қол жеткізді. Сөйтіп, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туына бірнеше мәрте ие болды.

Ел Қарағандыдан тек қана бірінші сортты көмір алып қойған жоқ, деп сабақтастырды ойын республика басшысы. Украинаның марганец рудниктері жау қолында қалғанда қарағандылықтар орнын толтыра білді. Қорғаныс мақсатына Қарағандының



Д.Қонаев қала туына орден тақты.

мысы, вольфрамы мен молибдені тасқындап ағылды.

Димекең тылда және қан майданда ерліктің үлгілерін көрсеткен қарағандылықтардың аттарын зор құрметпен атады. Соғыстан кейінгі даму тарихына шолу жасағанда облыс орталығы Қарағанды-Теміртау аумақтық-өндірістік кешенінің жүрегі болғандығын атап өтті. Сондай-ақ, Қарағанды республиканың жоғары білім беру орталығы болғандығын, жоғары білікті кадрлар дүкеніне айналғандығын тілге тиек етті. Отанның жоғары наградасын тапсыра отырып, ол кеншілер қаласының селоға көмегі, республика агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қосып отырған үлесіне жоғары баға берді.

Дінмұхамед Ахметұлы рухани саладағы жұмыстарға тоқтала келе облыстық «Өрталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттері маңызды проблемаларды көтеріп, шешіп отыр, деді («Орталық Қазақстан» газеті, 24 мамыр 1984 ж.).

Өз сөзінде Д.Қонаев біздің облыс 1958 жылы астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін ендіруді арттырып, 60 миллион 200 мың пұт астық тапсырғаны үшін Ленин орденімен наградталғандығын еске алды. Содан кейін ол қатысушылардың ду қол шапалақтауы үстінде Еңбек Қызыл Ту орденін қала туына қадады. Жоғары награданы қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Устиновский, қалатком төрағасы Б.Өбдірахманов, Социалистік Еңбек Ерлері, «Киров» шахата-

сы кен жұмысшыларының бригадирі Қ. Әбдірәсілов, «Қарағандажилстрой» тресінің құрылысшылар бригадирі И. Примачук және т. б. қабылдады.

Екі жыл өткеннен кейін қарағандылықтар тағы бір айтулы датаны тойлауға дайындала бастады. Орталығы Қарағанды қаласы болып Қарағанды облысының құрылғанына 1986 жылы 50 жыл толмақшы еді. Осыған орай облыстық партия комитетінің арнайы шешімімен «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясын шығару ұйғарылды. Қазақ Совет Энциклопедиясының ұжымы бұл жұмысты келер жылдардың үлесіне жоспарлап қойған екен. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Коркин кітапты облыстың 50 жылдық торқалы тойы қарсаңында шығаруды өтініп хат жазды. Сөйтіп, Қарағандыда ҚСЭ бас редакциясының мүшелерімен бірге арнаулы жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобына облыстық партия комитетінің хатшысы Қ. Аманбаев жетекшілік етті, оның құрамына облыстағы белгілі журналистер А. Жанғожин, В. Минин, Б. Мұқышев, И. Югай енді. Жергілікті журналистерден, ғалымдардан, халық шаруашылығының ірі мамандарынан құрылған авторлық ұжым энциклопедиялық еңбекті небары екі жыл ішінде сапалы дайындап шықты. 1986 жылғы 4 қазанда облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттерінде энциклопедияның жарыққа шыққандығы туралы хабар жарияланып, екі айқарма бет берілді. Ертеңіне Кеншілердің Мәдениет сарайында КҚП облыстық комитеті мен халық депутаттары облыстық кеңесінің Қарағанды облысының құрылғанына 50 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісі болып өтті. А. Коркин «Қарағанды облысының 50 жылдығы туралы» баяндама жасады. Салтанатқа Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакторы, белгілі ғалым Р. Нұрғалиев құрметті қонақ ретінде қатысты.

«Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Коркиннің кіріспе мақаласымен ашылады. Мұнан кейін табиғаты мен табиғи қорлары, халқы, тарихы, экономикасы, қала құрылысы және архитектурасы, халық ағарту ісі, ғылым және ғылыми мекемелері, денсаулық сақтау ісі, дене тәрбиесі және спорт, әдебиеті мен өнері, экономикалық және мәдени байланыстары туралы 11 шолу очерктері мен екі мыңға жуық алфавиттік мақалаларда

Орталық Қазақстанда үшінші көмір ошағының құрылуы, әрі көмір-металлургия кешенінің қалыптасуы, өскелең өңірдің тарихы, жасампаз адамдары ғылыми және нақты деректермен жан-жақты сипатталады. Сөз жоқ, бұл энциклопедия қала мен облыстың рухани өміріндегі елеулі оқиға болды.

Желтоқсан жаңғырығы

Елдің бәрін дурліктірген қайта құру кезеңінің тарихта қалдырған өзіндік өрнектері аз емес. СОКП Орталық комитетінің соңғы бас хатшысы Михаил Горбачевтің желдей ескен сөзін, саналарға сіңіре қоймаған «демократия», «қайта құру» тарізді тың ұғымдарды әркім түрліше қабылдаған. Шын мәнісінде барша совет халқының брежневтік тоқырау кезеңінен шаршап, тың өзгерістерді, соны бастамалары күткені тағы да рас болатын. Сырттай бәрі жақсы болып көрінгенімен экономиканың құлдырауы, әлеуметтік әділетсіздік нышандары сексенінші жылдардың басында-ақ көзге ұрып тұрды.

Орталық Комитеттің 1985 жылғы сәуір Пленумы тосын пікір, соны ұмтылыс, келелі бастамасымен баршаның жүрегіне ұялады.

Ел ішінде сондайлық бір ынта, жігер туындады. Әр адам өзін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезініп, төңірегіндегі ар оқиғаға бейтарап қарай алмайтын деңгейге көтерілді.

Одақтың әр тұсында бұрынғы басшылар жылжытылып, орнына жаңа адамдар келе бастады. Мәскеу Қазақстанның басшыларын өзгерту жолындағы алғашқы қадамды Қарағандыдан бастады. Жаңа кезеңнің өз дәстүрі қоса көледі. Жоғары орындар өздерінің алқалы бас қосуларын, ірі жиналыс, пленумдарын жұмыстан тыс уақытта сенбі, жексенбі күндері өткізуді де өмірге енгізе бастады. Жоғарыдағы көкелер жұмыс күнін ел игілігін молайту үшін жұмсап, ал былайғы істерін демалыс күндері орындауға көшті.

1986 жылдың қоңыр күзінде 15 қараша, сенбі күні Қарағанды облыстық комитетінің пленумы өтіп, онда облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына В.Локотунин деген азамат тағайындалды. Бұл есімді ол кезде қазақстандықтар біле қоймайтын. В.Локотунин 1980 жылдан 1986 жылғы сәуірге дейін Липецк облыстық комитетінің екінші

хатшысы, Қарағандыға келерден бұрын, тек 6 айдай ғана, СОКП Орталық Комитетінің инспекторы болған. Жаңа басшыға қарағандылықтардың кезқарасы әрқилы болды. Біреулер Қазақстанға беймәлім, республиканың, соның ішінде облыстың тыныс-тіршілігімен танысы тағы жоқ адам қалайша бізді басқарады десе, келесілердің көкейінде барлық жерде басқару жүйесі, жұмыс істеу стилі бірдей емес пе, қайта тамырын тереңге жайған, жең асты жалғасудың тамырына балта шабуға септігін тигізеді деп үкілі үмітке малданып жүрді. Осылайша аң-таң жағдайда жүрген кезде, арада тура бір ай еткенде, 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып, онда ұйымдық мәселе қаралды. Пленум Д.Қонаевты пенсияға шығуына байланысты республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары міндетінен бооатты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып бұған дейін Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып істеген Г.Колбин сайланды.

Облыстардың жөні бір бөлек, республика компартиясының біріпші басшылығына халықтың арасында алдын-ала үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізбей, бірден сырттан әкелінген көлденең кек атты тағайындағандар деп бір де бір қазақстандық ойлаған емес еді. Г.Колбиннің жасырын және халықты қорлайтындай түрде тағайындалуы ел ішінде толқу тудырып, жүрек түбінде жатқан запыран, ашу мен ыза жастар қозғалысы болып желтоқсанда бұрқ етті.

Сол кездегі астана – Алматыда басталған жастар толқуының жаңғырығы республикамыздың бар аймағына, соның ішінде Қарағандыға да жетті.

Бұл күнде сақталған сол 1986 жылдың 19 желтоқсанындағы Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің құпия анықтамасы төмендегі жайлардан мағлұмат береді. Алматыдағы жастар толқуы туралы хабардың елге тарамысын қаншалықты қадағалап, тиісті шараларды қолға алғанымен (Алматымен телефон, телеграф байланысы үзілді, жолдарға күзет қойылды, поездар барар жеріне жете алмай қаңтарылып тұрды, самолеттердің ұшуына тиым салынды, қалаға сырттан автокөліктің келуі мен шығуына кедергі қойылды) сымсыз телефон бұрын-соңды болмаған оқиғаның еріс алып, қар

құрсанып, мұз жастанған өрім жастардың тоталитарлық билік пен ұлтты кемсітушілікке қасқая қарсы шыққан жанкештілігі туралы хабарды жамиғатқа жария етіп жіберген. Осы себептен Алматыда жастар толқуы 17-18 желтоқсан күндері болса, Қарағандыда 19-20 желтоқсан күндері етті. Қарағанды облыстық партия комитеті шұғыл түрде оперативті топтар құрып, жастар арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізу шараларын қауырт қолға алды. Олар жоғары оқу орындарында, студент және жұмысшы жастар жатақханасында болды. Соған қарамастан жастардың топтасуына кедергі қоя алмады. Жоғары оқу орындары студенттері арасында байланыс орнап, жастар 19 желтоқсан күні сағат кешкі 20.00-де ездерінің Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің V пленумының шешімімен келіспейтіндіктерін білдіру үшін қаланың Гагарин атындағы алаңында жиналатын болды.

Олардың арасында кейін билік орындары мың құбылтқандай нашақорлар да, маскүнемдер де болған жоқ. Жастардың кекейіндегі: «Қазақстанға біріпші басшы неге сырттан әкелінеді, қазақ елін неге қазақ басқармайды» деген сауалға ешкім жауап бере алмады. Жауабын бермейін деген жоқ, жергілікті шенеуніктердің өзі де орталықтың сыңаржақ саясатын қалың елге қайтып түсіндірудің ретін білмей тосылды. Сол күні кешкілік алаңға жиналған жастарды ішкі істер органдарының қызметкерлері күш жұмсап таратуға мәжбүр болды. Жастардың көбі құтылғанымен бір тобы ішкі істер органдарына жеткізіліп, олардан түсінік алынды. Оларды «анығын айтып, кешірім сұрамасаңдар оқудан шығарамыз, комсомолдан қуамыз, жалпы жиналысқа саламыз, елдегі ата-аналарыңа хабарлаймыз» деп қорқытты. Бүгінде оол жастардың тиісті органдардың күштеп жаздырған түсініктемелерінің барі болмаса да біршамасы тиісті орындарда сақтаулы.

19 желтоқсан күні кешкілік қуғын керген жастар бастарын сауғалап, төнер қауіптен тосылып, бұғып қалмады. Ертеңінде 20 желтоқсан күні таңғы сағат 8-9-дан бастап кешегі алаңға жастар тағы да шоғырланды. Бұл сенбі күні болатын. Бұл уақытта Алматыдағы жастар толқуы күшпен басылып, ереуілшілерге қарсы тек милиция күші ғана емес, ішкі әскер, арнайы топтар да жұмылдырылған. Осы әсер етті ме жергілікті

жердегілер бұл күні жастармен диалог жасауды қажет деп таппады. Қолға түскен қазақ жастарын топырлатып ұстап, машинаға тиеп, ішкі істер органдарына жеткізді. Олардан қатал түрде тергеу алынды.

Кейін осы оқиғаға қатысуына байланысты Қарағанды университетінен 12, политехникалық институттан 6, мединституттан 28, кооператив институтынан 3, сондай-ақ пединституттан да бірнеше студент оқудан шығарылды. Мәдени-ағарту училищесінен 9, есеп-кредит техникумынан 2 оқушы оқудан кетуге мәжбүр болды. Жоғары оқу орындарындағы қызмет атқарушы 59 адамға қатаң сөгіс берілді. Еңбек ұжымдарында желтоқсан оқиғасына қатысы бар дегендер жалпы жиналыстарға салынып, қатаң сынға алынды. Студенттер мен жұмысшы жастардың ата-аналары да жазасыз қалмады. Олар жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуде кемшілік жібергендері үшін қатаң жазаланды. Партияда барлар қатаң сөгіс алды, тіпті кейбірінің қызметі темендетілді. Бірнеше адамға сот болып, оның барысы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елге сабақ болу үшін баршаға жария етілді.¹⁶

Бір сөзбен айтқанда, желтоқсан оқиғасына қатысы бар деп танылған еш адам жазасыз қалмады. Бірақ та бұл барша еліміз тәрізді Қарағанды жастарын да жасыта алмады. Олар ортақ мүдде, ел болашағы үшін күресте өздерінің барша әріптестерімен ниеттес екендігін өз істерімен, әрекеттерімен таныта білді.

Тоқырау тудырған толқу

Горбачевтың қайта құруы мен елді демократияландыруы кейін ғалымдардың дәлелдеп жазғанындай экономикалық тұрғыда қуатталмаған процесс болды. Бір жағынан қоғамдағы кемшіліктер ашық сыналып, тұтас ел бір үлкен саяси аренаға айналды. 1989 жылы жаңадан сайланған Жоғарғы кеңестің бірінші және одан кейінгі сессиялары үлкен дау-дамай үстінде өтіп жатты. Газеттерде сталиндік-брежневтік әкімшіл-әміршіл жүйе әшкерелене бастады. Репрессия жылдары туралы ақтандықтар ашылып, арыстарымыздың аттары қайта оралды.

Бірақ та ұзақ жылдарға созылған тоқырау халықтың

әлеуметтік жағдайын діңкелетті. Дүкендерде азық-түліктің болмауы, ең қажетті тұрмыстық заттардың «номенклатура» мен сауда саласындағы адамдар арасында беліске түсуі баршаға мәлім еді. Қазақстанда желтоқсан көтерілісін басып-жаншу және кейін партияның Орталық комитеті жариялаған «қазақ ұлтшылдығымен» күрес саяси бағыттағы уақытша жеңіс еді. Енді халықтың көзі ашылып, ашықтан ашық экономикалық талаптар қойды, әлеуметтік әділетсіздікті жоюды талап ете бастады.

Алғашқы болып бас кетерген шахтерлер еді. Қарағанды бассейнінде «Тентек», Костенко және КСРО-ның 50-жылдығы атындағы шахталарда талаптары орындалмаған кеншілер қыр үстіне шықпай ашаршылық жариялауды шығарды. Мұндай қыр көрсету ол кезде шектен шыққан қылық болып есептелетін. Осындай оқиға 1989 жылғы шілде айының басында «Киров» шахтасындағы Е.Кәрімов басқаратын №2 учаскеде де қайталанды. Саясат алдыңғы қатарда қойылған елде экономика құлдырай бастады. Сөйтіп кеншілер өндірген көмір өтпей жатты. Вагондардың жоқтығынан жұмысшылар жер астында бос отыратын болды. Шахтерлер түнгі ауысымға қосымша төлем енгізуді, кетерме сыйлықтарды, материалдық ынталандыруды әр ұжымның сіңірген еңбегіне сай бөлуді талап етті.

Төтенше оқиға шахта директоры И.Любимов пен көмір бірлестігі басшыларын, оның бас директоры Н.Дрижді аяқтарынан тік тұрғызды. «Қарағанды шахталарында жекелеген учаскелер коллективтерінің жер астынан шықпай жатып алып, Дрижд жолдасты тізе бүктіруге мәжбүр ету фактілері жиіледі. Сондықтан да ол бүгінде: қандай талап болса да жер үстінде қойыңыздар, өз бастарыңызды қатерге байламаңыздар дегенді нығарлап айтатын болды. Несі бар, бірлестік басшысының жағдайын түсінуге болады. Алайда осынау «ереуіл» деген сезді айтуға тіліміз оралмай-ақ тұр. Өйткені бұл ұғымды біздің бәріміз патшалық Россияға, немесе бүтіндей капиталистік дүниеге қатысты ғана қолданып үйренгенбіз. Енді кеншілердің көкейкесті әлеуметтік жағдайлары сөзбұйдаға түсіп, жылдар сілемінде қордаланып, жұмысшылар ең ауыр тәуекелге бара бастағанда басшы жолдастар жер бетіндегі ереуілге зәру болып отыр. Шындығында ғажайып құбылыс!» деп жазды «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі С.Алпысов

өзінің «Кеншілер наразылығы неге күшейіп барады?» деген мақаласында («Орталық Қазақстан», 8 шілде 1989 жылы).

Газет осы мақалада шахта мен бірлестік басшыларының кеншілердің талаптарын орындаудағы қыңырлығын сынға алды. Алайда газет дабылынан, кеншілердің наразылықтарынан басшылар қорытынды шығарған жоқ, кулақтарына да ілмеді. Ұшқыннан жалын лаулайды дегендей, көп ұзамай бассейнде жаппай ереуіл бұрқ етті. 1989 жылғы 20 шілде күні Кузбасс пен Донбасс шахтерлерінің ереуілін қолдай отырып, «Тентек», «Долинка», КСРО 50-жылдығы атындағы, «Абай» шахталарының жұмысшылары жұмысты тоқтатып, еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеуді жетілдіру, тұрмыс пен демалыс жағдайын жақсарту жөнінде бірқатар талап қойды. Ертеңіне ереуіл бірлестіктің барлық шахталарына тарады. Қарағанды, Абай, Саран және Шахтинск қалаларының кешелерінде көп адам қатысқан митингілер болып өтті.

Ереуіл кезінде шахтерлер тарапынан қалалық, облыстық ереуіл комитеттері (кейін жұмысшы комитеттері) құрылып, олар кеншілердің негізгі талаптарын ұсынды.

Сол күндердегі оқиғаларды жергілікті газеттер майданнан түскен мәліметтей жедел жариялап отырды. Мәселен, 21 шілде күні сағат 14-те облыстық партия комитетінің бюро мүшелері мен ереуіл комитеті мүшелерінің кездесуі болып өткен. Кездесуде митингілерде көтерілген мәселелер талқыланды. Мәжіліске КСРО Көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары А.Пухтеев, Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары К.Байкенов қатысты. Сол мәжілісте әрбір қала кеншілерінің дербес талаптары пысықталып, ортақ талап оны шешу үшін жоғары орындарға жіберілетін болып келісілді. Ереуілшілердің сұрақтарына жауап беру үшін бұқаралық жиналыстар өткізілді. Оларда облыстық партия комитетінің хатшылары А.Ібжанов – Шахтинскіде, Қ.Сұлтанов – Абайда, А.Иванов – Саранда жауап қайтарды. Қарағандыда ереуілшілер арасына сез сөйлеуге шыққан облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы В.Локотунинді шахтерлер тыңдағысы да келмеді.

Міне осындай аса күрделі жағдайда сағат 21-де Қарағандыға Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев Мәскеуде өтіп жатқан КСРО Жоғары кеңесінің сессиясынан тікелей ұшып келіп Октябрь револю-



Н.Назарбаев ереуілшілер алдында.

циясының 50-жылдығы атындағы алаңға жиналғандармен кездесті, ереуілшілердің әлеуметтік-экономикалық салада қалыптасқан жайсыз мәселелерді қозғаған сан алуан сауалдарына жауап қайтарды. Кеншілер жақында ғана Республика басшысы болып сайланған Нұрсұлтан Әбішұлын мұқият тыңдады. Оның сабырлылыққа шақырған сөзін, кеншілер талаптарын талқылау үшін үзіліс жариялау жөніндегі ұсынысын түсіністікпен қабылдады. Талаптарды талқылауға сол түні Қарағандыға арнайы келген КСРО Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары В.Догужиев және жоғарыда аталған лауазым иелері қатысты.

Қарағандылық кеншілер қойған талап-тілектерді талқылау 8 сағатқа созылды. Соған қарамастан алаңға жиналғандар түні бойы тарқамай талқылау қорытындысын күтті. Айта кету керек, олар таң атқанша шыдамдылық көрсетіп, қоғамдық тәртіптің сақталуына өздері бас-көз болып, жайсыз қылықтарға жол бермеді.

22 шілде күнгі таңғы сағат 6.30-да одақтық министрліктер, республика, облыс басшылары, ереуіл комитетінің жетекшілері алаңға қайта келіп, кеншілер талаптарының барлық тармақта-

рын тағы бір егжей-тегжейлі сарапқа салды. Жергілікті өкімет органдарына қатысты мәселелердің дереу шешілетіндігі ереуілшілерге хабардар етілді. Ал жоғары жақ шешетін мәселелердің әбден зерттеліп, пысықталып барып жүзеге асырылатындығы айтылды.

Сонымен 47 тармақтан тұратын талаптар облыстық ереуіл комитеті мен Қазақстан КП Орталық комитетінің, КСРО Министрлер кеңесінің, КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің және ВЦСПС-тің комиссиясы арасындағы келісілген шаралардың хаттамасында көрініс тапты. Оның орындалысы облыстық баспасөзде ауық-ауық жарияланып тұрды. КСРО Министрлер кеңесінің 03.08.1989 ж. №608 қаулысымен, т.б. шешімдермен 1989ж. қазан айына дейін талаптардың жұмыс ерекшелігіне байланысты қосымша ақы төлеу, 30% белдеулік коэффициент белгілеу, басқару аппаратын қысқарту, жоспардан тыс пайданың 70%-ін кәсіпорын қарамағына қалдыру, медицина қызметін жақсарту жөніндегі және т.б. барлығы 25 талабы орындалды. Басқа талаптар жаңадан дайындалып жатқан заңдардың жобасына енгізілді. Ереуілшілер сенім көрсетпегендіктен «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің бас директоры Н.Дрижд қызметінен босатылып, баламалы 5 кандидатурадан КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Саламатин бас директор болып сайланды («Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы, А., 1990, 611-бет).

Мәскеудің кадр саясаты да күл-парша болды. Жергілікті жердің ерекшеліктерін, халқының дәстүрін, адамдарын білмейтін сырттан келген басшының халық арасында беделі жоқ екендігі осы жолы тағы бір дәлелденді. Сондықтан 1989 жылғы 6 қазанда облыстық партия комитетінің пленумында В.Локотунин бірінші хатшы міндетінен босатылды. Пленум болар алдында Қарағандыға Орталық комитеттің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевтың өзі келіп, облыс орталығында, Теміртауда кездесулер өткізді. Обкомның бірінші хатшысы лауазымына балама кандидатуралар ұсынылды. Бірінші хатшы болып республика Министрлер кеңесі төрағасының 1-орынбасары Е.Башмаков сайланды.

Қарағанды кеншілердің ереуілі Қазақстанда желтоқсан оқиғасынан кейінгі екінші ірі әлеуметтік дүмпу болды.

Тауелсіздік тақы атқанда

80-жылдардың аяғы – 90 жылдардың басындағы түрлі толқулар мен ереуілдер кейбір жекелеген мәселелерді уақытша шешуге жағдай тудырғанымен ел өміріне түбірлі өзгерістерге әкеле қоймады. Өйткені мәселенің түп қазығы ғылыми тілмен айтқанда экономикалық базистің қондырмаға, өндіргіш күштердің ендірістік қатынастарға сәйкес келмеуінен еді. Яғни оаяси тұрғыда бір партияның – Компартияның, коммунистік идеологияның шексіз үстемдік етуі, социализмнің басты жетістігі деп саналатын – өндіріс құралдарына қоғамдық мөншіктің болуы зор кедергі келтіріп отырды. Компартия мен Совет үкіметі қайта құруды бастай отырып социализм қағидаларын да сақтап қалуға тырысты. Ұлтаралық қатынаста шынайы тең құқықтық принцип сақталмады. Міне осының бәрі «мызғымас» одақтың ыдырауына, оның құрамындағы республикалардың егемендік алуына, қоғамның объективті даму жолына түсуіне әкелді.

Митингілер мен ереуілдер жалғасын тауып жатты. Оларда көбінесе экономикалық талаптар қойылатын, аймақтың экологиялық мәселелері де алдыңғы қатарға шығатын болды. 1989 жылғы 22 қазан, жексенбі күні облыс орталығындағы Гагарин атындағы алаңда көп адам қатысқан митингі болып өтті. Онда әсіресе Семей ядролық полигоны туралы қызу әңгіме қозғалды. Қарағандылықтардың қалалық митингісіне «Невада–Семей» антиядролық қоғамдық қозғалысы үйлестіру кеңесінің жетекшісі, КСРО халық депутаты, ақын Олжас Сүлейменов арнайы келді. Жалынды ақын, қоғам қайраткерінің сөзін жиынға қатысушылар үлкен ықыласпен тыңдады. Оның полигонды жабуға шақырған сөзін бір ауыздан қолдады. Антиядролық қозғалыс аймақта кеңінен еріс алды. Ал еліміз егемендік алғаннан кейін 1991 жылдың 29 тамыз күні Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Семей ядролық полигонын біржола жабу туралы жарлығы шыққан еді. Сейтіп осынау күрес нәтижесінде әлемде тұңғыш рет 5 полигонның бірі – Семей полигоны мәңгіге жабылды. Қазақстан президентінің, «Семей-Невада» қозғалысының, бүкіл қазақстандықтардың ниетімен Америка, Ресей, Франция полигондары да өз сынақтарын уақытша тоқтатты.

Бұл маңызы өте зор жеңіс еді.

Бірақ елде азық-түлік, көпшілік тұтынатын тауарлар жетіспей жатты. Облыстың қалалары мен аудан орталықтарында тауарлардың негізгі түрлерін талонмен сату жүйесі енгізілді. 1991 жылғы 2 сәуірден бастап белшек сауда бағасының реформасы енгізілуіне байланысты қымбатшылық шарықтай түсті. Жаңадан енгізіліп жатқан нарықтық қатынастардың орталықтандырылған қатаң саяси жүйеге сәйкессіздігі осындай келеңсіздіктер тудырып, халық наразылығы да үдей түсті. Басқа көмір бассейндерімен тығыз қарым-қатынао орнатқан көміршілердің тәуелсіз кәсіподағының ынтасымен сол жылғы 1-2 наурызда тағы да шахтерлер ереуілі болды. Кеншілер қойған талаптарды шешу үшін 20 наурызда Қарағандыға Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев келіп, еңбек ұжымдары өкілдерімен кездесті. Бірақ жоғарыда айтылған себептермен кеншілердің бар талаптарын орындау мүмкін болмады да, ереуілдер дүркін-дүркін қайталанып, атқарушы органдармен текетірес ұзаққа созылды.

Саяси тұрғыда да үлкен оқиғалар болып жатты. Орталық қарсылықтарға жайбарақат қарап отырмады. Сондықтан Одақтың жаңа жобасын ұсынып, сол Одақты сақтап қалу мәселесі бойынша 17 наурызға референдум тағайындады. Онда «Сіз КСР Одағын тең праволы егеменді мемлекеттердердің одағы ретінде сақтау қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа жауап беру сұралды. Референдум нәтижесі одақтық басшылар үшін нәтижелі болғанымен тамыз айында жағдай шиеленісіп кетті. Тамыз оқиғасы газеттерде жан-жақты жазылды. Сондықтан оған егжей-тегжей тоқталмай-ақ қоямыз. Бірақ облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы Нұрмахан Оразбековтің мемлекеттік төңкеріс, жаңадан өрістеп келе жатқан демократиялық өскінді жаныштауға бағытталған әрекеттерді әшкерлеп, «Иә, бұл тенкеріс!» деп газеттің 20 тамыз күнгі санында жазған батыл мақаласын атап өтпеуге болмайды.¹⁷

Демократия мен егемендік арқасында бұрын тыйым салынған, қолға түспейтін әдебиеттермен де танысудың мүмкіндігі ашылды. 1991 жылғы кектем-жаз айларында облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің 12 немірінде Қарағандының бұрынғы қожайындарының бірі Э.Нельсон Феллдің «Russian and Nomad» яғни «Орыстар мен көшпелілер» деген

1916 жылы Нью-Йоркте жарық көрген естелік кітабынан үзінділер шықты. Оның негативін Мәскеудегі Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханадан сұратып алып, ҚарМУ-дің ағылшын тілі пәні оқытушысы Күлән Жаңабаеваға орыс тіліне аудартқан осы жолдардың авторларының бірі (А.Жанғожин) өді. (Бұл туралы аудармашы К.Жаңабаева кейін «Караван» газетінде ризашылықпен еске алады).

Нельсон Фелл – ағылшын-француз алпауыттарының «Спас-ск мыс кендері» акционерлік қоғамында бас өкілі болып, 1902 жылдан 1908 жылға дейін жұмыс істегендігі белгілі. Автор ез кітабында орыс капиталистерінен шахталар мен рудниктерді қалай сатып алғандығын, жергілікті қазақ және орыс жұмысшыларымен, қырдағы қазақтармен қандай қарым-қатынаста болғандығын қызықты баяндайды. Алпауыттар өкілі әсіресе қазақ халқының көшпелі тұрмысын, әдет-ғұрыптарын әдептілікпен жылы баян етеді. Оның қазақ сахарасын қалай терең түсінуге тырысқандығы кітаптың бет ашары ретіндегі арнауынан-ақ көрініп тұр. Онда былай делінген:

**to
Anne, the Baibsha,
Marlan,
Olivia, the Kizimkas,
Neison, the Baidan Bala,
who shared these adventures, this book is
dedicated, by the author.**

Қазақшасын былай деп келтіруге болады: «Бұл кітапты автор осы қызық оқиғаларды бірге бөліскен Энн бөйбішеге, Мэриан, Оливия қыздарына, байдың баласы Нельсонға арнайды».

Кейінгі концессионер, жарылқаушыларға қарағанда Нельсон Фелл орыс тілімен қатар қазақ тілін де бірсыдырғы меңгерген. Өйткені кейбір мәліметтерге қарағанда «Бай» Нельсон қазақ халқының бірнеше аңыз әңгімелері мен өлеңдерін ағылшын тіліне аударып, Лондон мен Нью-Йорктің газеттерінде жариялаған. Соның бірі – «Бүркітші өні» аталмыш кітапқа енгізілген («Индустриальная Караганда» 28 қыркүйек, 1991 ж.).

Кітап римше санмен немірленген 17 бет кіріспеден және 200 бет негізгі бөлімнен тұрады. Естеліктерде қазақ сахара-

оның тұрмыс-тіршілігі жоғары сапалы 45 фотосуретпен бейнеленген.¹⁸

Әрине, автор оқиғаларды ез пайымдауы бойынша баяндаған. Барынша объективті болуға тырысқан. Сондықтан кітаптың кеп жыл бойы кезден таса болуы тарихи шындықты қалыптастыруға кері әсер етпей қоймады. Мәселен, Фелл мырза Қарағанды, Спасск, Өспен руднигі жұмысшыларының 1905 жылғы ереуілі туралы бағалы мағлұматтар береді. Жалпы алғанда Н.Феллдің естелік кітабы әлі күнге дейін Қарағанды тарихын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келгендігі өкінішті.

Елдегі оқиғаларға оралсақ, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 1 желтоқсанға жалпыхалықтық президент сайлауын тағайындады. Жоғарғы Кеңестің езі президенттікке кандидат етіп Н.Назарбаевты ұсынды. Бұл ұсыныс жер-жерде, әсіресе ол түлеп ұшқан Қарағанды облысынан қызу қолдау тапты.

Н.Назарбаев Қарағанды мен сол кездегі Жезқазған облысында 26-27 қараша күндері сайлаушылармен кездесті. Қарағанды сапарында ол ұшып көлісімен бірден өзі азамат болып қалыптасқан Теміртауға жүріп кетті. Ал кешкісін Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық драма таетрының ғимаратында жерлестерімен жүздесті. Бірінші желтоқсан күні қарағандылықтар Нұрсұлтан Әбішұлына бір ауыздан дауыс берді. Одан кейінгі оқиғалар тарихтан белгілі. 16 желтоқсан күні президент Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойып, қазақ елі езінің мемлекеттік тәуелсіздігін барша әлемге жария етті.

Қол жеткен тәуелсіздікті сол кезде әркім әр түрлі түсінді. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойғы бодандықтан бостандыққа жету жолындағы күресінің лайықты қорытындысы еді. Облыстық «Орталық Қазақстан» газеті езінің 18 желтоқсан күнгі санында «Бауырлар, бұл күнге де жеттік-ау!» деген қуанышты аншлаг берді. Ал жылдың соңына қарай «мызғымас» одақ ыдырап, Алматыда бұрынғы одақ құрамындағы республикалардың басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы декларацияғы қол қойды. 28 желтоқсан күні газет «Қош бол, қайран одақ!» деген тақырыппен 70 жылдай емір сүрген империяның тарихынан деректер келтіріп, суретші әзілін жариялады. Газет сол оқиға ізімен тарихи процеске мынадай баға берді: «Атақты «Аврорадан» басталып, Алматыда аяқтал-

ған бір кездегі мызғымас Кеңестер Одағының заман сахнасынан кетуі 1917 жылғы әлемді дүр сілкіндірген 10 күннен кейінгі XX ғасырдың аяқ шеніндегі теңдесі жоқ оқиға болды. Кез алдымызда қайталанбас тарихи өзгеріске куә болдық...»

Сейтіп барша Қазақстан халқымен бірге қарағандылықтар да жаңа жылда жаңа даму жолына қадам басты.

Күрмеуі мол жылдар

Тәуелсіздік таңы атқанымен, аспаннан құймақ жауып, ел бірден молшылыққа кенеле қойған жоқ. Ескі қоғамдық құрылым ыдырап, оның орнына жаңа көзқарастар мен құрылымдардың өмірге енуі ауыр реанимациялық жағдайда өтті. Кешегіні көздегендер алдағы күндерге үрке қарап, өткенді аңсап, соның сойылын соқса, тәуелсіздік әкелер жақсылықтың бәрі алда екендігіне имандай сенгендер бүгінгі етпелі кезеңнің қиындығына шыдай білуге үндеді. Қалай демейік, егөмендікке қол жеткізгенімізбен сол 1992 жылы оның болашағы әлі күңгірт еді. Әсіресе, Қарағанды тәрізді ірі индустрия орталықтары аса қиын жағдайға тап болды. Одақтың кезінде ұшы-қиыры жоқ алып елдің бір қиырымен келесі қиырын шыр-мауықтай шырмап, кәсіпорындардың бір-бірінсіз күн көруін қиындатып қойғаны да әсер етті. Негізін жұмысшылар қалайтын қаланың завод-фабрикалары, шахталары, құрылыс ұйымдары бірінен соң бірі жабыла бастады. Өндіріс саласындағылар жұмыссыздарға айналып сыртқа ысырылып қалды.

Қарағандының қала болуы да, әрі ірі өнеркәсіп ошағына айналуы да жерасты мол көмірінің арқасында еді. Көмір бар жерде өмір бар заманда Қарағандыда аса ірі өндіріс орындары, завод-фабрикалар шоғырландырылды. Себебі, олардың бәрінің жұмыс істеуіне керек болған энергия көзі — көмірден еш кедергі жоқ-тын. Көмір саласының құлдырауы жағдайды күрт өзгертті. Бір-бірімен байланысқан, ермекшінің торындай өрілген, бір-бірінсіз күн көруі қиын салалар бір шеті ыдыраған соң бірден кетеуі кете бастады. Әрі қолда барды ұтымды пайдаланып, өндірісті жалғастыра бермекші болғандарға енімдерін өткізетін жер болмай тоқыраушылыққа ұрынды.

Осылай істерге жұмыс жоқ, болашағы күңгірт елдің тұрмы-

сына 1992 жылдың қаңтарында бағалардың ырықтандырылуы да ауыр тиді. Инфляция да қауырт өсті. Мемлекеттік статистика органдарының ресми мәліметіне сүйенсек, сол 1992 жылы инфляция деңгейі 2000 пайызға жетіпті.

Жалпы, қарағандылықтардың үштен екісі тап сол жылдары жұмыссыз қалды. Бұл жағдай жалғыз кеншілер қаласында ғана емес, барша елімізде осындай сипат алған. Міне бұл жағдайда республика басшылығы экономиканы батыл реформалау мен микроэкономикалық тұрақтылықты орнықтырудың жолында батыл қадамдар жасады. Соның ішіндегі ең негізгі ретінде мемлекет меншігінен алу, жекешелендіруді жүзеге асыруды айтуға болады. Бүгінгі күндері біз сол жылдары анадай нысан, мынадай кәсіпорын арзан бағамен жекенің қолына етті деп жатамыз. Алайда, сол кезде қайсыбір кәсіпорынды қалпына келтіріп, ісін оңға бастырма дегендерге бірқатар ендірістік және инфрақұрылымның лажсыздан тегін берілгенін де айту керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Тәуелсіздіктің он екі жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде: «Он екі жыл бұрын елдің саяси басшылығы орасан көп аса еткір де кезек күттірмес міндеттермен бетпе-бет келді. Оқиғалардың жеделдікпен ширыққандығы соншалық, бізге кейде болып жатқан процестерді басқарудан гөрі олардың соңынан жүруімізге тура келетін. Мемлекеттік қамқоршылықтың ескі жүйесін мүмкін болғанша тезірек күйретіп, мемлекеттіктен — жеке меншікке, масылдық пен «жсғарыдан» бәрін шешеді деп күтушіліктен жауапкершілік пен кәсіпкершілдікке кешу керек екені айқын болды», - деп атап көрсетті.¹⁹

Ел экономикасы тәрізді құлдыраудың ең төменгі шегіне жеткен кешегі алып Қарағандының да экономикасын қалпына келтіруге инвесторлар тарту қажет болды. Тоқырап қалған заводтардың айналым қаржысын толықтыру, қызметкерлерінің жалақы қарызын өтеуі қажет еді. Президент жоғарыда атап етілген баяндамасында бір ғана «Жезқазғантүсмет» бірлестігінің қарызы 170 млн. доллар, соның ішінде жалақы бойынша берешегі 10 млн. доллар болып, банкроттың шегінде тұрды. Өзге де бір кезде мақтан еткен «алыптардың» жағдайы мүшкіл еді.

Бүгінде бәрі керген түстей болғанымен алыста қалған сол бір күндердің көріністері — электр жарығының үзіп-үзіп бөрілуі, дүкен сөрелерінің қаңырап жатуы, газдың болмауынан елдің тамақ пісіріп жеуге жағдайының келмеуі еді. Басқа да ооындай әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтар белең алды.

Алайда тілім, дінім, ділім деген халқымыз басқа түскен қандай да болсын қиындыққа төтеп берді. Алдымен ел тыныштығына тәубе етіп, «орнында бар оңалар» деген игі ниеттен бір ажыраған емес.

Қарағанды топырағына алғашқы инвесторлардың келе бастауы тоқырап, тұйыққа тірелген тіршілікке жан бітірді.

Негізі сырттан кім келмесін әуелбаста өзінің қалтасын ойлайтынын есте ұстау керек. Сондықтан да Қарағандыға қаржы жұмоған әр инвесторға баға бергенде, олар бізді неге бірден жарылқап тастамады деп реніш білдірсек, онымыз ез түсінігіміз бойынша сырттан келгендер бар жақсылықты басымызға неге үйіп, төкпеді деген балаң ой шеңберінде қалғандығымыз болар еді.

Инвесторлардың басты жақсылығы мүлдем құлдырап, тұралап қалған салаларды құрдымға кетуден сақтап қалды. Әрине, осы бағытта олардың өз қамын да ойлап, майлы шелнекті иеленгенін де жасырмауымыз керек. Қарағанды топырағындағы алғашқы инвесторлар легіне «Қарағанды-Пауэр» ЖШС, Балқаш, Жезқазған өңірлерінде «Самоунг-Қазақмыс», Қарағанды металлургия комбинатындағы «Испат-Қармөтті» айтуға болады.

Тағы да Елбасы баяндамасына үңілейік: «Қазақстан индустриясының алыбы — Қарметкомбинат қиын жағдайда қалды. 1995 жылдың баоында кокстың запасы үш күнге жететіндей ғана қалды, бұл ретте айналым қаржысы мүлде болмады. Жалақы бойынша борыш алты айдан асып кетті. Мұндай жағдайда кәсіпорынды ірі жеке меншік инвестиция ғана оақтап қала алар еді...».

Бұдан әрі Елбасы кәсіпорынның сатылғанын, жаңа меншік иелерінің жалақы бойынша борышты бірден өтегендігін, регрестік қуынымдар бсйынша төлем жасалғанын айтты. Иә, Қарағанды еңірінде «Испат-Қарметтің» келуі тұралап қалған алып өндіріс ошақтарын қалпына келтіріп, бұрынғы жұмыс ырғағын одан әрі жалғастыруға зор ықпалын тигізгенін айту керек.

Сағымды жылдар болып артта қалса да, әлі де саналарда сайрап жатқан күндердің шежіресіне көз жіберсек, сол 90-жылдардан басталған құлдырау 1995 жылда да толастамаған еді. Мәселен, «Қарағандыкөмір» бірлестігінің бас директоры Г.Презенттің 1995 жылдың ақпанындағы бұйрығы бойынша 1 ақпаннан бастап дирекция қызметкерлерінің 50 пайыздан астамы қысқартылып, ақша төленбейтін демалысқа жіберілген. Кен орындарының бірқатары ғана жарым-жартылай жұмыс істегенімен ол кезде жалпы кенші қауымының да жартысына жуығы жұмыссыз, әрі еткендегі еңбегі үшін ақы ала алмай жүрді. Егер Қарағанды кенішіне қала тұрғындарының 100 мыңға жуығы тартылған десек, жалпы халықтың қандай күйде күн кешкені айтпаса да түсінікті.

Осындай кезде көтерем аттың күйіне түскен Қарағанды кеніштеріне жоғарыда аталған «Испат-Қарметтің» назары ауды. Бұл кезде олар Қарағанды металлургия комбинатының жұмысын қалыпқа келтіре бастаған болатын. Сөйтіп, 1996 жылдың 29 маусымы күні «Испат-Қармет» компаниясы Қазақстан Үкіметінің өкілдерімен кездесіп, «Қарағандашахтауголь» кәсіпорнының активтерін сатып алу жөніндегі келісімге қол қойылды. Осы келісімнің негізінде Қарағанды бассейнінің 15 шахтасы, 1 байыту фабрикасы, 1 цехы және шахталарға қызмет көрсететін 8 бөлімшесі 1 шілдеден бастап «Испат-Қарметтің» құрамына берілді.

Бұл күнде осы кен орындары мен кәсіпорындар «Испаттың» иелігінде, олар қалыпты жұмыс істеп тұр. Мәселен, осы шахталар соңғы уақыттың ішінде шетелдік қуатты техниканы пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырды. Шахталар саны 8-ге дейін азайғанымен жұмыс көлемі азайған жоқ, қайта еңбек онан сайын интенсификациялануға түсті. Жалақы төлеу қалыпты жүргізіліп, кеншілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына да кеңіл бөлінуде.

Осынау құрмеуі мол жылдарда, әсіресе, тәуелсіздік алып, мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі, әкімдер институты енгізілген тұста қала тізгіні Шаймерден Әбілмәжинұлы Оразалинов сынды азаматтың қолында болғанын ілтипатпен еске аламыз. Жалпы алғанда ол 1987 жылдан 1997 жылға дейін он жыл ірі шаһардың атқарушы билік органын басқарып, қала шаруашылығын дамытуға үлкен үлес қосты, алмағайып заманда

мегаполистің қыста қатып, жазда сусап қалмауы да сол кісі бастаған команданың іскерлігі мен алғырлығынан екендігін атап өткен лазым.

Қарағанды кенішіндегі ілгерілеушілік жалпы қаланың тыныс-тірлігіне жаңа леп әкелді. Егер бұл күнде қаламыз әсем келбетке беленіп, халықтың көңіл-күйі көтеріліп жатса, оны елдің ез болашағына деген сенімінің артқандығы, ендірісті қаланың еңбек ырғағы қалыпты күйге түсе бастағаны деп қабылдаған жөн.

Астана біздің жүрегімізде

Ежелден тескейде малы, тесекте басы қосылған көршілес Қарағанды мен Ақмола өңірлері арасындағы тығыз қарым-қатынас Есіл бойындағы қаланың еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ынта-жігерімен республика астанасы атануы арқасында онан сайын нығая түсті. 1994 жылдан бастап Ақмоланың елдің жаңа астанасы болатындығы жөнінде түрлі деңгейде кетеріліп жүрген мәселеге ақыры 1997 жылдың 10 желтоқсанында нүкте қойылды. Осы күні Ақмоланың орталық алаңында орналасқан Елбасы резиденциясының Күмбезді залында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Республика Парламенті мен Үкіметінің бірлескен салтанатты жиналысы өтті. Ақмола қаласы сол күннен бастап мемлекетіміздің астанасы болып ресми түрде жарияланды. Елбасының 1997 жылғы 20 қазандағы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығында 1998 жылғы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері өткізетіндігі баяндалған.

Негізінде мемлекеттік билік органдары жаңа астанаға ауысқанша мұнда сәулетті ғимараттар құрылысы басталып та кеткен болатын. Әсіресе 1996 жылдың басында қалаға сәулетшілер келіп, бас жоспарды бекітті. Құрылыстар біртіндеп бой көтере бастады. Мұндай зор көлемдегі жұмысты бюджеттің қоржыны көтере алмайтын еді. Ал бюджеттен тыс «Жаңа астана» қорына қаражат әлі түсе қойған жоқ. Осындайда Елбасы қаланы еркендетудің тың жолын тапты. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ақмола қаласы еркін экономикалық аймақ деп жарияланды. Соған орай шетелдік инвести-

циялар құйыла бастады. Қала құрылысы жанданып жүре берді. Әсіресе, шетелдік құрылысшылар мен фирмалар қаржы игеруге ұмтылды. Елдің жаңа астанасына Қазақстанның барлық еңірлері де қол ұштарын бере бастады. Біздің Қарағанды облысы осы тұста 75 пәтерлік тұрғын үй құрылысын бастаған болатын.

Мемлекеттік басқару органдары Ақмолаға көшіп келгеннен кейін де жаңа астанада қыруар жұмыстар атқару қажет болды. Әсіресе оның көшелерін түзеп, сән-салтанатын арттыру міндеті қойылды. Заман талабына сай, тәуелсіздігімізді тұғыр ететін ескерткіштер орнату қажет еді. Міне, осындайда астықты Ақмолаға көмірлі Қарағанды көмекке келді. Өйткені Қарағанды төк қана елдің индустриалдық жүрегі ғана емес, ғылым-білім және мәдениет орталығы да еді. Сондықтан да жаңа астанадағы Жоғарғы сот ғимаратының алдына әділдікті паш ететін ескерткіш орнату қажет болғанда қарағандылық өнер қайраткерлерінің көмегіне жүгінді.

Осы оқиғалар туралы Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының бұрынғы ректоры, ғалым, әрі суретші, Қарағанды суретшілер одағының сол кездегі төрағасы М. Әлиақпаров өзінің «Үш би» деген кітабында былай деп еске алады: «Біз санамызға зерделеп үлгермей жатып оқиғалар тізбегі кез алдымыздан сырғып өтіп жатыр. Солардың арасынан әлдебір дерек ерекше қызықтырып, шығармашылық шабытқа шақырады. Біздің Қарағанды сурет-өндіріс комбинатына Ақмолада Жоғарғы сот ғимаратының алдына орнату үшін қазақтың үш кемеңгер биіне ескерткіш жасауға тапсырыс түскенін естігенде мен де осындай сиқырлы сезім құшағына бөлендім. Бұл ғажап тарихи тұлғалардың бейнесі скульптор М. Мансұровтың монументальдық жұмысы арқылы мәңгілік даңқ тұғырына тұрғызылатын болды. Туған жеріміздің тұтастығы мен өркендеуінің ұлттық символына айналған ардақты бабаларды осындай тамаша монумент тұғырында мәңгілік табыстыру идеясы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы М. С. Нәрікбаевтың ұсынысымен туындаған. Бұл ескерткіштің жасалуына Жоғарғы сот аппаратының жетекшісі Ж. А. Мұхтаров, Қарағанды облыстық сотының төрағасы Р. Түсіпбеков және басқа да енерге жанашырлықпен қарайтын абзал адамдар үлкен үлес қосты».

Ескерткіш жасау үшін Қарағандының таңдап алынуы кездейсоқтық емес. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Қарағандыда суретшілердің жақсы базасы, сурет комбинаты, өз ісіне шөбер адамдары бар. Екіншіден, Президент өзімізде жасауға болатын үлкен тапсырыстарды Батысқа жібермеуге нұсқау берген. Үшіншіден, Қарағанды Ақмолаға жақын орналасқан.²⁰

Сөйтіп, қарағандылықтардың күшімен бой көтерген сәулетті де сәнді ескерткіш 1998 жылғы 8 маусым күні Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Ресми тұсаукесер алдында Ақмолада еліміздің барлық облыстарының күндері өткізіле бастады. Ең алдымен Қазақстанның 1925-1929 жылдардағы байырғы астанасы болған Қызылорда облысының күндері өтті. Ерте көктемде жаңа дәстүрді қарағандылықтар жалғастырды.

Қарағандылықтар Ақмолада өтетін Қарағанды облысы күндеріне тыңғылықты өзірленді. Облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттерінің 23 сәуірдегі немірі осы екі еңірдің байланысына арналды. Ал 25 сәуір күні көмірлі өлкенің жаңа астанадағы күндері басталып та кетті. Мерекелік шаралар облыс екілдерінің Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Жастар сарайында қазыналы өлкенің байлығы мен мүмкіндіктерін паш еткен үлкен көрме ұйымдастырылды. Ақмолалықтарды Қарағандының кәмпіті мен сырасы, Балқаштың балық өнімдері, «Беконның» шұжығы, «Бидай-Нанның» тоқаштары қызықтырды. Өнер қонған өлкеміздің хас шеберлері астана тұрғындарына ташама гала-концерт ұсынды. Тәттімбет атындағы және симфониялық оркестр, музыкалық комедия театры артистерінің номерлері кәсіби дәрежеде көрінді. Ел таныған әншілеріміз М.Адамбеков, С.Оспанов, Е.Құжыманов және басқалары өнерлерімен астаналылықтарды тамсандырды. Көркемөнерпаздарымыз да биік деңгейден табылды. Ақтоғайдың «Тоқырауын толқындары», Қарқаралының «Салтанат» ансамбльдері, балалардың «Қуаныш», «Вдохновение», студенттердің «Жарқын», «Қаракөз» ұжымдары көрермендерге үлкен әсер етті. Сондай-ақ С.Сейфуллин атындағы облыстық драма театры М.Машадудың «Бразилия байлығы» атты балалар спектаклін қойып, облыс күндерін Ө.Оразбековтің

«Бір түп алма ағаш» қойылымымен қорытындылады. Қала әкімінің орынбасары өнерлі, азамат, сазгер Төлеген Мұхамеджанов осы күндер туралы «Қарағандылықтар астананы баурап алды!» деп өте әділ баға берді.²¹

Қарағандылықтардың Ақмолаға бұл сапары екі өңір арасындағы іскерлік, мәдени ынтымақтастықты жаңа сатыға көтерді. Сол күндердің өзінде қарағандылықтар салған 75 пәтерлік тұрғын үй құрылысы аяқталып, сыйға тартылды. Осы бастама баянды болып, қарағандылықтардың Елордадағы айшықты қолтаңбасы жалғасын тапты.

Жаңа астананың реоми тұсаукесері алдында, 1998 жылдың 6 мамырында оның атауы Астана деп өзгертілді. Қарағандылықтар зор салтанатпен атап өтілген қуанышты тұсаукесерді елмен бірге қызықтады.

Астананы салуға, оны абаттандыру мен керіктендіруге барша қазақстандықтар білек сыбана кірісіп кетті. Осы тұрғыда онымен іргелес қазыналы Қарағандының алдына қойылған міндет зор болды. 2001 жылы Астана мен Қарағанды арасындағы өзара тығыз байланыс жаңа деңгейге көтерілді. «Астананың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» атты республикалық бағдарламаға сәйкес жаңа ғасырдың алғашқы беташар жылында ынтымақтастық кекжиегі кеңейтіле түсті. Сол жылғы 27 наурызда көмірлі қалаға Астана мәрі Әділбек Жақсыбеков бастаған арнайы делегация келіп, облыс орталығы мен қанаттас қалаларда, мысты өңір Балқаш пен Жезқазғанда Астана қаласының мәдениеті күндерін өткізді. Қарағанды облысының әкімі К.Мұхамеджанов пен Ә.Жақсыбеков екі өңір арасындағы ынтымақтастық пен байланысты кеңейту туралы интеграциялық келісімге қол қойды.

Бұл кезде Жаңа Қарағанды машина жасау заводының цехында Астана қаласы үшін тағы бір ғаламат өнер туындысы орындалып жатқан болатын. Ол қазір баршаға мәлім «Отан қорғаушылар» мемориалдық кешені еді. Ескерткіштің тұңғыш эскизін Елбасы Н.Назарбаев Минскіде болған сапарында 2000 жылдың мамырында өзі қағазға түсіріп, сәулетшілер мен мүсіншілердің назарына ұсынған еді. Осындайда таңдау тағы да қарағандылықтарға түсті. Еліміздің жаңа орталығына елдігіміз бен ерлігімізді паш ететін тың туынды қажет еді. Қарағандылықтар монументті жасап шығаруды міндеттеріне алды.



Шығармашылық топтың жетекшілігіне өнер мен ғылымның тізгінін тең ұстаған, суретшілер одағының мүшесі, медицина академиясының ректоры М. Әлиақпаров тағы да тағайындалды. Көкшетаудағы Абылайхан, Тараздағы Тұрар Рысқұлов бейнелерін жасаушылардың бірі, оралдық мүсінші Юрий Баймұқашев, сәулетші Б. Тайталиев және бірнеше қарағандылық өнер-шеберлері шығармашылық топ құрамына енді. Елбасы ескерткішті 2001 жылғы 9 май — Жеңіс күніне дейін аяқтап шығаруды тапсырған болатын. Уақыт тығыз еді. Сондықтан бұл істің ойдағыдай жүзеге асырылуына облыс әкімі Камалтин Мұхамеджановтың өзі мұрындық болды. Кәмекеңнің ма-

ңызды объектілер басында апта сайын өткізетін «атақты» оперативті мәжілістері осы «Каргормашта» бастау алған еді.

Қарағандылықтар уәдесінде тұра білді. 2001 жылғы 5-7 мамыр аралығында Елордада Қарағанды облысының күндері өтті. Сонда әдеттегідей кәсіпкерлер қолынан туындаған түрлі товарлар мен өнер туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Қарағандылық өнерпаздар Астананың аспанын ән мен күйге күмбірлетті. Салтанатты мереке Жеңіс мейрамымен жалғасты. Бұл күнді астаналықтармен бірге қарағандылықтар да асыға күтті. Себебі, осы күні қарағандылықтардың ең басты тартуы — «Отан қорғаушылар» архитектуралық-көркемдік композициясы салтанатты түрде ашылмақшы еді. Ескерткішті Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі ашып, қарағандылықтарға тамаша тартуы үшін ризашылық сезімін білдірді.

— Мына ашылып отырған ескерткіш Ұлы Отан соғысындағы ерлікті ғана бейнелемейді, — деді ол, — қазақ халқының батырлығын, ержүректілігін де сипаттайды. Бұл есімі мәлім және беймәлім жандардың аруағын тебіренітіп, топырағын торқалайтын перзенттік махаббатымыздың көрінісі, соның куәсі. Отын өшірмеген ержүрек аталарымыз бен шаңырағымызды шайқалтпаған мейірбан аналарымыздың қадірі мен қасиетіне қойылған киелі белгі. ²²

Ескерткіштің ашылу салтанатына облыстан арнайы делегация қатысып, монумент алдында естелік суретке түсті (суретте).

Бұдан кейін де өскелең қала мен ендірісті өлкенің байланысы бір үзілген жоқ. Қарағанды облысының жер асты байлығы, дамыған өнеркәсібі, мол потенциалы күннен-күнге сәнденіп келе жатқан Елорданың игілігіне қызмет ете берері сөзсіз.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығына - 10 игі іс

Ел Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекесіне барша еліміздегідей қарағандылықтар да ерте бастан дайындалды. Ол тек алқалы жиын өткізіп, ойын-сауық қою ғана емес, халықтың шын мәнісінде Тәуелсіздік әкелген жетістіктерді көріп-тани білуіне арналған шараларды жүзеге асыру болатын. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астанада 2001 жылдың 30

қаңтарында өткен әкімдердің республикалық Кеңесінде Тәуелсіздіктің 10 жылдығы жылында экономиканы өркендету, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту тұрғысында барлық деңгейдегі әкімдердің алдына қойылатын міндеттерді саралап берген. Президент баршаны елең еткізген идеяны ортаға салды.

- 2001 жыл бойы «Ғасырлар эстафетасы» деп атауға болатын бүкілхалықтық акция өткізуге немесе мысал үшін «Ел мерейтойына менің үлесім» ұранымен бүкілхалықтық қозғалыс ұйымдастыруға болар, - деді Елбасы, - яғни жаңа ғасырға және жаңа мыңжылдыққа қадам басқанымыздың құрметіне, еліміздің тәуелсіз болуының он жылдығының құрметіне он ізгі істер, бастаулар мен ойлар жылы жасау керек.

Міне, сол мерекелік жылдың өне бойында Қарағанды қаласында және облыс көлемінде жүзеге асырылған игі істердің арна басында Елбасының осы идеясы жатқан еді.

Кең-байтақ республикамыздың барша өңірінде мүмкіндігі, өз ерекшеліктеріне орай игі бастамалар көтеріліп, ізгі істерді жүзеге асыруға деген құлшыныс кең құлаш жайды. Ал, Қарағанды аумағындағы Тәуелсіздіктің 10 жылдық мерекелі жылында жүзеге асқан барлық айтулы істердің ұйтқысы, әрі дем берушісі облыс әкімі Камалтин Мұхамеджанов болғандығын атап етуіміз керек.

Бұл күндер әр қарағандылықтың «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы құрметіне жүзеге асырылған» деп мақтанар, Тәуелсіздіктің әкөлгені мен бергені деп қабылдап, ауыз толтыра айтарлық істері көз алдымызда сайрап жатыр. Осылардың ішінде ерекше бөліп айтуға тұратыны «Тәуелсіздіктің 10 жылдығына 10 игі іс» бастамасымен облыс орталығы Қарағанды қаласындағы баршаның күшімен жүзеге асырылған келелі жұмыстар. Иә, бұл игі бастама, енегелі іске тек қарағандылықтар ғана емес, облыстың барлық тұрғындары ат салысып, өз үлестерін қосты. Соның нәтижесінде барша еліміз Тәуелсіздіктің мерейлі 10 жылдығын атап өткен жылдың айшықты белгісіндей келер күнге мұра ретінде жүзеге асырылып, бүгінде әр қарағандылықтың мақтанышына айналған жаңадан бой кетерген әсем ғимараттар, керкімен көз тартар сәулет өнерінің тамаша жетістіктері, қаланың керкіне, келбетіне керік берген жаңа объектілер шоғыры бой кетерді. Олар мы-

налар болатын.

Этносаябақ. Қаланың орталығы мен Оңтүстік-Шығыс аумағының арасын жалғастырып жатқан осы саябақ облысымыздың барша тұрғындарының күшімен аз мерзім ішінде салынып, іске қосылды. Этносаябақтан кенді Қарағанды, мысты Жезқазғанды, көрікті Қарқаралы мен бауыры тарихи ескерткіштерге толы қарт Ұлытауды, Балқаш келі мен Нұра өзенін кез алдыға келтіресің. Этносаябақ – облыс келбетінің ықшамдалған нұсқасы. Қаланың орталығынан шыққан жолаушының немесе Алматы трассасы бойымен қалаға бет бұрған әр жолаушының қарсы алдынан атына жайдақ мініп, барша жәмиғатқа жақсылық хабарды жеткізуге асыққан бозбала бейнесі менмұңдалап қарсы шығады. «Сүйінші»деп аталатын осы стелла алдыңыздан шыққан кеудесін қуаныш кернеген болашақтың екілі іспеттес.

«Шахтер» стадионы. Негізі 1958 жылы қаланған қаладағы ірі спорт кешені саналатын орталық стадион Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында күрделі жөндеуден өтіп, реконструкцияланып, әрі қайта жабдықталып, адам танымастай өзгеріп, осы заманға сай лайықты кескін-келбетке ие болды.

Осы заманғы №77 балабақша мектеп кешені.

Іргетасы 1993 қаланған мектеп құрылысы белгілі себептермен тоқтап қалған болатын. Қаланың «Көгілдір тоғандар» ауданындағы мектеп ғимараты осы заманғы талапқа сай салынып, қатарға қосылды. Айта кету керек, бұл мектепте бүлдіршіндердің дені сау болып өсуіне, терең білім алып шығуына қажетті жағдайлардың бәрі жасалған.

Көркейген кешелер. Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында қолға алынып, әрі қаланың әр тұрғынынан жанды қолдауға ие болған игі істің бірі Қарағандының кешелерін абаттандыру ісі деуіміз керек. Бұл іске қаланың орталық кешелерін керіктендірумен шектелмей, жалпы қаламыздың барлық аумағы қамтылды. Егер нақты фактіге сүйенсек, қаланың 60-қа тарта кешесі абаттандырылған еді. Осылардың ішінде Н.Әбдіров даңғылы, Гоголь, Жамбыл, Костенко тәрізді орталықтағы көшелер жаңа сипатқа бөленсе, Жауынгер-Интернационалистер көшесі адам танымастай өзгерді.

«Құлама су кешені». Қарағанды қаласында судың тапшылығынан болар, суағарлар, жол жиегіндегі сылдырлап ағатын

бұлақтар жоқ, шаһардың сәні боларлық фонтандар да сирек. Осы бір олқылықтың орнын мереке қарсаңында пайдалануға берілген «Құлама су» кешені толтырғандай болып еді. Ол қала тұрғындарының сейіл құратын, тынығатын сүйікті орындарының біріне айналды.

Жаңарған вокзал. Қарағандының теміржол вокзалы 1955 жылы пайдалануға берілген. Арада өткен уақыт осы ғимараттың кескін-келбетіне де әсерін тигізбей қоймайды. Мереке қарсаңында вокзал күрделі жөндеуден өтті. Негізі, бұрынғы архитектуралық келбеті сақталған ғимарат жаңаша сәнге ие болды.

Алаңдар. Ірі қалаларда көпке танымал алаңдар аз болмайды. Бұған дейін қарағандылықтар Ерубәев көшесі мен Ленин даңғылы қиылдысындағы Гагарин атындағы алаңды ғана білетін. Мерекелі жылы қаламызда жаңа алаңдар пайда болды. Жаңадан құрылған экономикалық сот ғимаратының алдындағы алаң безендіріліп, осы алаңға ұлтымыздан шыққан алғашқы заң қызметкері Жақып Ақбаевтың есімі беріліп, оған ескерткіш орнатылды. Сондай-ақ қаланың Оңтүстік-Шығыс аймағындағы Е.Бекетов атындағы мемлекеттік университеттің алдында «Жастар алаңы» ашылып, қала керкіне керік қосты.

Көпірлер. Мереке қарсаңында қаламыздағы 7 көпір мен көтерме жол жөндеуден өтті. Бұлардың ішінде қала орталығы мен Оңтүстік Шығыс аумағын жалғастыратын автомобиль көпірлері, Майқұдыққа шығатын көтерме жол және басқалар бар.

Тау шаңғысы жолы. Таза ауада серуендеу, тынығу бойға қуат береді. Арқаның аязды күндерінде шаңғымен серуендеудің, биіктен төмен қарай зымыраудың өзі қандай ғанибет. Алайда Қарағандыда бірлі-жарым террикондар болмаса, іргеде тау да, төбе де жоқ.

Оның орнын Оңтүстік-Шығыстағы университеттің желке тұсында бой кетерген тау шаңғысы жолы толықтырды десек болады. Қарағандылықтар аз уақыт ішінде жасанды тау тұрғызып, осы аймақты бірегей спорт көшеніне айналдырды.

Жаңа ғасырдың бастау жылы негізінен Қарағандының қайта түлеу, жаңғыру, жаңа талапқа сай абаттандыру жылы болды десек те болғандай. Жоғарыда аталған жалпы ел болып

қолға алған 10 игі істен бөлек осы 2001 жылы жекелеген коммерциялық ұйымдар күшімен де қала келбетін жақсартуға түскен бірнеше жаңа ғимарат бой көтерді. Солардың қатарында «Аквалэнд», «Валют-Транзит» өнеркәсіп-қаржы қауымдастығының қаржы супермаркет ғимараты, «Алтын арба» сауда үйі және басқалар бар. Жаңа ғасыр Қарағанды үшін жаңа жоралғымен, қала келбетін жақсартуға деген ұмтылыспен басталды. Мұның өзі Арқа төсінде жер асты байлығына байланысты бой көтерген шаһардың келер күнге нық қадам басуы деп ұққан абзал.

Рекордтар шеруі

Қарағандының еңбек шежіресіне үңілген адам кенші қауымының үнемі ілгеріге ұмтылып, ел игілігін молайтуға бар ынта-жігерін жұмсап келгенін аңғарар еді. Іргетасы қаланған сонау отызыншы жылдардан арна басын алған қажырлы еңбек шахтер қауымына тән қасиет болып келеді. Осы дәстүр сабақтастығы бір жылдары үзіліп, кенші еңбегі керексіз саналып, тоқырауда болғаны да ұмытыла қойған жоқ. Алайда Қарағанды шахтерлері қиындыққа мойымады, оны жеңе білді. Жаңа ғасырдың алғашқы күнінен бастап дамудың жаңа жолына түскен шахталар аға буын дәстүрін жаңғыртты.

Қарағандыдағы алғашқы рекордты өмірге әкелген Түсіп Күзембаевтың бригадасы болатын. Оның бригадасы 1935 жылдың қыркүйегінде нормадағы 144 тоннаның орнына сме-насына 173 тонна көмір шығарып бұрын соңды Қарағанды аумағында болып көрмеген жетістікке жетті. Сәтімен басталған жаңа еңбек табыстары кейін рекордтар деп аталып бассейнің игі дәстүріне айналды, әрі кеншілер қауымын үнемі жаңа табыстарға жетелеп отырды.

Құлдыраудың төменгі шегіне жеткен Қарағанды шахталарының негізгі бөлігін атап айтқанда 15 шахта мен 26 қосалқы кәсіпорындарды 1996 жылы қолына алған «Испат-Интернешнл» компаниясы мен көмір департаменті өзінің стратегиялық бағыты ретінде дәл есептелген инженерлік шешімдердің негізінде өндірісті барынша шоғырландыру, шахта қорын қайта құру және оларды сапалық жағынан жаңа техникалық деңгейге көтеру бағытын ұстанды. Бұл тұрғыда көмір департаментінің барлық инвестициялық жобаларының компания та-

рапынан қолдау тапқандығын да айту қажет. Бизнес жоспарда өндірісте осы заманғы жоғары өнімді кен техникаларын қолдануға, еңбек қауіпсіздігін арттыруға, кеншілердің жұмысы мен тұрмысы үшін қалыпты жағдай жасауға назар аударылды.

Бұдан соңғы тағы бір жаңалық «шахта-лава» деген атқа ие болған схема қолданыла бастады. Оның мәні бір шахтадағы бұрынғы 4-5 лаваның орнына қуатты лава қалдырылып, тұтас кәсіпорын сол забойдың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жұмылдырылады.

Өтпелі кезеңнен кейін тап сол кезде Қарағанды шахталарының тынысы ашылғандай болды. Оны статистикалық мына мәліметтер де дәлелдей түседі. Мәселен, көмір департаменті 1999 жылы 7,3 млн. тонна көмір өндірсе, одан кейінгі жылы 8,5 млн. тоннаға жеткен. 2001 жылы көрсеткіш 9,7 млн. тонна болды. Осы негізде 2002 жылы 10 млн. межесінен асу кезделсе, одан кейінгі жылдарда да тұрақты өсу жобаланды.

Кеншілер сөзі мен ісінің арасында алшақтық болған жоқ. Жұмысты қалыпты ырғаққа түсірген соң жаңа межелер де белгіленді. Бір сөзбен айтқанда дәстүр жалғастығы қалыптасты.

2002 жылдың 1 тамызында «Испат-Қармет» ААҚ көмір департаментінде айтулы оқиға болды. Осы күні көмір департаментіне қарасты шахталардың учаске бастықтары С.Мустивкс, М.Бесперстов, А.Тәкеев, Т.Шаяхметов, В.Егоров шартқа қол қойып, онда жылына әр учаске бір лавадан миллион тонна көмір өндіретіндіктерін мәлімдеді.

Сол 2002 жылы облыстық бұқаралық ақпарат құралдары кеншілердің осы еңбек ынтасына ерекше көңіл белді. Барлық басылым беттерінде шахтерлердің даңқты ісінің жанды жалғасын тауып отырғандығы айтылды. «Көмір департаменті миллионер жарысына ерекше маңыз беріп отыр. Бес учаске бастығы жарыс шартына қол қоюы сол екен, жоғары өнімді лавалар еңбек думанына бөленді де кетті, – деп жазды газеттер.

Иә, шын мәнісінде солай болды. 2002 жылдың 1 тамызы күні Қарағандыдағы Костенко атындағы шахтаның С.Мустивко басқаратын учаскесі қыр басына 8415 тонна көмір шығарды. Арада үш күн өткен соң осындай межеге Күзембаев атындағы шахта кеншілері қол жеткізді. Олар тіпті костенколықтар



межесінен асып түсіп жаңа рекорд жасады. Атап айтқанда М.Бесперстовтың учаскесі «Пиома» кешенімен 9093 тонна отын өндірді. Бұл аламан бәйгенің басы ғана екен. Тамыз бойы екі шахтадағы екі учаске бір-бірінің жетістігін місе тұтпай үнемі өзгертумен болды. Мәселен 6-9 тамыз аралығында костенколықтар 9579, 9664 және 9740 тонна межесін алып, күн сайын рекорд жасады. Бұл орайда күзембаевтықтар да тосылып қалмады. Олар 6 тамызда 9300 тонна, ал 9 тамызда 9370 тонна көмір шығарды. Ал костенколықтар болса намысты қолдан бермей келесі күні тағы бір рекордқа қол жеткізді. Олар қыр басына 10 мың тонна көмір шығарды. Егер забойда парода құлап екі күн бөгеліс болмағанда күзембаевтықтар да әріптестеріне дес бермес еді. Сөйткен күннің өзінде де олар 20 күн ішінде 141 мың тонна көмір өндірді. Ал костенколықтар шын мәнісінде ерледі. Олар 20 жұмыс күні ішінде 177 мың тоннадан астам көмір шығарып, осыдан жиырма тоғыз жыл бұрынғы Михайловка, қазіргі Кузембаев атындағы шахтаның атақты кеншісі О.Ишхнели учаскесінің бүкілодақтық рекордын жаңартты.

Қарағанды кенішіндегі осындай келелі табыс, жаңа рекордтар жалпы сала қызметкерлері арасында тың серпіліс тудырды. Елдің шахта кәсіпорындарына деген сенімін арттырды. Көңілдерде орнаған күдіктерді арылтты. Тек шахтер қауымы ғана емес жалпы қарағандылықтар да шахталардағы еселі еңбекке қуанды.

Қарағанды шахталарының қалыпты еңбегінің халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайының кетерілуіне, жұмыс орында-

рының ашылуына ықпалын тигізерін қаланың әр тұрғыны жақсы білді. Сондықтан да болар олар кеншілердің миллион тонна жолындағы жарысын түсіністікпен қабылдап, оған жетулеріне тілектес болды.

Қарағанды шахталары тарихымен таныс адам сонау жылдары кеніште 500 мыңшылар жарысының өріс алғандығын жақсы біледі. Ол дегеніміз – айына әр учаске бір лавадан 500 мың тонна көмір өндіру жолында күресетін. Міне, уақыт алға озған сәтте кешегі табыс күнделікті нормаға айналып қалды. Жаңа рекордтық нәтижелерге жаңа кен техникаларын енгізу арқылы қол жеткенін де айту керек.

Мәселен Костенко атындағы шахтадағы Сергей Мустивконың лавасы К-10 «Феликс» қабатында орналасқан. Одан алынатын көмір қыртысы 3,7 метр. Қазір олар немістің «Айхгофф» фирмасының SL-300 қуатты комбайнын пайдалануда. Кеншілер бұл комбайнмен айына 200 мың тонна көмірді еркін шығаруға болады дейді. Егер кеншілер айына осы айтылған межені алса онда олардың айлық жалақысы 90 мың теңгеге, ал айына бір комбайнмен 250 мың тонна межесіне жетсе жалақы көлемі 1 мың АҚШ долларына жетеді екен. Бұдан шығатын қорытынды шахтерлер тек еңбек рекордын жаңартып қана қоймайды, еселі еңбектері арқылы өздерінің табатын табысын да, сол арқылы тұрмысын да жаңа деңгейге көтереді.

Кеншілердің Қарағандыда бастаған рекордтар шеруінің жалғасын қанаттас қалалар кеншілері де жалғастырып әкетті. Сондай бір айтулы оқиға 2002 жылдың 31 қазан күні болды. Осы күні «Тентек» шахтасының №2 учаскесі өздерінің бір ай ішінде 400 мың тонна отын өндіру жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындап шықты. Осы салтанатқа арналған митингіде «Испат-Қармет» ААҚ көмір департаментінің атқарушы директоры Г.Презент «Сіздер Қарағанды бассейні мен облысқа өшпес даңқ, тамаша тарту әзірледіңіздер. Бұл табысқа басқа шахталардағы әріптестерің, департаменттің барша ұжымы ұйымшылдықпен үлес қосып сомдады. 31 күнге созылған достық вахтасында сіздер Қарағанды кеншілерінің қолынан келмейтін нәрсе жоқ екендігін дәлелдедіңіздер, – деді үлкен тебіреніспен. «Тентек» шахтасының табысы жеке еңбек ұжымының ғана емес достық вахтасына тұрған Костенко, Күзембаев атындағы және басқа кен орындары ұжымдары-

ның күш-жігері, тәжірибелі мамандардың қажыр қайратқа толы еңбегінің тоғысуы арқылы қол жеткен нәтиже болды.

Кеншілердің 2002 жылғы тамаша еңбегіне «бұл биік рухтың, ерік-жігердің, қазақстандық патриотизмнің жарқын көрінісі» деген баға берілді. Ер шахтерлер бір мезгіл көмескіленіп қалғандай болған бассейннің өр данқын қайтарды, еңбек құдыретін баршаға тағы бір мәрте мойындатты.

Осылайша жаңа ғасырдың алғашқы жылдарында Қарағанды даңқы қайта жаңғырығып, өмірге ерен еңбектің үлгісі, тың рекордтар келді. Қарағанды шахтерлері өз қаласының 70 жылдығын еңбектегі соны табыстармен және ілгері күнге деген ұмтылыспен қарсы алып отыр. Қарағанды көмір арқылы өмірге келді, оның болашағы да жер асты мол байлығына байланысты болмақ. Олай болса қайта түлеген кеніштің еңбек табыстары арқылы кеншілер шаһарының даңқы да асқақтай береді.

Қайра түлеген Майқұдық пен Аққұдық

Өткен жылғы Құрылысшы күні, яғни 9 тамызда шыққан санында «Орталық Қазақстан» газеті осындай тақырыппен 4 материалдан тұратын циклдық мақаланың алғашқысын жариялады. Онда қаланың Октябрь ауданы деп аталатын ескі бөлігінде, яғни Майқұдық, Аққұдық (Пришахтинск), Сортировка (Ащылыайрық) тұрғын аймақтарында халықты тұрмысқа жарамсыз үйлерден көшіріп, басқа баспана тауып беру, бос қаңырап қалған ғимараттарды бөлшектеу, тұрғын үйлерді қауіпсіз топтық газ қондырғыларына қосу сияқты күрмеуі қиын істердің қалай атқарылып жатқандығы баяндалған.

Иә, өткен жылдың сәуір айынан қаланың осы бір байырғы, шын мәнінде шахтерлер мекені болып келген бөлігінде үлкен бетбұрыс басталды. Бұған себеп болған қасиетті мекеніміз – Қарағанды қаласының алдағы торқалы 70 жылдық тойы еді. Осының алдында «Орталық Қазақстан» газетінде «Наурыздан наурызға дейін» деген айдармен «Қазыналы қарашаңырақ» деген мақала (Е.Лұқпанов, 27.03.03ж.) жарияланып, онда қаланың сәулетін жаңартып, оның бұрынғы даңқын қалпына келтіру, жас буынға Қарағанды кенішінің қажырлы еңбек дәстүрін ұғындыра білу жөнінде көтерген мәселелері облыс

қала басшыларына түрткі болғандығы сөзсіз.

Сонымен облыс әкімі К.Мұхамеджанов 2 сәуір күні Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде Октябрь ауданының тұрғын үй қорын оңтайландыру және сәулеттендіру, ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайы және сапалы коммуналдық қызмет көрсету мәселесі жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді. Оған өзінің орынбасарлары, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық, қалалық мекемелер мен ұйымдардың, өнеркәсіп орындарының басшылары қатысты. Осы мәселе бойынша облыс әкімі ұзақ баяндама жасады.

Республика тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында қаланың орталық бөлігі облыс әкімінің тікелей басшылығымен атқарылған жұмыстарының арқасында әжептәуір көркейіп қалған еді. Бірақ та қаланың ескі бөлігін біріктіріп отырған Октябрь ауданы көзге шыққан сүйелдей еді. Тоқсаныншы жылдардың басындағы белгілі оқиғаларға байланысты мұнда өндіріс орындары жабылып, әлеуметтік-мәдени объектілері ықшамдауға ұшырады. Бос қаңырап қалған үйлер пайда болды. Ал бұл негізінен жұмысшы табы тұратын өнеркәсіпті аудан еді. Өндірістік потенциалы Теміртаудан кем емес-тін. Ендігі міндет – осы мекенді қайыра түлету, оның өндірістік кәсіпорындарын жандандыру, тұрғындарына қолайлы тұрмыстық жағдай жасау, медициналық, спорт, мәдени қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болатын.

- Ауданда қазір 84 жартылай бұзылған және қиратылған объектілер бар. Соның 48-і кепқабатты тұрғын үйлер, 38-і әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық ғимараттар. Кейінгі жылдары небары үш тұрғын үй және бес әлеуметтік объекті бөлшектенді. Бұл жөнінде бізде жинақталған тәжірибе бар. Саран, Шахтинск, Теміртау, Қаражал қалаларында коммуналдық салада үлкен өзгерістер жасалды, – деді өз баяндамасында К.Мұхамеджанов. – Қаржыны кеп қажет ететін қазандықтар жабылып, тұтас поселкелер дербес жылыту жүйесіне көшірілді. Тиімді меншік иелері іздестірілді. Жылу және электр тораптары мен подстанциялар оңтайландырылды. Октябрь ауданы әкімінің аппараты тұрғын үй қорын оңтайландыруға бар күштерін жұмылдыруға тиіс еді, бірақ олай болмады. Сондықтан ауданға облыстық дәрежеде көмек көрсету қажет болып отыр («Орталық

Қазақстан», 5 сәуір 2003 ж).

Облыс әкімі ауданның тұрғын үй қорының жағдайын талдап, қала және аудан әкімдеріне қоныстануының деңгейі 50% болып отырған үйлерден отбасыларын басқа тұрғын жайларға көшіруді тапсырды. Сондай-ақ кейінгі жылдары ауданға ауыл тұрғындарының көптеп көшіп келуіне байланысты мектеп жасына дейінгі мекемелер мен мектептерге қажеттілік туындап отырғандығын атап өтті. Сондықтан бұрынғы балабақшаларын тексеріп, қайтадан іске қосу мүмкіндігін қарастыруды, №68 орта мектеп базасында тұрмысы төмен адамдардың балалары үшін мектеп-интернат ашуды жүктеді.

– Аудандағы мәдениет мекемелерінің деңгейін осы Жаңа Майқұдық мәдениет үйінің жағдайынан-ақ білуге болады, – деді әкім тозығы жеткен ғимаратты нұсқап. Сондай-ақ Молодежный және Теміржолшы мәдениет үйлерінің жағдайы да мәз емес.

Босап қалған пәтерлер мен дәліздер қылмыстың, нашақорлықтың ошағы болып, заңсыз спирт сататын жерге айналған. Киров полиция бөлімшесі қызмет ететін аймақта кісі тонау 22%, бұзақылық екі есе артқан, Жаңа Майқұдық бөлімшесі бойынша пәтер тонау 50% өскен. Міне сондықтан да облыс әкімі учаскелік полиция инспекторларының беделін арттырып, жағдайын жақсартуды шегелеп тапсырды.

Аудандағы газбен жабдықтау жұмысы мүлде бақылаусыз қалған. Бір кезде мұнда 211 топтық газ тарату қондырғысы болған екен. Адамдар толық қоныстанбағандықтан 61 қондырғы әрекетсіз бос тұр, 25 қондырғы баллондық газға көшірілгендіктен жойылған. Топтық газ қондырғыларын орнату «Алаутрансгаз» АҚ мамандарымен қатар ПИК төрағаларына және тұрғындар арасында жұмыс жүргізетін арнайы топқа жүктелді. Өйткені көп қабатты үйлердің баллонға көшкен тұрғындарын қайырадан топтық газ қондырғысына қосылуға үгіттеу оңайға түспейтін шаруа еді.

Осы жұмыстың нәтижесін қадағалау үшін Камалтин Ескендірұлы ерінбей-жалықпай әр аптаның бейсенбісі сайын қалалық, аудандық мекемелердің басшыларын, ПИК төрағаларын, қызмет көрсетуші ұйымдардың жетекшілерін жинап, берілген тапсырмалардың орындалысын пысықтап отырды, жаңа аптаға нақты тапсырмалар жүктеді. Сөйтіп, Кәмекеңнің

тікелей басшылығымен біздің облыста тұрғын үй қорын ықшамдаудың республикаға үлгі боларлық стратегиялық бағыты сынақтан өтті деуге болады. Тәжірибені басқа облыстардан келіп, үйренушілер де табылды. Сонымен бірге К.Мұхамеджанов облыс орталығында әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы 37 объектінің құрылыс барысын тікелей өз бақылауына алды. Мұнда да мүмкіндігінше әр аптаның сәрсенбісінде архитекторларды, құрылыс басшыларын жинап, кеңес өткізгеннен жалықпады. Жер телімдерін кеңілге қонымды, қаланы ажарландыра алатын, бизнес-жоспары ойға сыйымды жобаларды ашық конкурс арқылы анықтауды міндет етіп қойды. Әйтпесе кейбір пысықайлар жең ұшымен жалғасып, жіліктің майлы жағын иемденіп қалмақ болатын.

Атқарылған жұмыстың нәтижесі ел-жұртқа белгілі. Оны газетімізде талай рет келтірдік те. Дегенмен, кейбір көңілге қонымды цифрларды қайталаудың еш айыбы жоқ деп есептейміз. Мәселен, аудан бойынша бос қалған және қираған 2605 пәтер жөнге келтіріліп, тегіс қоныстандырылған. Тығыздау процесінде 1033 үйдің 1025-і кісі тұратын дәрежеге жеткізілген. Бұзылуға тиіс 4 үй жермен-жексен етіліп, орындары тегістелген. Майқұдықтың күре тамыры болып есептелетін Магнитогорск жәнә Маркс көшелері «Ремиксир» әдісімен жөндеуден өткізілді. 65 көшенің 35-і жарықтандырылды. Тоғыз ай мерзім ішінде 32 топтық газ қондырғысы қайырадан қатарға қосылды. Лифтілерді қалпына келтіру басталды.

Тәртіп қорғау органдары қызметкерлерінің жағдайы да жақсарып келеді. Мұның өзі қылмысқа тосқауыл болары сезсіз. Осы мақсатта полиция бөлімдерін жарақтандыруға 18 миллион теңге жұмсалған. 23 мектепке полиция қызметкерлері қойылған. Қосымша 3 учаскелік пункті ашылып, олардың саны 13-ке жетті. 17 учаскелік инспекторға пәтер берілді. Тірек пункттерінің материалдық-техникалық жағдайы жақсартыла түсті. Жоғарыда аталған Жаңа Майқұдық және Молодежный мәдениет үйлеріне, «Ботагөз» кинотеатрына жөндеу жүргізілді, бұған 28,2 миллион теңге қаржы жұмсалды. Сондай-ақ «Қарлығаш» балабақшасы жөндеуден өткізіліп, жұмыс істей бастады. №68 орта мектеп базасында тұрмысы төмен отбасыларының балаларына арналған 150 орындық мектеп-интернат ашылды. 47 аула клубы ұйымдастырылып, балалар-

дың бос уақытын мәнді өткізуге жағдай туғызылды. Осының бәрі 9-10 айдың ішінде атқарылып, туған қаламыз - Қарағандының 70 жылдығына лайықты тарту болды.

Облыс әкімі талай рет атап өткеніндей, Октябрь ауданында жүргізілген жұмыстар барлық қанаттас қалаларға, селолық аудан орталықтарына үлгі болуға тиіс.

Бұл шаралар Елбасымыз Н.Назарбаевтың тікелей ынтасымен республика тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған игі істерден бастау алып, лайықты жалғасын тапты. Сондай-ақ тұрып қалған, кәсіпорындар іске қосылып, жаңалары бой көтеруде, сөйтіп, жаңа жұмыс орындары ашылуда. Ең бастысы қарағандылықтардың тұрмысы жақсарып, көңіл-күйі көтеріле түсуде. Қазыналы Қарағанды шаһары халқымыздың ғасырлар бойғы күресі арқасында қол жеткен тәуелсіздікті баянды етіп, жаңа табыстарға жете беруге құштар.

Қарағанды мерейтой құшағында

Сарыарқаның кіндігіндегі кенді қала Қарағандының 70 жылдық мерейтойын атап өту шаралары өткен аптаның сөнбесінде өзінің шарықтау шегіне жетті. Бұл күні өзінің 70 жылдық тарихында қайта дәуірлеу кезеңін бастан кешіп жатқан кеншілердің астанасына құтты болсын айтып Астанадан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Оралбай Әбдікәрімов, Парламент Мәжілісі спикерінің орынбасары Мұхамбет Кәпей, Сенаттың елеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов, мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов, Парламенттің қарағандылық депутаттары Виктор Кист, Юрий Кубайчук, Шаймерден Оразалинов, Мұхтар Тінікеев, Рауан Шаекин, қала әкімінің бірінші орынбасары Серік Ахметов бастаған арнайы делегациясы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі арнайы келді. Сондай-ақ, бір кездері тағдырлары Қарағандыман тығыз байланысты болған бір топ ресейлік сыйлы қонақтар, Мәскеуден, Қазақстанмен кершілес Қорған, Омбы облыстарынан өкілдер төрден орын алды.

Кеншілердің мәдениет сарайының кең залына құрметті

қонақтар мен Қарағанды сблысының жақсы менен жайсаңы лық толғаннан кейін, салтанатты жиналыс басталып та кетті. Оның шымылдығы Қарағанды қаласының еткен тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігін егжей-тегжейлі сез еткен бейне фильммен ашылды. Онда бүгінгі сән салтанатты қаланың қалай пайда болғаны, басынан еткен ауыр кезеңдер бөйне құжаттар арқылы шынайы суреттелген. Бұдан жиырма жыл бұрын елді индустрияландыру мен Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін еңбекші қала Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталғанда оны қала туына халқымыздың ардақты ұлы Д.А.Қонаевтың езі қадаған еді. Залға жиналғандар сол бір салтанатты сәтті тағы бір сезініп, ду қол шапалақтап қарсы алды.

Керсетілімнен кейін сахнаға мерейтойлы Қарағанды қаласының әкімі Юрий Литвинов көтеріліп, кезінде Одақтағы үшінші көмір бассейні болған қазыналы Қарағандының бай тарихынан мол мағлұмат беретін және бүгінгі істелініп жатқан игілікті шаруалардан хабардар ететін мазмұнды баяндама жасады.

Жер бетіндегі қалалардың бәрінде бірдей біздің Қарағанды сияқты еңбек даңқы жоқ, – деді ол. – Кеп жылдан бері ол «Үшінші көмір ошағы», «Ғарыш айлағы» ретінде танымал. Бұл жерде әлемдік рекордтар тұындап, еңбектері ерен шахтерлердің, құрылысшылардың, металлургтердің аттары айдай әлемге әйгілі болды. Бұл жер ондаған ғарыш пионерлерін ыстық құшақтарын ашып қарсы алды. Солардың арасында тұңғыш әйел ғарышкер Валентина Терешкова және тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров бар.

Қарағандылықтар Республикамыздың тұңғыш Президентінің 20 жылдық еңбек жолы Қазақстан Магниткасымен және біздің қаламен тығыз байланысты екенін мақтан етеді. Олар Елбасына ықыластарын 2002 жылы «Қарағанды қаласының құрметті азаматы» атағын беру арқылы білдірді.

Бүгінде, қаланың 70 жылдығын атап өте келе біз барлық ұрпақтардың өкілдеріне, Қарағандының алғашқы құрылысшыларына, соғыс және еңбек ардагерлеріне, қала мен облыстың бұрынғы басшыларына, еңбек ұжымдардың екілдеріне, барлық қарағандылықтар мен бауырлас мемлекеттердің қонақтарына қаламызды гүлдендіруге қосқан үлестері үшін рахмет айтамыз.

Қаламыз кейінгі 5 жылда адам танымастай өзгерді, – деді бұдан кейін қала әкімі. Оның 70 жылдығына орай облыс әкімінің бағдарламасы бойынша жалпы құны 25 миллиард теңгеден астам 61 объектінің құрылысы салынуда, мұның өзі қаланың жылдық бюджетінен 4 есе артық.

Бұдан кейін Юрий Михайлович қала еңбекшілері алдында тұрған міндеттерді саралады. Қуанышқа ат арытып келген қадірменді қонақтарды, Қарағанды үшін қадірі бөлек ардагерлерді, ел үшін еңбек етіп жүрген азаматтарды, қаланың барша тұрғындарын 70 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Сахнаға қадірменді қонақ – ҚР сенатының төрағасы Оралбай Әбдікәрімов көтерілді. Орекең жерлестерін Қарағандының 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, былайша толғанды:

– Қасиетті Қарағанды жері тек қана қара алтынның қазынасы емес, ол – қазақтың тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевты, көптеген қоғам қайраткерлері мен ел есімін ардақ тұтатын азаматтарды түлетіп ұшырған киелі мекен. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында біраз қиындықтарды бастан кешкен Қарағандының бүгінгі жүзі жарқын, еңсесі тік. Егемен еліміздің гүлденуіне Қарағандының қосқан, қосар үлесі әмәндө қомақты.

Сенат төрағасы қала әкімі Ю. Литвиновқа мерейтойға арнайы әкелген тартуы — картинаны сыйлады.

Бұдан кейін сахнаға көтеріліп, құттықтау сөз сөйлеген ҚР Мәжілісі төрағасының орынбасары Мұхамбет Көпей Қарағандыда оқыған, №121 және №19 көлбеу шахтасында практикадан өткен жылдарын ілтипатпен еске алды. Қарағандының «қара алтынымен» қатар Жезқазғанның «самородок сары алтынын» жырға қосқан Ұлытау өңірінің өнерпаз дүлдүлі Шынболат Ділдебаевтың сөзін келтіре отырып, осы екі өңірдің ел байлығын молайтуда қатар адымдап келе жатқанын тілге тиек етті. Өз кезегінде вице-спикер де естелік сувенирді сыйға тартты.

Мінберге астаналар мен ірі қалалар қауымдастығының атқарушы директоры В.Селиванов көтеріліп, Мәскеу қаласының мэрі Юрий Михайлович Лужковтың әріптесі әрі адасы Ю.М.Литвиновқа жолдаған құттықтауы әсерлі болды. Онда

Мәскеу басшысы Қарағандының осынау қауымдастыққа енетін 54 қаланың ішінде ірі мегаполистың әлеуметтік мәселелерін шешуде алдыңғы қатарда келе жатқандығы өділ атап етілген.

Айшылық алыс жерден сымсыз хабар алатын мына заманда көршілөс ұлы елдің астанасынан бейне сәлем алу деген не тәйірі?! Дегенмен, бұрынғы қарағандылықтар, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары Александр Коркин, Виталий Гаркуша, Кармет комбинаттың бір кездегі бас директоры Олег Сосковец, көмір комбинатының бастығы, КСРО көмір енеркәсібі министрі болған Борис Братченконың, халық артисі Нина Симонова мен Қарағанды темір жолын басқарған Юрий Раострыгиннің оағынышты сәлемдері жүрек толқытты.

Салтанатты жиналыста Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, жерлесіміз Серік Ахметов, Теміртау қаласының өкілі, облыстық Мәслихат депутаты В.Нехорошев, еңбек ардагері, облыстық атқару комитетінің төрағасы бөлып 14 жыл үзбей жұмыс істеген С.Досмағамбетов ақсақал көмірлі қала жұртшылығына құттықтау сөздер арнады. Сондай-ақ облыс әкімдерінің, жоғары лауазымды қызметте жүрген бұрынғы жерлестеріміздің жүрек жарды жеделхаттары жәмиғат құлағына жеткізілді. Мәртебелі жиналыс жабық деп жарияланып, Қазақстан Республикасы Әнұранының салтанатты әуені айналды.

Барлық жен-жосық, сән-салтанатымен өткен мерейтой жиналысынан кейін бірден мерекелік концерт басталып кетті. Келісті безендірілген сұлу сахнада концерттің шымылдығын Тәттімбет атындағы Академиялық ұлт аспаптары оркестрі ашты. Келесі бір сәтте сахна төріне КСРО халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, бұлбұл әнші Бибігул Телегенова көтерілгенде, сұлу саз, сиқырлы ән аңсаған сарай толы жұрт Алаштың аяулы қызын қошеметпен қарсы алды. Біртуар енерпаз әнін Ілия Жақанов, сөзін Серік Ақсұңқарұлы жазған «Қарағанды вальсін» кеншілер астанасының 70 жылдық торқалы тойына тарту етіп, тамылжыта орындап берді. Құлақтан етіп, жүрекке жеткен ән біткенде жұрт Бибігул Телегеновадан тағы бір ән айтып беруді етінген тілегін ұзақ қол шапалақтаумен жеткізді. Сахнаға қайыра шыққан қазақтың бұлбұл қызы ән тілеген қауымның меселін қайтармай, әйгілі «Гауһартасты» әуелетті.

Бибігул апамыздан кейін концерттік номер тізгінін қараған-

дылық өнерпаздар іліп әкетті. Мәйірхан Адамбеков, Жақсыкелді Кемалов, Ерлан Қужиманов және т.б. танымал әншілердің орындауындағы классикалық, патриоттық һәм халық әндері мерекелік концерттің майын тамызып, мерейін асырып жатты. Өз кезегінде, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Шадаева, сөзін Серік Ақсұңқарұлы жазған тағы бір ән—«Қарағанды вальсінің» (әні—Е. Әміровтікі) тұсауын кесіп, мерейтойға шашу ретінде ұсынды. Әуелеген ән мен мың бұралған би алма-кезек ауысып, мерекелік көңіл-күйдің хошы билеген жамиғаттың жанын жадыратты. Облысымызды мекен еткен әр ұлттың өнерпаз екілдері де мерекелік концертке өз үлестерін қосып, сахна төрін думанға айналдырып жіберді. Концерттің соңына таман жүз адамдық хор орындаған «Азаттық жыры» (сөзі—С. Ақсұңқарұлынікі, әнін Е. Әміров жазған) мерейтой үстінде шалқыған көңілдердің меймағасын тасытқандай болғаны рас еді. Мерекелік концерттің шымылдығы осы хордың орындауындағы дәтке қуат беріп, жігерді жанитын «Менің Қазақстаным» әнімен жабылды.

Қала басшылары кімдер еді?

Қала болғаннан бергі 70 жылдың ішінде Қарағандының бірінші басшылары кімдер болды? Бұл сауалға архив құжаттарын пайдалана отырып жауап береміз.

1932 жылдан 1939 жылға дейінгі аралықта қалалық Кеңестің атқарушы органы жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары қалалық Кеңесінің президиумы болған. Оның, яғни қалалық Кеңес президиумының төрағасын қала басшысы деп санауымызға болады.

1936 жылы жаңа Конституция қабылдануына байланысты 1939 жылдан бастап қалалық Кеңестің атқару комитетінің төрағасы деген лауазым өмірге келді.

Соңғы жылдардағы қоғамдағы өзгерістерге, республиканың тәуелсіздік алуына орай қазір қаланы әкім басқарады.

ШЕКТІБАЕВ Кәрібоз – 1932 жылдың сәуір айына дейін,

ТӘЖІБАЕВ Дүйсен – 1932-1934 жылдар аралығында,

НҰҒЫМАНОВ Гирей Жайтеліұлы – 1935 жылы,

КӨРПЕБАЕВ Жүніс – 1936 жылы,

КУЧИН М.К. – 1937 жылдан 1938 жылдың қарашасына

дейін,

ЖӘНІБЕКОВ Әбдірахман – 1938 жылғы қарашадан 1939 жылдың тамызына дейін,

КИСЛЕНКО Василий Яковлевич – 1939 жылдың тамызынан 1942 жылдың шілдесіне дейін,

КОСТЕНКО Петр Иванович – 1942 жылдың шілдесінен 1953 жылдың наурызына дейін,

СУНОЗОВ Григорий Яковлевич – 1953 жылдың наурызынан 1957 жылғы наурызға дейін,
ҚОНАҚБАЕВ Қасқатай Досұлы – 1957 жылғы наурыздан 1969 жылғы наурызға дейін,
ТӨЛЕПОВ Нарманбет Оспанұлы – 1969 жылғы наурыздан 1975 жылғы маусымға дейін,
БАЙДІЛДИН Болат Әбдірахманұлы – 1975 жылдың маусымынан 1980 жылғы наурызға дейін,
ӘВДІРАХМАНОВ Байболат – 1980 жылдың наурызынан 1984 жылдың қыркүйегіне дейін,
МУСӘЛІМОВ Идеал Ғалиұлы – 1984 жылдың қыркүйегінен 1985 жылдың маусымына дейін,
ІЛИЯСОВ Рымқұл Көшкімбайұлы – 1985 жылдың маусымынан 1987 жылдың шілдесіне дейін,
ОРАЗАЛИНОВ Шәймерден Әбілмәжінұлы – 1987 жылдың шілдесінен 1997 жылдың мамырына дейін,
ФИЛАТОВ Николай Васильевич – 1997 жылдың мамырынан 2000 жылдың маусымына дейін,
ИЗААК Корней Корнеевич – 2000 жылдың маусымынан 2002 жылдың ортасына дейін,
ЛИТВИНОВ Юрий Михайлович – 2003 жылдың наурызынан.

Қарағандының құрметті азаматтары

Еңбекшілер депутаттары қалалық кеңесінің 1967 жылғы 12 қазандағы шешімімен «Қарағанды қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы» ереже бекітілді. Бұл атақ қаланың қоғамдық өміріне белсене араласқаны, қалаға сіңірген еңбегі үшін ғылым, мәдениет, қала шаруашылығы, халыққа білім беру, денсаулық сақтау оаласының қызметкерлеріне, жұмысшыларға, инженер-техник қызметкерлеріне, зейнеткерлерге, өндіріс озаттарына, сондай-ақ облыс аймағына қонған ғарышкерлерге беріледі. Тұңғыш рет мұндай құрметке қаланың алғашқы дәрігерлерінің бірі Я.Ф.Алалыкина, КСРО-ның құрметі шахтері М.Рақышев, қалалық Кеңестің бұрынғы төрағасы П.И.Костенко, Қарағанды жеріне қонған ғарышкерлер Г.С.Шонин, В.Н.Кубасов, А.В.Филипченко, В.И.Волков, В.В.Горбатко, В.А.Шаталов, А.С.Елисеев (бәрі де 1967 ж.), кейін А.Г.Николаев, В.И.-Севастьянсов (1970 ж.), Н.Н.Рукавишников (1971 ж.), В.Г.Лазарев (1972 ж.). О.Г.Макаров (1973 ж.) ие болды. Кітапқа енгізілген азаматтарға диплом мен ленталар табыс етіледі. Құрмет кітабына хронологиялық тәртіпте мына азаматтардың есімі енгізілді.

1971 ж.
Васькин Н.И.
Кенжин Ә.К.
Кольванов И.А.
Мамыраев М.
Үрістемов Ж.
Әміров Х.

1972 ж.
Мұстафин Ғ.

1973 ж.
Поспелов П.М.

1974 ж.
Катаржнов А.В.
Дәненова Ф.Қ.

1977 ж.
Нұрмағамбетов Б.
Рудометкин С.П.

1978 ж.
Пазенко Я.А.

1979 ж.
Карабанов И.А.

Қарсыбеков Г.Р.
Язев В.И.

1980 ж.
Золотарев А.С.
Мәулетов Б.М.
Әубәкіров Ж.Ә.

1985 ж.
Аманбаев Қ.Ә.
Шашкина Ж.Н.

1991 ж.
Әубәкіров Т.О.

1992 ж.
Бектұров Ж.К.

1993 ж.
Чапурин Н.А.
Қонақбаев Қ.Д.
Сағынов Ә.С.

1994 ж.
Покатилов Н.И.
Сүлейменов М.

1995 ж.
Бөкенов М.Б.
Косенко С.Г.

1996 ж.
Әбдіразақов Т.Ә.
Қайырбаев Н.Қ.
Саламатов В.Г.
Шакиров О.Ш.

1997 ж.
Герайн В.И.
Гольцев М.В.
Кочкаров М.Ш.
Нұртаханов А.Н.

Досмағамбетов С.Қ.
Рақымбеков М.Р.

1998 ж.
Оразалинов Ш.Ә.
Ақылбаев Ж.С.
Шаймұханов Д.А.

1999 ж.
Аханов Т.А.
Әлменов С.Ә.
Бейсатов С.Ш.
Билык А.П.
Мамежанова Х.А.
Матонин П.К.
Мұқанов Д.
Романюта А.К.

2000 ж.
Есенбаев М.Т.
Имашев М.И.
Әбіқаев Д.Х.
Айтжанов К.Д.
Исаев Н.И.
Презент Г.М.
Төлөпов Н.О.
Шишканов В.Г.

2001 ж.
Алексеенко М.П.
Дрижд Н.А.
Құлқыбаев Ф.Ә.
Молдахметов З.М.
Мүсәлімов И.Ф.
Шакирова Ф.С.
Мұхамеджанов К.Е.
Манукян А.Р.

2003 ж.
Жахин М.С.
Жошин А.Ә.
Марданов Т.М.

Қарағанды жылнамасы

- ❖ 1934 жылы Қарағанды қала мәртебесіне ие болды.
- ❖ 1935 жылы қала халқының саны 135 мың адамға жетті. Осы жылы жалпы көлемі 10906 шаршы метр кірпіш және тас үйлер салынды.
- ❖ 1936 жылғы шілдеде БОАК президиумының қаулысымен Қарағанды қаласы облыс орталығы мәртебесін алды.
- ❖ 1938 жылы қалада Киров, Ленин және Сталин аудандары құрылды.
- ❖ 1940 жылы тамызда Ботаникалық бақша ашылды.
- ❖ 1941 жылы Ворошиловградтан эвакуацияланған Пархоменко атындағы машина жасау заводы іске қосылды.
- ❖ 1942 жылдың ақпанында Батыстан көшірілген Артемовск аяқ киім фабрикасының базасында Қарағанды аяқ киім фабрикасы құрылды.
- ❖ 1942 жылғы 16 наурызда «Қарағандыкөмір» тресі жүйесінде Киров, Ленин және Сталин көмір трестері құрылды.
- ❖ 1942 жылдың 13 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді ұлғайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы, ал 24 қыркүйекте БК (б)П Орталық Комитетінің Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді ұлғайту міндетіне байланысты партиялық жұмысы жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданды.
- ❖ 1942 жылдың 19 желтоқсанында Нұркен Әбдіров ерлікпен қаза тапты, оған 1943 жылдың мамырында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.
- ❖ 1943 жылдың 9 наурызында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Қарағанды көмір бассейнінде ашық әдіспен көмір өндіруді дамыту туралы қаулы қабылдады.
- ❖ 1943 жылғы мамырда Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы ашылды.
- ❖ 1943 жылдың 10 маусымында «Қарағандытұрғынүйкұрылысы» мемлекеттік тресі ұйымдастырылды.

- ❖ 1943 жылы тамызда Қарағандыда ақындардың республикалық айтысы ұйымдастырылды.
- ❖ 1945 жылы 5 қаңтарда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Сталин ауданын бөлу негізінде жаңа екі аудан – орталығы Қарағанды-Сортировка елді мекені болып табылатын Теміржол және орталығы №20 шахта елді мекені болатын Шахтинск аудандары құрылды.
- ❖ 1945 жылдың сәуірінде облыстық халық шығармашылығы үйі құрылды.
- ❖ 1945 жылдың 30 мамырында қалада поляк тілінде оқытатын поляк мектеп-интернаты ашылды.
- ❖ 1945 жылы қарағандылық конструктор С.Макаров ГKM-1 көмір комбайны құрастырылды.
- ❖ 1946 жылы қалада орталық мәдениет және демалыс паркі ашылды.
- ❖ 1948 жылы облыстық музыкалық мектеп ашылды, трамвай желісінің құрылысы басталды.
- ❖ 1948 жылдың 27 тамызында қала тұңғыш рет Шахтер күнін атап өтті. Осы күні 10 қарағандылық шахтер көмір өндірудегі, шахта құрылысындағы тамаша табыстары, еңбекті ұйымдастырудағы озық әдістері үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.
- ❖ 1949 жылғы 2 шілдеде Қарағанды геологиялық басқармасы құрылды.
- ❖ 1949 жылғы желтоқсанда Қарағанды медицина институты ашылды.
- ❖ 1949 жылдың соңында Сапсск лагеріндегі жапон әскери тұтқындарының күшімен Қарағандыда филармонияның Жазғы театры салынды.
- ❖ 1950 жылдың қыркүйегінде педагогика училищесі құрылды.
- ❖ 1951 жылдың қаңтарында Қарағанды индустриалды педагогикалық техникумы құрылды.
- ❖ 1951 жылы 27 қаңтарда «Қарағандыгипрошахт» мемлекеттік жобалау институты құрылды.
- ❖ 1951 жылдың қарашасында Кеншілердің мәдениет сарайы жұмыс істей бастады.
- ❖ 1951 жылы қалада трамвай қозғалысы ашылды.
- ❖ 1952 жылғы 29 желтоқсанда қалалық пионерлер сарайы ұйымдастырылды.
- ❖ 1952 жылы Қарағанды музыкалық училищесі ашылды,

Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институты (КНИУИ) құрылды. Қарағанды мұғалімдер институты педагогикалық институт болып қайта құрылды.

❖ 1952 жылы Ғ.Мұстафинның «Қарағанды» романы жарық көрді.

❖ 1953 жылғы 19 маусымда Қарағанды тау-кен институты ашылды. Жоғары және орта білім министрлігінің 1958 жылғы 4 наурыздағы бұйрығымен ол политехникалық институт болып құрылды (қазір мемлекеттік техникалық университет).

❖ 1953 жылы қарашада облыстық балалар кітапханасы құрылды. Оған 1955 жылдың сәуірінде Абай Құнанбаев есімі берілді.

❖ 1955 жылдың соңында теміржол вокзалы салынып бітті.

❖ 1957 жылы Қазақстан жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесі құрылды.

❖ 1958 жылдың 16 қаңтарында Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты (қазір физиология және еңбек гигиенасы институты) құрылды.

❖ 1958 жылғы 27 сәуірде спорт сарайы ашылды, оған кейін Н.Әбдіров есімі берілді.

❖ 1958 жылы Қарағанды телевизия студиясы құрылды. Оның алғашқы телехабары Шахтер күні қарсаңында эфирге шықты.

❖ 1958 жылғы 3 қазанда Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтың ескерткіші ашылды.

❖ 1958 жылғы 16 қазанда Қарағанды облысы астық сату жөніндегі социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шыққан үшін Ление орденімен марапатталды.

❖ 1958 жылы Шахтер орталық стадионы ашылды.

❖ 1961 жылғы 14 қарашада Қарағанды қаласының Сталин ауданы Октябрь ауданы болып өзгертілді.

❖ 1961 жылы Қарағандыда Қазақтың шетелдермен достық және мәдени байланыс қоғамының облыстық бөлімшесі құрылды.

❖ 1962 жылғы 7 қаңтарда көрме залы ашылды.

❖ 1963 жылы қаңтарда Қарағанды қаласының Киров және Шахтинск аудандары біріктіліріп, ол Киров ауданы деп аталды.

❖ 1964 жылы Қазақстан Суретшілер одағының Қарағанды бөлімшесі құрылды.

❖ 1966 жылғы ақпанда Қарағанды жаңа автовокзалы ашылды.

❖ 1966 жылғы 9 маусымда Қарағанды кооператив институты (қазір Қарағанды экономикалық университеті) құрылды.

- ❖ 1966 жылғы 31 тамызда Қарағанды сауда-кулинария техникумы (қазіргі коммерциялық колледжі) құрылды.
- ❖ 1966 жылы Л.Данзбергтің бригадасы проходкадан әлемдік рекорд жасады. Олар 1 айда 2523 метр кен қазбасын дайындады.
- ❖ 1967 жылғы 1 мамырда К.Горбачев атындағы шахтада Қарағанды облысындағы тұңғыш еңбек даңқы музейі ашылды.
- ❖ 1967 жылы «Қарағанды» проходка комбайнын жасап шығарған бір топ қарағандылық ғалымдар СССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.
- ❖ 1967 жылы Қарағанды көшелерінде алғашқы троллей-бустар жүре бастады.
- ❖ 1968 жылы 1 қаңтарда Қарағанды мәдени-ағарту училищесі құрылды.
- ❖ 1969 жылы 14 мамырда Қарағанды қаласының Совет ауданы құрылды.
- ❖ 1970 жылғы 27 тамызда Педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультеті негізінде Қарағанды мемлекеттік дене тәрбиесі педагогика институты құрылды (1997 таратылды).
- ❖ 1972 жылы СССР ІІМ Жоғары мектебі ашылды.
- ❖ 1972 жылғы 25 ақпанда педагогикалық институттың база-сында Қарағанды мемлекеттік университеті құрылды, оған 1995 жылы Е.Бөкетов аты берілді.
- ❖ 1972 жылы «Октябрь» (қазір «Ақжолтай») спорт сарайы ашылды.
- ❖ 1972 жылы Қарағанды бассейнінде көмір өндірудің жоғары технологиясын жасаған үшін кеніштің 12 қызметкері СССР мемлекеттік сыйлығына ие болды.
- ❖ 1973 жылғы қазанда Қарағанды музыкалық комедия театры ашылды.
- ❖ 1973 жылы Күзембаев атындағы шахтада бүкілодақтық рекорд жасалды (31 жұмыс күнінде лавадан 177023 тонна көмір өндірілді).
- ❖ 1975 жылы мамырда Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгер қарағандылықтар мемориалы ашылды.
- ❖ 1978 жылғы 18 қаңтарда Қарағанды шахтерлері бассейн игерілгеннен бері миллиардыншы тонна көмірді өндірді.
- ❖ 1978 жылғы қаңтарда Қарағандыда академик Е.Бөкетов басшылығымен «Халькогендер мен халькогенидтердің химиясы және технологиясы» І-бүкілодақтық кеңесі өткізілді.
- ❖ 1979 жылы Баспасөз үйі пайдалануға берілді.

❖ 1980 жылы қараша айында жаңадан салынған Сарыарқа әуе жайы алғашқы ұшақтарды қабылдады.

❖ 1981 жылы «Қарағандышахтақұрылысы» комбинаты, облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» Еңбек Қызыл Ту ордепімен, К.Станиславский атындағы орыс драма тетры Халықтар Достығы орденімен марапатталды.

❖ 1982 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ драма театры Халықтар Достық орденіне ие болды.

❖ 1983 жылы Қарағандының 600 мыңыншы тұрғыны дүиеге келді.

❖ 1984 жылы 22 мамырда Д.А.Қонаев қала туына Еңбек Қызыл Ту орденін қадады.

❖ 1984 жылы облыстық филармонияның симфониялық оркестрі құрылды.

❖ 1985 жылы «Киров» шахтасы І-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

❖ 1986 жылы Күзембаев атындағы шахта Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

❖ 1986 жылы «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы орыс тілінде жарық көрді

❖ 1988 жылы бейнелеу өнері музейі ашылды.

❖ 1989 жылы қала мен облыс тұрғындары ұзақ үзілістен кейін алғашқы Наурыз мерекесін тойлады.

❖ 1989 жылы 22 шілдеде Қарағанды шахтерлері ереуілге шықты.

❖ 1990 жылы «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы қазақ тілінде жарық көрді.

❖ 1991 жылғы 9 қазанда жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры Токтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

❖ 1993 жылы 21 мамырда Қарағандыда Бұқар жырау Қалқаманұлының 325 жылдық мерейтойы шаралар шеңберінде мәжіліс өткізіліп, теміржол вокзал алаңында ескерткіш ашылды.

❖ 1994 жыл Халық әндерін орындаушылардың Ж.Елебеков атындағы облыстық байқауы өткізілді. (1998 жылдан республикалық байқау).

❖ 1995 жылы Ұлы Отан соғысында қаза болған қарағандылық жауынгерлер туралы «Боздақтар» атты Зерде кітабының бірінші томы жарық көрді.

❖ 1995 жылғы сәуірде Фитохимия институты құрылды.

❖ 1996 жылы Қарағанды кенішінің бірнеше шахтасы мен

қосалқы құрылымдары ірі инвестор – «Испат-Қармет» ААҚ-ның құрамына енді.

❖ 1996 жылы Социалистік Еңбек Ері, кенші Сәкен Шома-новтың 100 жасқа толуы атап өтілді.

❖ 1997 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Жезқазған аумағы қайтадан Қарағанды облысына қосылды.

❖ 1998 жылы 25-26 сәуірде Қарағанды облысының Жаңа Астана – Ақмола қаласындағы күндері болып өтті.

❖ 1999 жылы 25-29 тамызда Қарағанды қаласының 65 жыл-дығы Шахтер күні және Қазақстан Республикасы Конститу-циясының қабылдауының 4 жылдығына арналған шаралармен атап өтілді.

❖ 1999 жылғы 29 тамызда Аппақ Байжановтың ескерткіші ашылды.

❖ 2001 жылы қалада Қазақстан Республикасы Тәуелсіз-дігінің 10 жылдығына арналған шаралар белгіленіп, «Тәуелсіз-діктің 10 жылдығына – 10 игі іс» бастамасы негізінде келелі істер жүзеге асырыла бастады.

❖ 2002 жылы тамызда Костенко және Күзембаев атындағы шахта ұжымдары көмір шығару жөніндегі жаңа табыстарға қол жеткізіп, рекорд жасады.

❖ 2003 жылдың сәуірінен Қарағанды қаласының 70 жыл-дығына дайындық басталды.

❖ 2003 жылғы қыркүйекте Қарағанды Техникалық универ-ситеті құрылғанына 50 жыл толуын атап өтті.

❖ 2003 жылғы 17 қарашада Қарағандыда ұлтымыздың аяу-лы ұлы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші ашылды.

Ел мен жер шежіресі

Сәні мен салтанаты жарасқан Қарағанды бүгінгі қалпыңда пайда бола қалған жоқ. Ол да қалыптасудың, өсудің, дамудың сан қилы кезеңдерінен өтті. Біле білген адамға көмірлі Қарағандының тарихы ХІХ ғасырдан басталады. Сол көзде-ақ осы еңірдің жерасты мол қазынасы бар екендігі анықталып, оған шетелдік алпауыттар назар аудара бастаған. Алайда бір ғасырға жуық бұл өңірді ешкім игере алмады. Тек ХХ ғасырдың 20-30 жылдары кеңес өкіметі көмір ошағына ерекше назар аударып, оны социалистік дамудың басты объектісіне, екпінді құрылыс қатарына қойды. Соның нәтижесінде мыңдардың күшімен ең далада алып индустрия орталығы – Қарағанды атты қала өмірге келді. Мұны айтып отырғаным Қарағанды қаласының мерейтойына өрнап «Орталық Қазақстан» газеті бірнеше ай бойы үзбей жариялаған сериялы мақалалары осы айтқан жайдан оқырмандарға толық мағлұмат береді. Мақала авторлары көмірлі өлке шежіресін Қарағандыға қала мәртебесі берілген оол 1934 жылдың 10 ақпанынан бастамай, тарихтың терең қойнауына үңіліп, ссы аймақтың ірі ендіріс ошағына айналуына алғышарттардың ерте қалыптасқанына оқырман назарын аударады.

Қарағандыны салу, тұрғызу оңайға түскен жоқ. Елді жайлаған ашаршылық, қуғын-сүргін одан кейінгі Ұлы Отан соғысының басталуы қала құрылысына кері әсерін тигізді. Қарағанды құрылысшылары, шахтерлері Отан қорғауға аттанды. Сол кезде өкелер мен ағалар ісін жасөспірімдер мен әйелдер жалғастырып, Қарағандының даңқын бір мысқал кеміткен жоқ. Қарағандылықтар Отан қорғауға зор үлес қосты. Оны күні кеше от кешкен аға буын екілдері біз көрдік. Майдангерлер соғыстан оралған соң Қарағандының алып құрылысына бел шеше атсалысты. Міне, осының бәрі «Қазыналы қарашаңырақ» циклімен жарияланған материалдарда жан-жақты, нақты фактілерге сүйене отырып, шынайы жеткізіледі.

Бұдан кейін Қарағандының 50-70 жылдардағы өсуі, ғылым мен мәдениет орталығына айналуы, жоғары оқу орындары-

ның ашылуы және басқалары да ретімен баяндалады. Сондай-ақ Қарағанды шежіресінде Кеңес екіметі ыдырағаннан кейінгі тоқырау кезеңі, еліміздің егемендік алған кезінен бастау алған өрлеуі де нақты көрсетіледі.

Рас, Қарағандының арғы-бергі тарихынан мағлұмат беретін орыс тіліндегі кітаптар мен оқулықтар баршылық. Алайда оолардың негізі кеңестік кезеңнің идеологиясы сарынымен біржақты жазылған. Бүгінгі тәуелсіздік аясындағы Қарағанды тарихына толыққанды тоқталып, объективті баға беретін шығарма әлі жоқ. Міне, осы олқылықтың орнын «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде жарияланған «Қазыналы қарашаңырақ» сериялы мақалалары толықтырады. Қолдарыңызға жеке кітап болып ұсынылып отырған бұл еңбектің жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылары, қалың көпшілік үшін Қарағандының өсіп-өркендеу, қалыптасу жолынан мол мағлұмат беретін құнды дүние екенін айтқым келеді.

**Қали АМАНБАЕВ,
Қарағанды қаласының Құрметті азаматы,
тарих ғылымдарының кандидаты.**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қарағанды.Қарағанды облысы.Энциклопедия, А.,1990,11-18 б.
- 2.А.Воейков.Город солнечного камня.А.-А., 1977, 1981;О.Малыбаев.Борьба КПСС за создание и развитие третьей угольной базы СССР, А.-А.,1961; Н.Даулбаев.Карагандинский угольный бассейн, А.-А., 1970; Т.Мустафин.КПСС –организатор борьбы за создание угольно- металлургического комплекса в Центральном Казахстане,А.-А.,1974; Д.Шаймуханов.Черная металлургия, А.-А., 1966; Д.Шаймуханов. Создание и развитие черной металлургии в Казахстане, А.-А., 1981; Караганда, А.-А., 1989; С.Досмагамбетов.Центральный Казахстан:природа и природные ресурсы,люди и события, реформы и развитие, 2003; В.Могильницкий, Г.Мукашев.Караганда. Художественно-документальная книга,Караганда, 2004.
3. Р.Кәренов. Арқаның соңғы биі Игілік Өтепов, “Орталық Қазақстан”, 2004, 4 қаңтар.
4. А.Гапеев.Карагандинское угольное месторождение,М.-Л.,1922.
5. Ғ.Мүсірепов.Жат қолында, А.,1984, 7 б.
6. А.Жанғожин, Р.Сағымбеков.Ағасы бардың жағасы бар, “Орталық Қазақстан”, 1982, 13 тамыз.
7. А.Жанғожин. Даңқты өрендер өнегесі , “Орталық Қазақстан”, 1975, 13 тамыз.
8. “Қарағанды пролетариаты”, 1935, 8 желтоқсан.
9. Д.Шаймұқанов, С.Шаймұқанова. Қарлаг, А.,1977, 24-25 б.

10. Ә.Қарағұлов.Баспасөз және уақыт тынысы,А.,1976, "Қара алтын" қоймасында" тарауы.
11. Л.Пинегина.Медный гигант,А.-А.,1963, 113-114 б.
12. Қаһарлы сөз қамал бұзады (Ұлы Отан соғысы кезіндегі ақындар айтысы),А.,1995.
13. Е.Лұқпанов.Дәстүр сабақтастығы, "Орталық Қазақстан",2002, 2 қараша.
14. "Орталық Қазақстан",1978,19 қаңтар.
15. А.Жанғожин, Е.Лұқпанов.Ақпарат айдынында, Қарағанды, 2001.
16. Е.Лұқпанов.Желтоқсан жаңғырығы, Қарағанды, 2001, 13-20 б.
17. Тәуелсіздік жылнамасы, Қарағанды, 2003, 11-12 б.
18. Russian and Nomad. Tales of the kirghiz steppes by E.Nelson Fell, New York, 1916.
19. Н.Назарбаев.Қазақстан: жаңару стратегиясы.Тәуелсіздіктің он екі жылдығына арналған салтанатты жиналыстағы баяндамасы, " Орталық Қазақстан", 2003, 20 желтоқсан.
20. М.Әлиакпаров. Үш би, Қарағанды, 1988, 48 б.
21. А.Жанғожин, М.Сембаев, "Қарағандылықтар астананы баурап алды!"; Орталық Қазақстан", 1998, 30 сәуір.
22. "Егемен Қазақстан", 2001, 11 мамыр.

М А З М Ұ Н Ы

Қазыналы қарашаңырақ	- 3
Қала басшылары кімдер еді?	- 132
Қарағандының құрметті азаматтары	- 134
Қарағанды жылнамасы	- 136
Ел мен жер шежіресі	- 142
Пайдаланылған әдебиеттер	-144

А.Жанғожин, Е.Лұқпанов

Қазыналы қарашаңырақ

***"Болашақ-Баспа" редакциялық-баспа
бөлімінде басылды***

Редакторлары

С.Қ.Қарасартова, Ж.Қ.Оспан

Техникалық редакторлары

Г.Қ.Қасымова, Е.С.Шөменбаев

Дайын диапозитивтерден басылды

Теруге 01.07.2004 ж. жіберілді.

Басуға 20.12.2004 ж. қол қойылды.

Пішімі А5. Көлемі 9,2 б.т.

Ризографиялық басылыс. Офсеттік қағаз.

Таралымы 500 дана.

